

ҚАЗАҚ ОЙШЫЛДАРЫ ДІН ТУРАЛЫ



Бейсенов Бағдат Қайбылдаұлы



Бейсенов Бағдат Қайбылдаұлы

**ҚАЗАҚ
ОЙШЫЛДАРЫ
ДІН ТУРАЛЫ**



Алматы, 2017

УДК 28
ББК 86.3
Б 37

*Қазақстан Республикасы
Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі
Дін істері комитетінің дінтану
сараптамасының оң қорытындысы берілген*

Пікір жазғандар:

*Философия ғылымдарының докторы, профессор
Байтенова Н.Ж.*

*Философия ғылымдарының докторы, профессор
Бекбосынова Ж.Б.*

*Философия ғылымдарының докторы, профессор
Раев Д.С.*

**Б.Қ Бейсенов - философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби ат.
ҚазҰУ, Дінтану және мәдениеттану кафедрасы.**

Бейсенов Б.Қ.

Б 37 Қазақ ойшылдары дін туралы: оқу құралы / Бейсенов Б.Қ. – Алматы, «Көкжиек» баспасы, 2017. – 192 б.

ISBN 978-601-7495-45-9

Оқу құралында қазақ ойшылдарының дін туралы ой-козқарастары дінтанулық тұрғыда талданады.

Оқу құралы дінтану мамандығының студенттеріне, магистранттарына арналады. «Қазақ ойшылдары дін туралы» атты арнайы курсы оқу барысында пайдалануға және ұлттық ой-сана өкілдерінің рухани мұраларына қызығушылық танытатын барша оқырман қауымға ұсынылады.

УДК 28
ББК 86.3

ISBN 978-601-7495-45-9

© Бейсенов Б.Қ., 2017
© «Көкжиек» баспасы, 2017

Кіріспе

Тәуелсіздік аясында халқымыз өзінің тарихын, мәдениетін, рухани мұрасын жан-жақты және терең тануға қол жеткізді. Зайырлы мемлекетімізде ұлтымыздың сана-сезімін және салт-дәстүрлерін, ұлттық құндылықтарын өркениеттік тұрғыдан зерделеу маңызды. Өйткені халқымыздың тарихында айшықталған құндылықтарды және ұлттық дүниетанымымыздың негіздері мен ерекшеліктерін білу ұлттық жаңғыруымыздың негізі болмақ. Қазақ елінің рухани тұғыры Ислам мен оның құндылықтарының қайта жаңғыруы халықтың өзінің рухани түп-тамырын толық түсінуге деген ұмтылысын ашып көрсетеді. Сондықтан да, қазақ халқының діни-рухани мәдениетін танып білуге ұмтылуы заңды. Ұлттық дүниетаным мен ділдің қалыптасуына ықпал еткен рухани құндылықтарды зерттеу қазіргі қазақ қоғамының рухани түлеуі және діни санамыздың беріктігін нығайту үшін қажет. Осындай зерттеулер қазақ елінің рухани тұғырының бірі ретіндегі Ислам құндылықтарының қоғам өміріндегі орны мен рөлін айқындауға мүмкіндік береді. Ұлт руханияты үшін ұлттық тіл, ұлттық діл және дін рухани тұғыр болып табылады. Осы үш діңгек бір-бірімен ажырамас бірлікте болғанда, ұлт тұтастығы да берік.

Қазақтың бітім-болмысын және рухани жандүниесін айшықтайтын Ислам дінінің құндылықтары мен мәдениетін жан-жақты зерттеу, қазақ қоғамындағы

діни төзімділік пен діни келісім мұраты жына қызмет етпек. Қазақстандағы қазіргі діни жағдайды және дінаралық қатынасты зерттеуде Ислам дінінің қоғамдағы мәдени-діни және рухани негіздерін ғылыми тұрғыдан талдау өзекті.

Еліміздің тәуелсіз ел ретінде әмідік қауымдастыққа енуі, ұлт руханиятының қайнар көзі-тіл, діл, дінді өркендетуге жол ашты. Халқымыздың рухани құндылықтарының бірі Ислам дінінің қайта жаңғыру үдерісі діни сана мен діндарлықтың жаңдануына ықпал етті.

Соңғы уақытта жаһандану үдерісіне байланысты әрбір халық өзінің төлтума мәдениет мен құндылықтарына ереше мән беріп отыр. Сонымен қатар, діни қайта жаңғыру, діни құндылықтар мен дәстүрлерге деген құлшыныс бұл ұлттық руханиятқа деген ынта-жігерді бейнелейді. Еліміздегі діни жаңғыру бұл халқымыздың дәстүрлі Ислам мәдениетіне деген ынтасының өсіп отырғандығын көрсетеді.

Еліміздегі діни қайта өрлеу рухани мәдениеттің имани нәрі мен өмірлік қуатына деген сеніміңи туындап отыр. Қазақ халқының рухани мұрасындағы халық ауыз әдебиеті үлгілерін, әдет-ғұрыптарды, сондай-ақ ұлы ойшылдарымыздың мұраларының діни негіздерін танып білу өзіміздің ділімізге негізделген және тарихымызда таңбаланған рухани ұстанымдар мен құндылықтар өмірдің нақты шындығы нешінде туындаған. Сондықтан да, ұлттық өмір-салтымызды, әдет-ғұрпымызды, салтымызды, дәстүрлі діни мәдениетімізді және мұрамызды жүйелі де толыққанды зерделеу уақыт талабы.

Қазақтың далалық өркениетіне негізделген көшпелілер мәдениеті мен дүниетанымына негізделген дәстүрлі ислами құндылықтарымызды пайымдау рухани мүддеміз бен ізгі мақсатымызды айқындайды. Халқымыздың бірлігі мен ынтымағының негіздерінің бірі – бұл ұлттық құндылықтар және ұлттық философиялық мұрамыз. Қазақ ойшылдарының діни ізденістері мен рухани мұрасын жастарға таныту жолымен біз келешек ұрпақты өзіндік төлтума дәстүріміз бен құндылықтар негізінде білім беріп, тәрбиелей аламыз.

Түркі ойшылдарының мұрасындағы Ислам құндылықтары

Ислам діні мен мәдениетінің қазақ жеріне келуі мен орнығуы рухани өркендеуге жол ашты. Ислам діні мен руханиятын қабылдаған түркі халықтары Ислам мәдениеті мен ғылымына өз үлестерін қосты. Ислам дінін қабылдаған түркі халықтары арабтық ассимиляцияға ұшырамай, төлтума тілі мен әдебиетін өркендетіп, әлемге әйгілі болды. Түркі тілі мен әдебиетінің, түркі философиясы мен руханиятының дамыған кезеңі Ислам діні мен мәдениетінің кең қанат жаюымен етене байланысты. Ежелгі түркілер Ислам діні мен ілімін қабылдағаннан кейін түркі әлемінде өрлеу байқалып, ортағасырлық мұсылмандық ренессанс атауына ие болды.

Тарихы тереңде жатқан халқымыздың ортағасырлық тарихы мен мәдениеті Ислам діні мен мәдениеті негізінде дамыды. Ортағасырлық қазақ жеріндегі Отырар, Кердер, Түркістан, Сауран, Сығанак, Жент, Баласағұн, Сайрам (Исфиджаб), Тараз, Меркі қалалары мәдениет пен ғылым ордалары болды. Ортағасырлық ойшылдар өз шығармаларында Ислам ілімі мен ғылымының мәселелерін көтерді. Ә.Дербісәлінің пікірінше: «Арабтар Ислам туын тіккен тұста көне түркілер мекендеген Тұран жерінде диқаншылықпен, мал өсірумен қатар, алтын, күміс, жез, темір, қорғасын өндірген елдің өзіндік өскелең мәдениеті болған. Түркі

қалаларында тоқымашылық, сауда-саттық пен қолөнері қатар дамыған» (*Дербісали. Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы: «Рауан», 1995. – 238 б.*).

Құран кәрім мазмұны жүйелі және үйлесімді құрылған. Құран адамзатты бір Құдайға табынуға үндеп, ғылым-білім үйренуге, қайырымдылық пен мейірімділікке шақырады. Құран кәрім аяттары мағыналық жағынан имандылық, әдептілік, шариғи үкімдер, ғаламның жаратылуы, қоғам мен адам өміріне қатысты мәселелерді қамтиды. Құран даналығы мұсылмандық мәдениет пен философияның негізгі қайнар көзі ретінде Ислам дінін ұстанатын халықтардың негізгі бағдары болып саналды.

Ислам өркениеті мен мәдениетінің ірі орталықтары болған Тараз, Отырар, Сығанақ, Түркістан, Сайрам қалаларында мешіттер мен медреселердің жанында ірі кітапхана қорлары болды. Бұл кітапханаларда дін ғылымы, философия, әдебиет, жаратылыстану ғылымдарының көрнекті майталмандары қолжазбаларды шығарумен айналысты. Бұл қолжазбалар мен кітаптар Ислам дінінің ілімдік негіздері, дін тарихы, пайғамбарлар өмірі, хадис ілімі және мұсылмандық шарттар, Ислам ахлағы, діни аңыздар мен хикаялар туралы баяндайтын. Бұл жәдігерлер ел арасында қолдан-қолға өтіп, таралып отырған. Мешіттер жанындағы медреселер білім мен ғылым ордасы ретінде қызмет етіп, халықтың рухани сұраныстарын өтеумен қатар, білім мен ғылымның дамуына да үлес қосты.

Орта ғасырда қазақ даласынан шыққан ғұламалар Әл-Фараби мұралары, Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы»), Жүсіп

Баласағұнның «Құтадғу білік» («Құтты білік»), Ахмет Йасауидің «Диуани Хикмет» («Ақыл кітабы»), Мұхаммет Хайдар Дулатидың «Тарих и Рашиди», «Жаһан наме» еңбектері, Ахмед Иүгінекидің «Хибат-ул Хақайк» («Ақиқат сыйы»), Сүлеймен Бақырғанидің «Бақырған кітабы», Хусам ад-Дин Сығанақи – еңбектері Ислам мәдениеті аясында жазылған жәдігерлер. Түркі ойшылдары Ислам мәдениеті мен ғылымының өркендеп өсуіне елеулі ықпалын тигізді. 960 жылы Қарахан елінің мемлекеттік діні Ислам діні болып жарияланды. Қарахандықтар дәуірінде қала мәдениеті дамып, мұсылмандық сәулет өнерінің ескерткіштері Алаша хан кесенесі, Әулие Ата, Айша Бибі кесенелері, мешіттер мен медреселер, кітапханалар Қарахан мемлекетіндегі рухани-мәдени және әлеуметтік-экономикалық дамудың жоғары болғанын дәлелдейді. «Қарахан мемлекетінің рухани-мәдени ұстанымы Ислам діні болды» (Қасымжанов А.Х; Қасымжанова С.А. *Духовное наследие казахского народа*. – Алма-Ата, 1991. – С.54.).

Орта ғасырларда қазақ елі мұсылмандық мәдениеттің аясында дамып, есімдері әлемге белгілі ойшылдар мен ғалымдарды тарих сахнасына шығарды. Араб халифаты аясындағы сан түрлі тілде сөйлейтін және алуан түрлі мәдени ұстанымдағы халықтарды біріктірген Ислам мәдениеті ғылым мен білімнің, мәдениет пен өнердің үлгісіне айналды. Орта ғасырлық мұсылман мәдениеті мен философиясы, ғылымы мен өнері түркі, араб, парсы тілдес сан алуан халықтардың жасаған ортақ еңбегінің нәтижесінде әлем мәдениетінің алтын қорына айналды.

Ислам діни сенімі және Ислам құндылықтарының қазақ даласына енуімен қазақ мәдениеті мен әдебиетіне Құран кәрім қиссалары мен араб әдебиетінің үлгілері де ене бастады. Ортақ рухани құндылықтар негізінде мұсылмандық шығыс мәдениетінің жәдігерлері қазақ мәдениеті мен әдебиетіне ауызша аңыз-дастандар жолымен, яғни, жыраулар мен термешілердің қызметі арқасында, екіншіден, қолжазбалық түрде тарала бастады.

Ислам діні түркі халықтарының тілі мен ұлттық әдет-ғұрыптарының, дүниетанымдық ерекшеліктерінің сақталып, дамуына кедергі келтірмеді. Түркі ойшылдарының шығармашылық ізденістерінің негізгі арқауы – Ислам мәдениеті мен құндылықтары болып табылады, өйткені түркі ойшылдарының өмірі мен шығармашылық қызметі Ислам мәдениеті мен өркениетінің аясында өрбіді.

Ислам дінінің негізгі ұстанымдары рухани құндылықтар жүйесі түркі ойшылдарының дүниетанымында нақтыланып, заманына сай бедерленеді. Түркі ойшылдары өз заманының перзенттері болғандықтан, өздері өмір сүрген қоғамның құндылықтарын шығармаларында айқындап отырды.

Қазақ даласындағы ғылым, мәдениет, руханият орталығының әйгілісі Отырар (Фараб) қаласы болды. «Отырардың еліміздің әдеби, мәдени, ғылыми, діни-руханият, тіпті сауда-экономика саласындағы орны мен рөлі алабөтен еді» (*Дербісәлі Ә. Даланың дана перзенттері // Егемен Қазақстан. – 2005, қаңтар – 26*).

Отырар – ұлттық мәдениеттің, әріден таркатсақ, Ислам өркениетінің рухани, мәдени, ғылыми

орталығы. Отырар қаласынан табылған тарихи, мәдени жәдігерлер Арыс өзенінің Сырдарияға құятын тұсында сауда-саттық дамыған, бай кітапханасы бар, ғылым мен руханият орталығына айналған Отырар өркениеті қалыптасқанын байқаймыз. Отырар қаласының ұлт тарихы мен ұлт мәдениетіндегі орны ерекше. Отырар және оның маңындағы қалалары табылған археологиялық қазба байлықтары – осы алқаптың сол заманның ғылыми-мәдени жетістіктерін игерумен қатар, адамзат өркениеті үшін жетпес үлес қосқан ғылым мен руханияттың түрлі салаларында жемісті еңбек еткен ғалымдар шыққандығының айғағы. Ортағасырлық көне жазбаларда Отырар қаласы туралы деректер кездеседі. VIII ғасырдан бастап ежелгі Қазақ топырағына Ислам діні мен ғылымы, рухани құндылықтары келуімен, далада ғылым мен руханият орталықтары Отырар, Оқсыз, Түркістан, Сығанақ, Сайрам, Тараз, Баласағұн т.б. шаһарлары қазақ жерінің ортағасырлық мұсылмандық мәдениет пен ғылымның дамуына қосқан өзіндік орны болғандығын дәлелдейді.

Отырарлық ойшылдар білім мен ғылым жолындағы ізденістерін орта ғасырдағы ірі ғылым, руханият орталықтары болған Самарқан, Бұқара, Шам, Бағдат қалаларында жалғастырып, Ислам мәдениетінде өшпес із қалдырды. Отырарлық ғалымдар өз еңбектерін ортағасырлық Ислам әлемінің ортақ тілі – араб тілінде жазды. Сондықтан қазақ даласынан шыққан ғалымдар араб тілді мұсылман мәдениеті мен ғылымының өкілдері аталды. Бұл ойшылдардың шығармашылығы мен рухани мұралары бүгінгі күнге дейін зерттеушілерін күтуде. Отырардан шыққан тоғызға жуық Фарабилердің ішіндегі жарық жұлдызы



– Әбу Насыр Мұхаммет ибн Мұхаммет ибн Ұзлағ ибн Тархан әл-Фараби ат-түрки (870-950) – (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы) Отырар қаласының жанындағы Оқсыз (Уасидж) қаласында туып өскен. Бүгінгі таңда Әл-Фарабидің мұрасы жүйелі зерттелін, ана тілімізде жарық көруде. Әл-Фарабидің философиялық, әлеуметтік-этикалық, математикалық, ғылыми жаратылыстану, музыка саласындағы еңбектерін қазақстандық фарабтанушы ғалымдар зерттеуде. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы мұсылмандық философия ғана емес, Еуропадағы ортағасырлық және кейінгі философиялық өй-сананың өрлеуіне зор ықпал етті. Ислам өркениеті аясында араб, парсы, түркі жұртының өкілдері жемісті еңбек етіп, мұсылмандық философия мен мәдениеттің өзық туындыларын дүниеге әкелді. Әл-Фарабидің мұрасы – Ислам өркениеті мен түркі дүниесіне ортақ рухани мұра.

Әл-Фарабидің туған жері – Отырар өркениеті ежелгі сақ – үйсін дәуірінен бастап әлеуметтік және мәдени дамудың аймағы болған. Отырар қаласы және оның аймақтары қалалық және көшпелі өркениеттердің өзара тоғысқан жері болды. Себебі, Ислам діні қалалық мәдениеттің өркендеуіне жол ашты. Мәдениет сөзінің түп төркіні қалалық деген мағынаны береді.

Ислам діні түрлі халықтарды бір мәдениет аясына біріктірді. Ислам діні – аймақтарда араб тілі, дін, мәдениет және ғылым тілі ретінде орнықты. Қалалар мен елді мекендерде мешіттер мен медреселер салынып, қол жазба әдебиеті орнығып, поэзия мен ғылым, музыка, қолөнер, қолданбалы, Ислам ғылымы қанат жайды. Шығыс пен батыс арасындағы мәдени-

экономикалық қарым-қатынастың дамуына Жібек жолы елеулі рөл атқарды.

Отырар қаласы мен өркениеті орта ғасырларда мұсылмандық Шығыс елдерімен мәдени, ғылыми, экономикалық байланыс жасаған белгілі рухани орталық болды. Отырар өлкесінен ғылымның түрлі саласында есімдері әлемге мәшһүр ғалымдар легі шығып жатты. Атап айтсақ, Аббас әл-Жауһари, Исмайл әл-Жауһари, Исқак әл-Фараби, Имад ад-Дин әл-Фараби, Әлам ад-Дин әл-Жауһари, Бадр ад-Дин әл-Фараби және т.б. ойшылдар Ислам ғылымы мен мәдениетінің қазақ жерінде қалыптасуына және өркендеуіне зор үлес қосты.

Мұсылман түсінігі бойынша, Ислам – бүкіл адамзатқа және барлық заманға жіберілген дін. Ислам сенім мен ғибадат, ахлақ, өмір салтынан және жалпыадамзаттық құндылықтардан құралған. Ислам дінінің негізгі тірегі – бір Жаратушыға құлшылық ету. Ислам адамзаттың қоғамдық өмірінің барлық жақтарын қамтитын жүйе. Ислам құндылықтары адамзатты рухани жетілуге, әділеттілікке, тазалыққа, адалдыққа, достыққа, ынтымақтастыққа, бостандыққа, қарапайымдылыққа, ғылымға, өзара құрметке, жауапкершілікке және отансүйгіштікке шақырады.

Ислам дінінің орнығып таралуымен Ислам ғылымы мен Ислам мәдениеті, Ислам философиясы, Ислам өркениеті және т.б. ұғымдар қалыптасып, адамзат өркениетінде өз орнын алды.

Мұсылмандық философияның қалыптасуына ежелгі грек және римдік дәуірдің философиялық мұрасы ықпал-әсерін тигізді. Мұсылман философиясының көрнекті өкілдері антикалық философияның інжу-

маржандарын орта ғасырлық кезеңдегі ғылым мен әдебиет тілі араб тіліне аударды, бұл еңбектерге түсіндірмелер жазды. Мұсылман философтарының әлемдік философиялық ой тарихындағы өшпес тарихи міндеті антикалық философияның алтын қазынасын әлемге танытуы болып табылады. Мұсылман философтары мен ғалымдары мұсылмандық шығыс философиясы мен христиандық батыс философиясының сұхбаттастық мәдениетін қалыптастыруда зор рөл атқарды.

Орта ғасырлық мұсылман философтары мен ойшылдарының дүниетанымдық көзқарастары мен шығармашылық ізденістеріне Ислам діні мен ілімдік қағидалары ықпал етті. Мұсылман философиясының көрнекті өкілі, екінші ұстаз атанған Отырарлық әл-Фарабидің философиялық ойлау мәдениеті және шығармашылық мұрасы да Ислам ілімі мен ғылымдары негізінде қалыптасқан. Әл-Фараби бастаған қазақ даласынан шыққан мұсылман философтары, ғалымдары, ойшылдары мұсылман әлеміне белгілі медреселерде білім алып, әлемге мәшһүр Отырар кітапханасындағы ғылым мен ілім негіздерін оқып, ғылыми ізденістерін кеңейтті.

Мұсылман философтары мен ғалымдары Құран кәрім негізінде Жаратушының жаратқан дүниесінің заңдары мен құбылыстарын зерттеді.

«Мұсылман мәдениеті Қазақстанда мәдениеттің дамуына қуатты түрткі болды. Түркістанның, түркі елінің тумалары, әлемдік өркениет жетістіктерімен танысып, әлемдік философияны, мәдениетті зерттеп білім-ғылым жетістіктерінен нәр алады. Сол заманда араб тілі халықаралық тіл ретінде қабылданып,

мұсылман ғалымдары араб тілінде жазды. Осыған жарқын мысал жерлесіміз әл-Фараби ат-Түрки. Ол халифаттың орталығы Бағдатта араб тілін үйреніп, медицина мен логиканы, ежелгі грек философиясы мен музыкалық тілдер және математиканы зерттеп, оқып білді. Ойшылдың сол дәуірдегі интеллектуалдық ортаға тигізген ықпалы ерекше болғандықтан, әл-Фараби «Екінші ұстаз» (*Аристотельден кейін*) атанған», – деп көрсетеді профессор М.С. Орынбеков (*Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 240 с.*).

Орта ғасырлық мұсылман философтары Ислам дінін білім мен ақыл-парасат негізінде, ғылыми тұрғыда түсініп, пайымдаған. Мұсылман ойшылдары мен ғалымдары ислами дүниетаным негізінде ғылыми ізденістер жүргізді. Ислам – мұсылмандық философияның мәйегі. Араб тілінде берілген қасиетті Құран кәрім Ислам әлемі ойшылдары мен ғалымдарының шығармашылық және дүниетанымдық көзқарастарының түпкі қайнар бастауы болды.

Исламның монотеизмі мен гуманизмі, өміршең идеясы әлемдік мәдениеттің өркендеуіне зор ықпал етті.

Мұсылман философтары Аллаһтың бірлігі мен барлығына, жалғыздығына шек келтірмеген. Орта ғасырлық араб тілді философияның сол дәуірдің және кейінгі замандардағы рухани және материалдық мәдениеттің, әсіресе, ислами ой-сананың дамуында өзіндік орны бар.

Ислам діні таралған араб халифатының аймақтарында Отырар, Бағдат, Димашк қалалары ғылым мен мәдениеттің орталықтары болды.

Отырарлық Әбу Насыр әл-Фараби діннің өмір мәнділік мағынасы туралы былайша сөз қозғайды. «Дін дегеніміз – Жаратушының қалауынан туған пиғыл мен қимыл. Діннің жәрдемімен барлығымыз өзіміздің түпкілікті мақсатымызға жетеміз» (*аль-Фараби. Естественные-научные трактаты. – Алматы: Наука, 1997. – 470 с.*)

Отырарлық ойшылдың дүниетанымы Исламдағы таухид концепциясын көрсетеді. «Ол – бір, жалғыз... мәні жағынан бөлінбейді», - деп, Аллаһтың бірлігі мен жалғыздығы туралы пайымдайды (*аль-Фараби. Естественные-научные трактаты. – Алматы: Наука, 1997. – 47 с.*)

Ол әлем мен адамзаттың бірлігін, сенім мен амалдың бірлігін, дәйектігін негіздейді. Ислам дінінде Аллаһ бір, оның серігі, теңі және ұқсасы жоқ. Барлық іс тек Соның қалауымен болады. Аллаһтың мәніне ақыл жетпейді.

Жаратушы бүкіл ғалам мен адамды бірлікте жаратқан. Жаратылған жер мен көктерінде еш кемшілік жоқ. Жаратушы еш нәрсеге мұқтаж емес.

Әл-Фараби алғашқы себеп туралы «Бастапқы мән – бұл адам еркі және таңдауынан тәуелсіз пайда болатын болмыс», – деп, Жаратушының алғашқы себеп екендігін ешкімге және ешнәрсеге мұқтаж емес екендігін көрсетеді (*аль-Фараби. Философские трактаты. – Алматы, 1972. - 355 с.*)

Құранда: «Әй, адам баласы! Сендер Аллаһқа мұқтажсыңдар. Аллаһ еш нәрсеге мұқтаж емес, өте мақтаулы» (*Фатыр, 15*).

Ойшыл Жаратушының болмысын барлық жаратылыстың болмысы арқылы дәлелдейді.

Аллаһ – дәлелді керек етпейтін бастапқы себепші. Жаратушы бүкіл тілектерден жоғары. Жаратушы барлық нәрсеге ие. «Сондай – ақ әр нәрсені жаратып, оның өлшеуін белгіледі» (Бұрхан, 252).

Отырарлық ұстаз жаратушының бірлігіне шек келтірмейді. Аллаһ болмыс пен алуан түрлі әлемнің алғашқы себебі.

Ислам ілімі бойынша, Жаратушының сипаттары еш нәрсені жаратпастан бұрын бар болған. Жаратушының сипаттары мәңгі бақи. Жаратушыға зати (Аллаһқа тән сипаттар) және субути (Аллаһтың ісіне қатысты сипаттар) сипаттар тән. Мұсылман ілімінде Жаратушыға иман еткен адам Жаратушының затына тән кәміл сипаттарына сеніп, оның пәктігін мойындау керек. Адам баласы Аллаһты тек көркем есімдері мен сипаттары тұрғысынан танып біледі. Діни қағидада адамның шектеулі ақылы – шексіз, құдіретті Аллаһты тани алмайды. Құранда Аллаһтың әу бастан бар екендігі, яғни, Оның бастауы жоқ екендігі туралы айтылады. «Ол Аллаһ әуелгі әрі соңғы, Ол ашық (дәлелдермен білінеді), әрі ақыл жетпес құпия» (Хадид, 3).

Әл-Фараби діни «Діни ілім» еңбегінде былай дейді: «Ол – бірінші нәрсе, яғни, Ол – дүниенің бастауы» (Әл-Фараби. *Таңдамалары трактаттары*. – Алматы: «Арыс», 2009. – 656 б.).

Мұсылмандық Шығыс ойшылдарының философиялық және саяси-әлеуметтік ойы, тәлім-тәрбиелік, дүниетанымдық бағдарларының бір бастауы Құран кәрім мен хадис-шәріһтерде жатыр. Жаратушы мен адамның арақатынасын, Жаратушының болмысы мен сипаттары, адамның өмірі мен тағдыры, дін мен философия, сенім мен білім арақатынасы,

мемлекеттік құрылым мен билік мәселелерін, көркем мінезділік пен әдеп мәселесін философиялық және діни-философиялық әрі теологиялық тұрғыдан зерттеу мұсылман философтардың шығармашылықтарына ортақ.

Орта ғасырлық мұсылман философтары Ислам философиясының негіздері мен ұстанымдарын өркениеттік тұрғыдан жүйелеп берді. Әбу Насыр әл-Фараби философия, логика, музыка, дін, саясат жайлы құнды еңбектер жазған. Отырарлық ғұлама ұстаз Мешһед, Исфахан, Бағдат, Шам, Каир сынды сол уақытта Ислам ғылымы мен мәдениетінің орталықтары болып саналатын қалаларда болып білімін жетілдірді.

Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық жүйесінде дін мен оның құндылықтары өзіндік орын алады. Әл-Фараби дүниетанымында дін ойлаудың нақты әдісі және қоғамдық өмірдің ажырамас бөлшегі және адамдардың ахлақтық, құқықтық қарым-қатынасын реттеуші жүйе ретінде қарастырылады.

Әл-Фарабидің пайымдауынша, «дін – бәрі үшін алғашқы басшы алдын-ала айқындалған көзқарас және іс-қимыл» (*аль-Фараби Книг букв. – Алматы, 2005. - 15 с.*). Отырарлық ойшылдардың пайымдауынша, дін адамзат үшін басшылыққа алатын дүниекезқарас және іс-әрекет жүйесі. Фараби діни құндылықтарда адамның рухани дүниесі мен әдептерін қалыптастыратын күш-қуат көзі бар екендігін және дін бақыт пен игілікке жетудің бір құралы болатындығын атап көрсетеді. Құранда: «Аллаһтың саған сыйлаған нәрселері арқылы ақырет жұртына құмарт. Сондай-ақ, дүниеден алар үлесіңді де ұмытпа. Аллаһ саған жақсылық қылғандай, сен де жақсылық қыл және жер бетінде бұзықтық

тілеме. Өйткені, Аллаһ бұзақыларды жақсы көрмейді» – делінген (*Әл-Қасас, 77*).

Әл-Фараби діннің негізінде ізгі мазмұн мен ибалы мән айшықталғандығы және дін мен бақыттың үйлесімділігі, бұл ізгі дін болатындығын болжайды.

Дін адамзат үшін ізгілік пен игіліктің, түсіністіктің жолын іздеуі тиіс. Дін мен адамзат қоғамын ажырамас бірлікте қарастырған ойшыл, ізгі іс пен философияның мазмұны үйлесімді үндестікте болатындығын айтады. Дін мен философияның айырмашылығы олардың пайда болуының уақыттық негізінде жатыр. Бұл мәселе ойшылдың шығармашылығында негізделеді.

Әл-Фараби ізгі дінді дүниенің шығуы мен қаланың барлық тұрғындары үшін «түпкі бақыт ұғымын», өмір салтын философиялық тұрғыдан түсіндіру мақсатына сәйкестендіреді.

Әл-Фараби діннің негізінен ізгілік, қайырымдылық, жомарттық, игілік көздерін іздеп, дін адамзаттың бақыты мен игілігінің негізі екендігін атап көрсетеді. Адамзат үшін игілік пен мейірімділік мұраттарын насихаттаушы ізгілік дінін адамзатқа жеткізуші Аллаһтан аян алған ізгі пайғамбар. Дін қайырымды қала тұрғындарының ахлағын және рухани әлемін қалыптастыру мен тәрбиелеуде елеулі орын алады.

Диалектика мен уағыз діни көзқарастар мен көркем мінезділікті жетілдіру үшін зор игілік болып табылады. Ізгі дін – адамзат қоғамының рухани кемелденуінің көзі. Ойшылдың дүниетанымында исламның таухид концепциясы нақты айқындалған. Ойшылдың дүниетанымдық ізденісінде исламның гуманистік құндылықтары айшықталған. Әл-Фарабидің дүниетанымын және мұрасын толыққанды, жүйелі түрде



дұрыс түсіну үшін, әл өмір сүрген уақыттағы тарихи-мәдени жағдайды және Ислам ғылымдарын зерттеу керек.

Әл-Фарабидің дінге қатысты көзқарастары мен дүниетанымдық ұстанымдарын өркениеттік тұрғыдан зерттеу ойшыл ұстиздың рухани ой әлемін түсінуге жетелейді.

IX-XII ғасырларда түркі ой әлеміндегі белгілі ойшыл Жүсіп Баласаұн «Құтты білік» еңбегін түркі дәуірінің өркендеген кезеңі Қарахандар дәуірінде жазды. «Құтты білік» туралы А. Кононов былай дейді: «Өзінің насихаттық уағыздық мәтелдерінде Жүсіп ойдан шығарылмаған, нақты өмірден алынған өмірдің жарқын шынайы бейнелерін берді» (*Кононов А.Н. Слово о Юсупе из Баласагуна и его поэме «Кутадгу билик» // Советская тюркология. – 1970. – №4 – С. 3-12.*)

Бұл шығармада түрлі қоғамдық топқа жататын адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті адамгершілік, әдептілік мәселелері көтеріледі.

Жүсіп Баласағұнның білімді адамдар өмір сүретін мінсіз қоғам нормалары жайлы, әлеуметтік мәртебесі әрқилы қоғам мүшелерінің мінез-құлық ережесі, сондай-ақ басқарушы және бағынушылар арасындағы ара қатынас қағидалары «Құтты білікте» баяндалады. Бұл еңбегінде ойшыл бақытты, рақатты, салауатты өмір сүруі үшін және қоғамның ахлақтық негізі үшін әдептік ұстанымдарды белгілейді.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінің» дүниетанымдық және құндылықтық бағдары Ислам діні мен ахлағына негізделген. Ахлақ – бұл исламдағы моралдық, адамгершілік, тәлім-тәрбиелік, өнеге-үлгілік ұстаным, яғни, көркем мінезділік. Ахлақ – мұсылманның

өмірлік ұстанымы мен бітім-болмысын, яғни, адамның сыртқы кескін-келбетін және ішкі мәдениетін, рухани жан дүниесін білдіретін ұғым болып табылады. Ахлак – мұсылманның отбасындағы және қоғамдық өмірдегі қарым-қатынасын айқындайтын ұғым. Исламдағы көркем мінезділік мұсылманның діни құндылықтарды ұстануымен айқындалады. Шынайы мұсылмандық Ислам ахлағы мен құндылығын ұстана отырып, әрекет жасайтын адам. Ислам дінінің ахлақтық және құндылық негіздерінің қайнар козі – Құран мен Сүннет. Пайғамбарымыз өз хадисінде: «Иман тұрғысынан ең жетілген мұсылман – өнегесі жақсы мұсылман» деген. Исламның ахлақтық құндылықтарын: діндарлық, тақуалық, имандылық, сабырлылық, рақымшылдық, ақыл-парасаттылық, әділеттілік, бостандық, ғылым-білім, достық, бауырмалдық, адалдық, аманат, ар-ұят, қарапайымдылық, тазалық, өзара құрмет, іс-қимыл т.с.с. құндылықтарын түркі ойшылдары өз еңбектерінде қарапайым халыққа түсінікті тілде жеткізе білді.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі» – Ислам ахлағы мен діни құндылықтарын насихаттайтын шығарма. «Шығармада көтерілген түрлі қоғамдық топтарға жататын әртүрлі адамдар арасындағы қоғамдық мінез-құлық ережелері, билеуші мен бағынушы арасындағы қатынас қағидалары қоғамның әлеуметтік орнын айқындауда белгілі рөл атқарды. Өйткені, жүйелі түзілген қатынастардың қажеттілігін ашты» (Орынбеков М.С. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы философиялық ойлар // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары: 20 томдық. – Астана: Аударма, 2005. - 5-т. - Б. 365.).

«Құтты біліктің» төрт кейіпкері ислами әдеп пен ахлақтық нормаларды сақтай отырып сұхбаттасады. Күнтуды – әмірші, Айтолды – уәзір, Өгдүлміш – уәзірдің баласы, Оғдүрміш – уәзірдің ағасы, бұл төрт кейіпкер Әділетті, Бақытты, Ақыл мен Қанағатты бейнелейді. Шығарма кейіпкерлерінің қарым-қатынасы мен дүниетанымдық ұстанымы өзара ой бөлісіп, сұхбаттасуы арқылы шығарма авторы философиялық және құндылықтық мәселелерді көтереді. Шығармада дін құндылығы былайша айқындалады:

Құдіретті бір хақ азық баршадан,

Мадақ, мақтау, құрмет лайық бір соған! *(Баласағұн Ж. Құтты білік / Аударған А. Егеубаев. – Астана, 2003. - 128 б.)*

Ойшыл өз шығармасында тек бір Жаратушыға табыну қажеттігіне басты назар аударады. Әлемдегі барлық мадақ пен мақтау тек Жаратушыға арналғандығын ескертеді. Құран кәрімде: «Жын мен адамзатты Өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым» – дейді. (Зәрия, 56). Пайғамбарымыз былай деген: «Сұрасан, Аллаһтан сұра, жәрдем тілесен, Аллаһтан жәрдем тіле!». Ислам дінінің негізі адамдарды бір Жаратушыға құлшылық етуге шақыру болғандықтан, адамдар тақуалық пен діндарлықты дұрыс ұстауы қажет. Діннің негізгі құндылығы – құлшылықты, мадақ пен мақтауды, жалбарыну мен табынуды тек Аллаһқа арнау. Дұғаны тек Жаратушыны мадақтап және Пайғамбарымызға салауат айтып бастау Ислам дініндегі дұға жасау әдебіне кіреді. «Дұға пендені өзінің Жаратушы Раббысына жақындастырып, байланыстыратын және Аллаһқа аса мұқтаждығы мен Оның алдында өзінің дәрменсіздігін танытатын құлшылықтың түрі болып есептеледі»

(Құран және әдеп. Бәрі де Аллаһтың атымен басталады. Ислам әдептері. – Алматы, 2005. – 96 б.).

Дұғасымен кісі ізгілік көреді,

Дұғасымен жұмаққа да енеді. (Баласағұн Ж. Құтты білік / Аударған А. Егеубаев. – Астана, 2003. - 108 б.).

«Құтты білік» шығармасында биліктің тек адамгершілік және имандылықпен санасқанда ғана абыройлы болатынын дәлелдеген және соған апаратын жол көрсетілген.

Түркі ойшылының мұсылман мәдениеті мен ілімі аясында қалыптасқан шығармаларында Ислам дінінің құндылықтары мен кәусарлы әдебі паш етіледі. Дұға құлшылықтың бір түрі ретінде, адам мен Аллаһтың арасын байланыстырады. Мұсылман қуанышта да, қайғыда да, жақсылық пен жамандықта да Аллаһқа сүйеніп жалбарынады және Аллаһтан ғана сұрайды. Дұға жасау мұсылманның өзіне, туған-туысқандарына Жаратушының рақымшылық жасауын, көмек беруін, екі дүниенің бақытына жеткізуін және дін жолында адаспауы үшін дұға-тілек жасауы болып табылады. Қазақы дәстүрде бата жасау рәсімі ұлттық мәдениетіміздің және ата-бабаларымыз ұстанған негізгі рухани құндылық екендігі белгілі. «Батаменен ел көгерер» деген даналық пен рухани ұстаным халқымыздың ізгі ниетін айқындайды. Құран кәрімде: «Раббыларына жалбарына отырып, жасырын дұға қылыңдар. Шындығында ол шектен шығушыларды жақсы көрмейді» (Ағраф, 55). Дұға жасауда ширк (серік қосу) келтіруден сақтана отырып, шектен шықпауға ерекше мән беріледі. Дұғаның рухы мұсылманның имани әдебі мен рухани жан-дүниесіне шипа екендігі ойшылдың ізденісінде көрініс тапқан. Хадисте: «Үш

дұғаға күмәнсіз жауап беріледі: зұлымдыққа ұшыраған жанның дұғасына, жолаушының дұғасына, ата-ананың баласына жасаған дұғасына».

Дұға оқып, «Сақта» деп хан жалынды,

Қолын жайып, Жаратқанға табынды ...

Кем-кетікке мал таратты, сүйер деп,

Үміттеніп, шарапаты тиер деп – *(Баласағұн Ж. Құтты білік / Аударған А. Егеубаев. – Астана, 2003. - 145 б.)*.

Бұл – Құдайға құлшылық етудің шынайы жүректен шығып, кіршіксіз амалмен іске асатындығы туралы ойшылдың шынайы сенімінен туындаған ой. Жаратушыға деген сүйіспеншілік пенденің ниеті мен амал-әрекетінен туатындығы айдан анық. Ниет тазалығы және амалдың айқындылығы құлшылықтың мәні мен мағынасын байытып, мұсылманның иманын күшейтеді. Ниет – адам пейіліндегі мақсат. Құлшылық атаулының қабыл етілуі ниетке байланысты. Дін құлшылық пен ғибадатты қажет етеді. Ислам діні мен мәдениетіндегі құлшылықтың негізгі ұстыны – Таухид. Жаратушыға құлшылық ету – мұсылманның бүкіл іс-әрекетін, әдіс-амалдарын тұтас қамтып, пенденің Жаратушының бірлігі мен барлығын, Оның рақымы мен әділдігін, ақыл-парасатымен, жан жүрегімен, әдебімен мойынсұнуы. Құранда: «Ей, Мұхаммед! Мен өз Раббыма жалбарынып, тілеп дұға қыламын және Оған серік қоспаймын де» (Жын, 20). Адамның ниетімен, жүрегімен сиынуы Жаратушының бергеніне разы болуы азап-қайғысына сабырлы болуы, ауыртпалыққа шыдауы, Аллаһтың рақымына үміт етуі, Аллаһты ұлықтау шынайы құлшылыққа жатады. Құлшылық етудің мәні – Оған шын ықыласпен,

шын сүйіспеншілікпен, аса кішілік ибамен берілу, яғни, құлшылық жасау әдебінде Жаратушы көрін тұрғандай шын беріліп сиыну болып табылады. Таухид іс-амалды, құлшылықты тек бір ғана Жаратушыға ғана бағыштау. Таухид – иманның және құлшылықтың інжу-маржаны.

Бек кісіге – керек ұят, ақыл, ар,
 Зұлмат күш жоқ, ақыл – арды жапырар.
 Ұяты бар адамдар пәк, момын да,
 Ұятты іске тигізбейді қолын да.
 Кімге тәңір берсе ұят, намысты,
 Оған қоса бергені құт, даңқты! *(Баласағұн Ж. Құтты білік / Аударған А. Егеубаев. – Астана, 2003. - 54 б.).*

Баласағұн шығармашылығына тән ерекшелік адам болмысының мәні және адамның әдебін ашатын ұғым ретінде ар-ұят алынады. Адамның адамгершілігін, оның тұлғасын ардақтайтын және көкке көтеретін – ар мен ұят. Адам бойындағы ар-ұят сезімі оның ибалылығын, қайырымдылығын, бақытын, әділетті ұстанымын, парасат-пайымын қанағатшыл құлқын асқақтатады. «Баласағұн шығармашылығына тән бір ерекшелік – ақиқатты адамның қайырымдылық мұратынан іздеуі. Бірақ қайырымдылықтың өз төркіні болса керек қой, адам ар-ұяты арқылы өзінің кім екендігін танытады» *(Орынбеков М.С. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы философиялық ойлар // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары: 20 томдық. – Астана: Аударма, 2005. - 5-т. - 374 б.).*

Ар-ұят – бұл адамның көркем мінезділігінің, тәрбиелілігінің белгісі. Ар-ұят дегеніміз, адам

бойындағы кісілік пен кішіліктің, арлылық пен сыпайылықтың негізі. Жаратушыдан қорыққан адам жамандыққа, арсыздыққа, рухсыздыққа, намыссыздыққа, көргенсіздікке алып баратын іс-әрекеттен сақтанып, тартынып жүреді. Қазақ халқының «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деуі бекер емес. Тағы бірде дана халқымыздың «Жаным арымның, малым жанымның садақасы» деген өмір мәндік ұстанымы мен рухани құндылық тұғырының тамыры тереңде жатыр. Хадисте: «Ұят – иманнан» делінген. Қазақы ділдің, рухтың әдеп пен ибаның, сыпайлық пен сыйластықтың қайнар көзі Ислам ілімі мен мәдениетінен бастау алып, ұрпақтан-ұрпаққа берілген. Қазақы мінез, қазақы діл, қазақы дүниетаным, қазақы өмірлік ұстанымның тұғыры Ислам мәдениеті мен әдебінде жатыр деген ойдамыз. Қазақ болмысын және оның рухани әлемін, мінез-құлқын зерттеуде Ислам құндылықтарын назарда ұстауымыз қажет. Ж. Молдабеков былай дейді: «Қазақтануға деген талпыныс дербестікті дәріптеуден, жарастықты дәріптеуден, ұлтжандылықты ұлықтаудан, қазақи адамгершілікті ардақтаудан туындайды» (*Молдабеков Ж. Қазақтану және жаңару философиясы. - Алматы: Қазақ университеті, 2009. - 282 б.*)

Әрбір адамның өзі жасаған кемшіліктері мен күнәлары үшін өзінің ары алдында және қоршаған ортасынан ұялмаса, онда адам баласын күнәлі істерден тыю мүмкін болмас еді. Әдепті адам адамдармен ізгі қарым-қатынаста болып, өзінің адами абыройын асқақтатады. Арлы адам келеңсіз іс-әрекет пен жағымсыз мінездерден алыс жүріп, ұнамсыз іс-әрекет жасап қойса өкініп, болашақ іс-әрекетінде ұнамсыз іс-әрекет жасаудан сақтанып жүреді. Парасатты адамға

білместіктен жасаған қателіктері үшін ұялу тән. Ал арсыз адам қатесі мен күнәсі үшін еш қысылмайды. Арлы адам болса ар-ұжданын өмірлік ұстаным ретінде, азаматтық мұрат ретінде қастерлейді.

Ислам ілімі бойынша ар мен ұят адам болмысын ұнамсыз және дертті мінез-құлықтардан сақтайтын қорған. Ислам мәдениетінде адам баласы өзі жасауға мәжбүрлі болған күнәлі істерін адамдарға айтып жария етуі дұрыс емес, адамның жасаған күнәсінің сыры Аллаһ пен адам арасында сақталады. Сондықтан да күнәлі істің адамның өзінде ғана сақталуы бұл ұнамсыз мінез-қылықтардың басқалар үшін үлгі болмауы үшін қажет. Хадисте «Ұят деген нәрсе, харамнан сақтану, жүрекке ие бола алмаса да, тілге ие болу, абырой қорғау иманнан» – делінген. Адам баласында ұят сезімі болмаса, ол арсыз, намыссыз болады. Адамзат баласы үшін ұят сезімі басты қасиет болып табылады. Ислам ахлағында ұялудың екі түрі айқындалған, Жаратушыдан ұялу, өзі сынды пенделерден ұялу.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі» – ислами ахлақтық мәселелерді көтерген құнды туынды. Жүсіп Баласағұн түсінігінде парасатты, әдепті адамдарға тән жоғарғы қасиеттер – әділеттілік, сабырлылық, мейірімділік және турашылдық. Ойшыл адам бойындағы имани құндылықтардың тереңдігінің сыры халықтың құндылықтық ұстанымдарын қадір тұтуынан, ата-бабаның рухани дәстүрін құрметтеп, өмірлік мұрат ретінде қабыл алуынан адамның тектілігі қалыптасатындығын айтады. Қоғамдағы адамдардың теңдігі айқын, алайда адамдардың алған тәрбиесі мен әдебі әрқилы. Баласағұн шығармасында білім мен ғылымның мәніне зор көңіл аударылады.

Білік – түпсіз, шетсіз-шексіз бір теңіз,
Қанша сімір саркылмайды, білсеңіз!
Біліммен ер басын алып жүреді,
Ал, білімсіз басын оққа тігеді.
Білім алып, биіктей бер адам бол,
Ел ішінде мал атанған надан мол (*Баласағұн Ж. Құтты білік / Аударған А. Егеубаев. – Астана, 2003. - 115-116 б.*).

«Құтты білікте» білім өмір мәні және қоғамын мәдени, рухани деңгейінің өлшемі ретінде көрсетіледі. Ойшылдың пікірінше, білім мен парасат адам мен қоғам өмірінде кездесетін зұлымдықтардың алын алу үшін қажет. Білім – адамның өз болмысын танып білуге, иманын жетілдіруге, өмірдегі өз орнын табуға және қайырымды болуға жол ашатын жарқын жол. «Ғұлама зұлымдықты білімсіздіктің белгісі, ызаны адамның бұл өмірден жақсылық күтпей, қарама-қарсы топтар мен таптарға бөлінген күрсс майданындағы қорғаныс құралы деп білді. Қайырымдылық мәңгі, ал зұлымдық уақытша, өйткені, ол бір сәт парасаттылықтың болмауынан пайда болады» (*Орынбеков М.С. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы философиялық ойлар // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары: 20 томдық. – Астана: Аударма, 2005. - 5-т. - 382 б.*).

Құран кәрімде ілім-білім деген сөздер сегіз жүзден аса кездеседі, Құран кәрімнің алғашқы түскен аяты «Оқы» деп басталады. Алғашқы түскен бес аятта Құранның даналығын оқып білу, ұғыну және жаратылған дүниенің құпия сырын ашып білу керектігі көрсетіледі. Құранда: «Аллаһ сендердің араларындағы иман келтіргендер мен білімділердің дәрежелерін

көтереді» деп көрсетіледі (*Әл-Мужәдәлә, 11*). Ғылыммен айналысу, білім алу Ислам дінінде сауабы жағынан нәпіл (парыз амалына жатпайтын қосымша іс-әрекеттер мен міндеттер) амалдардан да жоғары тұрады. Дана халқымыз «Ғалымның хаты, жақсының аты өлмейді» деп білім мен ғылымды жоғары бағалаған. Ислам діні мен өркениеті мұсылманның ғылым-білімге ұмтылуын парыз және құндылық ретінде қарастырады.

Орта ғасырлық мұсылмандық ренессанс құбылысы Ислам дүниесінің адамзат мәдениетіне, ғылымы мен біліміне қосқан зор үлесі болып табылады. Орта ғасырдағы мұсылман өркениетінің философия, медицина, астрономия және т.б. ғылым салаларында жеткен жетістіктері адамзат үшін үлгі-өнеге болды. Ал қазіргі кезде Ислам әлемі елдерінің дамыған Батыс еуропалық елдерден техника және жаңа технологиялар жасау тұрғысынан артта қалуы қынжылатын жағдай. Ислам әлемі мен Батыстың арасындағы қоғам мен адам дамуының көрсеткіштері арасындағы айырмашылық Ислам елдерінің ғылым-білімге жеткілікті көңіл аудармауынан туындап отыр. Ислам әлемі елдері бұрынғы жеткен жетістіктерін мақтаныш тұтумен шектеліп, заманауи ғылыми жетістіктерге қол жеткізуде жаңалықтар ашуда дамыған елдерден кенже қалып отырғаны рас. Ғылым мен білім «Құтты білікте» адамзат үшін өте қажетті құндылық ретінде дәріптеледі. Сондықтан да ойшыл қоғамда білім мен ғылымды дамыту арқылы адамды тәрбиелеуге шақырады. Ойшыл үшін білім өмірлік мұрат, сәулелі шамшырақ. Білім нұрын қоғамдағы барлық топтарға түсіру және қоғам мен адамның жетіліп, кемелденуіне кедергі келтіретін зиянды дерттерді білім игеру ақылы жеңу

ойшылдың арман-аңсары. Білім мен парасат алдындағы кедергілерді жеңу қоғам мен басшы алдындағы негізгі міндет деп көрсетеді.

Орта ғасырдағы қазақ руханиятында көрнекті тұлға Махмұт Қашқари исламдық өрлеу дәуірінде өмір сүріп, шығармашылық қызметімен әйгілі болды. Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегі тіл мәдениеті және тәлімдік ғибратты сөздерімен бағалы. Ойшылдың еңбегінде діни ұғымдар мен ислами әдеп-түсініктері айқын көрініс береді. Философ ғалым Қ. Әлжан: «Күрделі шиеленісте М. Қашқари шығармашылығына өз ықпалдарын тигізген әртекті дәстүрлер мен ағым бастауларының ішінде сырт көзге бірден түсетіні – ол, әрине, Ислам» (Әлжан Қ. Махмұт Қашқари: Дүниетаным айшықтары // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары: 20 томдық. – Астана: Аударма, 2005. - 5-т. - 528 б.).

Махмұт Қашқаридың еңбегінде Ислам құндылықтары мен тәлімдері, әдептік ұстанымдары айқын көрінеді. Исламның жалпыадамзаттық құндылықтары ойшыл дүниетанымының негізі ретінде көрінеді. Қашқаридің мұрасындағы ислами құндылықтар қоғам мен адам арақатынасындағы және тәлім-тәрбиеге қатысты айқындалады. Сондықтан да Қашқари шығармаларында Ислам ілімі мен құндылықтары маңызды орын алады.

Исламның сенімдік және діни құндылықтар жүйесі түркі ойшылдарының шығармаларының негізгі арқауы болды. Қазақ топырағындағы исламның рухани бағыт-бағдары және құндылықтары бұл дәуірдің рухани-мәдени және имани негіздері түркі ойшылдарының

мұраларында айқындалды. Сондықтан да қазақ елінің орта ғасырлық рухани-мәдени өмірінде түркі ойшылдарының даналық ұстанымының негізгі арқауы Ислам құндылықтары болды. Әбу Насыр әл-Фараби, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Йасауи, Жүсіп Баласағұн және т.б. өз шығармаларында мұсылмандық өмір салтын, әдептік негіздерін, құндылықтық бағдарларын түркілердің өз тілінде насихаттады.

Махмұт Қашқари – түркі тілдес халықтарға ортақ данышпан ғалым. Махмұт Қашқари – шығармашылық мұрасымен мұсылман шығысының рухани және мәдени дамуына елеулі үлес қосқан тұлға. Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы») еңбегінде тіл мәдениетімен қатар, исламның рухани-имани құндылықтары айшықталады. Ойшылдың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегі – ежелгі түркі халқының ұлттық сана-сезімімен қатар, олардың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, өмірлік құндылықтарын, ділдік ерекшеліктерін көрсететін құнды мұра. М. Қашқари өз шығармасында түркі халықтарының дүниетанымдық көзқарастарын, ахлағын және діни құндылықтарын ашып көрсетеді. Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегін дінтанулық тұрғыдан зерттеу бүгінгі ұрпақ үшін рухани түп тамырын табуға жол сілтейтін құндылықтарды танып білуге мүмкіндік береді.

М. Қашқари өз еңбегінде Құран мен Сүннетке негізделген Ислам құндылықтарын адамды тәрбиелеу мұратына колданады. Қашқаридің діни-этикалық ізденістеріне исламның ахлақтық қағидалары мейірімділік, әділеттілік, бейбітшілік, достық, жомарттық, сабырлылық, шүкірлік, тақуалық және т.б. паш етіледі. Қашқаридің діни-этикалық көзқарастары

заманы мен халқы туралы бұқараның иман саулығы және әдебі туралы ойлары оның дүниетанымының негізгі тіректерінің бірі.

Қонақты қарсы алғын, асыңды күттірме,
Қуана жар салғын, бір затын зыттырма (Махмұд Қашқари Диуани лұғат ат-түрк // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары: 20 томдық. – Астана: Аударма, 2005. – 5-т. - 528 б.).

Қазақ халқының қонақжайлылығы мен меймандостығы алыс және жақын шетелдерге белгілі. Қазақтың кең пейілділігі, дархан көңілі – ұлттық діліміздің ерекшелігі. Қонағын құдайындай сыйлап, күтетін, жылы жұмсағын, тәтті шәрбатын қонағына беретін қазақы дәстүр халқымызға тән қасиет. Қазақ дәстүрінде «құдайы қонақ» ұғымы халқымыздағы қонақты күту мәдениетінің тереңдігін айшықтайды. «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» деген мақалымыз, қазақи меймандостық дәстүрді бейнелейді. Ұлттық мінез бен ділдің қалыптасуына діни құндылықтар мен салт-дәстүрлердің ықпал ететіндігін есепке алсақ, ұлттық ділдің қайнар көзінің бірі ретінде Ислам құндылықтарын айтар едік. Ислами әдептегі қонақжайлылық пен кеңпейілділік жөнінде баяндалатын хадистерде: «Аллаһқа және қиямет күніне сенетін кісі қонағын жақсылап күтсін» делінген. Ислам мәдениетінде үйіне келген қонақты жылы шыраймен қарсы алу, шамасы келгенше күтіп алу, оның мүлкінің амандығына кепіл болу – қонақжайлылықтың әдебі. Қонақты күту және оның көңілінен шығу діни әдебіміз және салт-дәстүріміз үшін де маңызды.

Ел басшысы болсаң егер, жағымды істі кәсіп ет,

Бек қасында адамдарға жақсылықты тасып өт
(*Махмұд Қашқари Диуани лұғат ат-түрк // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары: 20 томдық. – Астана: Аударма, 2005. – 5-т. - 164 б).*

Қашқари шығармасында қайырымдылық пен жақсылық ұғымдары басшы мен қарапайым адамның өмірлік ұстанымы ретінде суреттеледі. Ықылас – бұл адам жүрегі мен имани ұстанымынан туындайтын іс-әрекет. Ел билеушісі халықты әділдікпен басқарып, олардың құқықтарын қорғауы керек. Құранда: «Расында, Аллаһ өздеріңе тапсырылған аманаттарды иелеріңе қайтаруларыңды бұйырды. Егер адамдардың арасына үкім айтқан болсаңдар, әділдікпен айтыңдар» (Ән-Ниса, 58). Жақсылық жасау – мұсылманның ахлаки міндеті. Адам Жаратушының разылығын алу үшін жақсылықты шынайы түрде жасаумен қатар, істеген жақсылығын жария жасап міндетсінбейді. Құран кәрімде: «Жақсылық жасаңдар. Шын мәнінде, Аллаһ игілік жасаушыларды жақсы көреді» (*Бақара, 195*). «Рас, Аллаһ жақсылық істеушілермен бірге» (*Анкәбут, 69*). «Жақсының жаны – жаннат», «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын», «Жақсы сөзге жан семірер», «Жақсымен жүрсең - пейіш» деген халық даналығы Құран сөзімен мәндес.

Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегіне енген түркі тілдес тайпалардың әдебі мен салт-дәстүріне қатысты мақал-мәтелдерде исламның ахлағы мен мұсылманның жеке басына қатысты міндеттері, жанұядағы міндеттері, қоғамдағы міндеттері, адам бойындағы жақсы-жаман мінез-құлықтар пайымдалған. Сондықтан ойшылдың имани тәлім-тәрбие тура-

лы ойларын бүгінгі Ислам діні мен мәдениетінің қайта жаңғыруы кезеңінде тиімді қолданудың мәні зор.

Түркі ойшылы Ахмед Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» еңбегінің негізгі мазмұны мен тақырыптық өзегі Ислам діні мен мәдениетінің ықпалымен қалыптасқаны айдан анық. «Орта ғасырлық философияның қай-қайсы да дінмен тығыз байланысты, тіпті діннің ықпалымен дамыған десек, Йүгінекидің философиялық ойлары мен тұжырымдары да дінмен сабақтасып жатыр, діннен бастау алып, діни тұжырыммен аяқталады» (Ергали І. Ахмед Йүгінекидің философиясындағы адам әлемі // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары: 20 томдық. – Астана: Аударма, 2005. - 5-т. - 528 б.).

Ахмед Йүгінекидің еңбегінде адам болмысының құндылықтық астарлары ашылып, адамның рухани даму мәселесі көтеріледі. «Ақиқат сыйында» адамның бұл өміріндегі мақсаты мен міндеттері ислами тұрғыдан шешіледі. Адамның екі дүниедегі бақытты өмірі – Жаратушыға күмәнсіз сеніп, ғибадат ету және ел жұртына қайырымды болу.

Аллаһ өзін білімменен құт етеді,

Қайырсыз надандықты жұт етеді.

Білімді үйренбеген талай қауым,

Құдайды қолдан жасап, пұт етеді (Ахмед Йүгінеки. Ақиқат сыйы // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары: 20 томдық. – Астана: Аударма, 2005. - 5-т. - 528 б.).

Ойшылдың пайымдауынша, Аллаһ білім, парасат жолымен өзін танушыларға жол ашады. Білім иелері ғана Жаратушының болмысы мен сипаттарын танып білмек. Адам әрқашанда сенімге мұқтаж, адам рухы

Жаратушыға иман етін, ғибадат жасауға құштар. Пенде Жаратушының әміріне бой ұсынғанда ғана пұтқа табынушылықтан құтылып, иләһи жолға түспек. Білім адам баласын имани құндылыққа жеткізбек, ал білімсіз надандар қараңғылықтың қапасында қалып, пұтқа табынып адаспақ. Құранда: «Расында, Аллаһтан құлдарының ішіндегі тек ғұламалар ғана қорқады» (Фатыр, 28), «Аллаһқа құлшылық етіндер, әрі Оған ешкімді серік етіп қоспаңдар. Және әке-шешеге жақсылық қылыңдар және туысқандарға да» (Ән-ниса, 36).

Ойшылдың ұстанымы исламның мәдениеті мен құндылығын адам баласы толыққанды түсініп, оны дүниетаным ретінде қабылдап, өмірлік ұстанымына айналуына ықпал ету болып табылады.

Ақымақтың тілі – бастың дұшпаны,

Қан төгіліп талай бастың ұшқаны.

Көп сөйлеген өкінеді түбінде –

Безей бермей ақылға сап ұста оны (*Ахмед Иүгінеки. Ақиқат сыйы // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары: 20 томдық. – Астана: Аударма, 2005. - 5-т. -392 б.*)

Ойшыл адам баласының тіліне ие болу керек екендігін баса айта отырып, адамның тілін бақпай, орынсыз, жүйесіз сөйлей беруі ұнамсыз қасиет екендігін болжайды. Шынайы мұсылман аз сөйлеп, көп тыңдайтын, орынсыз сөз сөйлемей керек. Тілді тәрбиелеу адамның кісілік тұлғасын биікке көтеріп, өз ортасында оның сыйлы ететіндігі белгілі. Хадисте: «Кім Аллаһқа, ақырет күніне сенетін болса, жақсы сөз айтсын немесе үндемесін» делінген. Ислам діні бойынша мұсылман бауырлар өзара сыйластық пен татулықта өмір сүруі керек. Адамдар арасындағы достық сезім мен бауырластықты

бұзатын, дұшпандық пен секемшілдікті тудыратын іс – ғайбат. Ғайбат – тілге ие болмай, орынсыз бейәдеп сөздерді сөйлеу. Ғайбат сөйлеу Ислам ахлағында ең жаман әдет ретінде айқындалған. Хадисте: «Ғайбат – айтушы мен оны тыңдаушының күнәсі бірдей» деген. Шынайы мұсылман адамдардың қателерін құпия ұстайды, біреудің кемшілігін іздемейді. Мұсылмандық әдеп бойынша мұсылман бауырының не жолдасының қателіктен, жаман істен арылуына көмектесу үшін шын пейілмен сынап айтса бұл ғайбат болмайды.

«Ей, мүміндер! Күмәннің көптігінен сақтанындар. Өйткені, күмәннің кейбірі күнә. Сыр тексермендер, біреуді біреу ғайбаттамасын. Біреулерің өлген туысының етін жеуді жақсы көре ме? Әрине, оны жек көресіндер. Расында, Аллаһ тәубені тым қабыл етуші, ерекше мейірімді» (Хұжырат, 12).

Ахмед Йүгінекидің мұрасында көрініс тапқан ислами құндылықтар мен бағдарлар өз заманының рухани келбетінің өзекті мәселелерін көтерген. Ойшыл рухани кемелденудің жолы – Аллаһқа ғибадат, адамға құрмет, бауырға көмек, нәпсіні тыю, адамның жан дүниесінің тазалығы, пәктік екендігін болжай отырып, мінез-құлықты ихсан (ізеттілік, жақсылық) деңгейіне жеткізу. Жақсылық жасау Ислам әдебі бойынша ата-анасына, бала-шағасына, әйеліне, мұсылман бауырларына бағытталады.

Тәкаппар, тонын киме – «біл!» – демегім,

Халықты кеуде керіп тілдемегін.

Нышаны момындықтың кішіпейіл,

Бол-дағы кішінейіл, дым демегін (Ахмед Йүгінеки.

Ақиқат сыйы // Қазақ халқының философиялық мұрасы.

Орта ғасырдағы түркі ойшылдары: 20 томдық. – Астана: Аударма, 2005. - 5-т. - 397 б.)

Бұл өлең жолдарында ойшыл кішіпейілділікті, шыншылдық пен әдептілікті асқақтата отырып, кішілік пен қарапайымдылықты адам болмысының рухани мәнін ашатын қасиет ретінде ашады. Мұсылман адам адамдарға ілтипат көрсетіп, оларға құрметпен қарым-қатынас жасайды. Ал тәкаппарлық – өзін ұлықтау, өзін мақтау, ол адамдарды менсінбеушіліктен туындайды. Ислам ахлағы бойынша тәкаппарлыққа ең жиренішті қасиет ретінде тыйым салынған. Құран кәрімде: «Ра-сында, Аллаһ тәкаппар, мақтаншақты жақсы көрмейді» (Ниса,36). Хадистерде: «Жүрегінде титтей тәкаппарлық бар кісі жаннатқа кіре алмайды», «Тәкаппар адамды Аллаһ төмен түсіреді, ал кішіпейілдің дәрежесін көтереді» делінген. Халқымыздан «Өзім білем орға жығар» – деген даналық сөз қалған.

Ахмед Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» еңбегі Ислам әдебі мен ахлағына жат мінез-құлықтарды айыптап, ислами-имани құндылықтарды (білімділік, жомарттық, кішіпейілділік, қарапайымдылық) мадақтайды. Адам бойындағы өнегелілік, кішілік пен кісілік, имандылық пен тақуалық қасиеттері ойшылдың адам болмысы мен тұлғасынан іздеген қасиеттер. Демек, ойшылдың ұстанымы адамның иман дүниесі мен ахлағына шипа іздеу болып табылады.

Қожа Ахмет Йасауи – түркі халықтарының әулиесі атанған, ойшыл, философ, Ислам діні мен құндылықтарын түркі тілінде жырлаған сопы, ақын. Қожа Ахмет Йасауи – қазақы дүниетаным мен діл үшін имандылық пен тақуалықтың, еркіндік пен ізгіліктің, даналық пен діндарлықтың үлгісі. Йасауи сопылық

философиясының түркілік бұтағының негізін қалаушы ретінде Ислам әлеміне белгілі болған тұлға. Қожа Ахмет Йасауидің «Диуани хикметі» («Даналық кітабы») – Ислам ілімі мен құндылықтарын, Ислам ахлағы мен даналығын үлгі-өнеге, өсиет ретінде насихаттауға арналған рухани мұра.

«Йасауи ілімі Ислам мен сопылық концепция арасында синтезделіп, түркі тектес халықтары арасында Ислам дінімен бірге таралды. Йасауи көзқарасында жас кезінен бастап-ақ тек өзіне ғана тән исламдық діни идеологияның негізі қаланған. Ислам дінін уағыздайтын түркілік бағыттағы сопылардың көзқарасында Ислам дініне дейінгі салт-дәстүрлер, жоралғылар сақталып қалған. Йасауи ілімінің негізгі бағыты әртүрлі, дін шырмауында қалып бара жатқан халыққа Ислам дінінің тиімділігін насихаттауға жұмылдырылған» (Абуов А. Ақиқат жаршысы. Ә. Нысанбаев. Алғы сөз. – Түркістан: Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, 2000. - 144 б.).

Қожа Ахмет Йасауидің дүниетанымының қайнар көзі – Құран мен Сүннет жолы. Йасауи өскен орта суниттік ағымның Әбу Ханифа мәзһабы ұстанған аймақ болатын. Йасауи дүниетанымының қалыптасуы іске асқан Түркістан аймағында Ислам әлеміне белгілі сопылық дәстүрдің белгілі тұлғалары өмір сүрді. Йасауитанушы Абуовтың пікірінше, Әзірет сұлтанның дүниетанымының қалыптасуына сол замандағы сопылық дәстүр ықпал еткен. «Қожа Ахмет Йасауи мен оның ізін қуушылар Ислам мүддесіне қарама-қарсы келмейтін, түркі халықтары салт-дәстүрлерімен бірге жасарып, бірге жаңғырып отыратын жаңа идеологиялық моделді дүниеге әкелді» (Абуов А. Ақиқат жаршы-

сы. Ә. Нысанбаев. Алғы сөз. – Түркістан: Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, 2000. – 496.).

Йасауидің «Диуани хикметінде» сопылық ұстанымы мен тақуалық жолы дәріптеледі. Йасауидің сопылық жолы Түркістан аймағын мекендеген көшпелі өмір салтын ұстанған түркі тайпаларының дүниетанымымен ұштастырып, исламды және оның ахлағын түркілік ділге және өмір салтына сай бейімдеп, насихаттауы арқылы түркі жұртына сіңісті болды. Йасауи жолының түркі тілдес тайпалар үшін дүниетанымдық және ділдік, құндылықтық тұрғыдан жақын болуының сыры ұстаздың өз ілімін поэзия жолымен насихаттауында және халықтың бұрынғы салт-дәстүрлеріне төзімді карауында жатыр. Йасауи мұрасының қасиеті адам баласын ислами тұрғыдан кемелденуге, иманын жетілдіруге, парасат пайымын тереңдетуге шақырған сопылық ұстанымдары болып табылады.

Ғашық болсаң ғашық жолына қой қыл кадам,
 Дүниені талақ қылғыл мысал Адхам,
 Ақылға ерсең дүние үшін жемеген қам,
 Қиямет күні жазаларын берер, достар.
 Сыр шарабын ішкен ғашық өзін білмес,
 Бұл дүниенің ләззатын көзіне ілмес,
 Жүз мың рет кеңес айтса ақыл алмас,
 Гүлгүл жайнап өзін білмей жүрер, достар (Қожа Ахмет Яссауи. Диуани хикмет. – Алматы, 1993. – Б. 75.).

Йасауи түркі халықтары үшін Құран кәрімді, Ислам ілімін, Ислам ахлағын насихаттайды. Йасауидің сопылық жолы мен даналығы өмірлік ұстанымы қазақ елі үшін рухани құндылыққа айналды. Йасауи

үшін Жаратушыға деген махаббат адам бойындағы адамгершілік, адалдық, мейірімділік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, әділдік, діндарлық, сабырлылық, жомарттық сынды ізгі қасиеттер арқылы өз мазмұнын байытып, құндылық ретінде ұлықталады. Жаратушыға деген адамның ғашықтық ынтызарлығы, махаббат сезімі, адам жүрегіндегі Аллаһқа деген құштарлықты оятып, құлшылыққа шақырады. Адам бойындағы нәпсі құмарлық, тәкаппарлық, сараңдық, өзімшілдік, әдепсіздік, пайдакүнемдік қасиеттер Аллаһқа деген махаббат пен тақуалық орнаған жүректен қуылуы тиіс.

Йасауидің «Диуани хикметі» сопылықтың түркілік бұтағының қайнар көзі ретінде түркі дүниесінің ойшылдарының дүниетанымы мен мұрасына өз ықпалын тигізді.

Құл Қожа Ахмет, хақтың атын есте сақта,
Қақтан қорқып, тынбай жылап, түнде жатпа,
Намаз оқып, ораза ұста әр ақшамда,
Солай болып мұратыма жеттім міне (*Қожа Ахмет Яссауи. Диуани хикмет. – Алматы, 1993. – 76 б.*)

Ойшыл бар ғұмырын Аллаһқа құлшылық етуге арнап, бес парызын орындауға ұмтылған мұсылман ретінде, мұсылмандық әдеп пен ахлақты өміріне арқау еткен ұстаздың өмірлік жолы түркі халықтары үшін рухани бағдарға айналды.

Қожа Ахмет Йасауи мұрасы ислами ахлақ пен сопылықтағы кемелдену, жүректі тазалау, нәпсін ауыздықтау, дертті мінез-құлықтармен күрес, тақуалық, төзімділік, шынайылық, қанағатшылдық, мойынсұну, Аллаһқа шынайы махаббат сынды ұғымдарды жан-жақты ашып көрсетеді. Түрік ойшылы Топбаш Осман Нүридін пікірінше, «сопылық (тасаввуф) бұл коркем

мінезділік, тәрбиелік және үлгілі өмір салты, сопылық ахлақпен тікелей байланысты» (*Топбаш Осман Нури. Тасаввуф от имана к ихсану / пер. с турецкого. – 1-е издание. – Алматы, 2008. – 488 с.*).

Философ ғалым Н. Сеитахметованың пікірінше: «Тариқат деген – тек өзін танудың жолы ғана емес, сонымен бірге жетілудің жолы, жеке кемелдену тәжірибесі. Тариқат мақсаты өз болмысының тұтастығына ие болу» (*Сеитахметова Н.Л. Концепция человека духовных исканиях мусульманского средневековья. – Алматы, 1999. – 240 с.*).

Сопылық – адамның әдебі мен иманын жетілдірудің жолын іздеген діндарлардың білім мен сенімді үйлесімді ұстанған жолы.

Йасауи ілімі адамның өзін-өзі танып және жетілдіру арқылы ақиқатты іздеу жолын және өткінші дүние қызығын тәрк етіп, тақуалық пен кемелділікті ұстануға шақырады. Йасауитанушы ғалым Д. Кенжетай былай дейді: «Йасауи ілімі бойынша адам рухани кемелдікке жетуі үшін қажетті білімді, яғни, хикметті игеріп, діни мәлімет және құдайлық танымдармен (мағрифат) қарулануы керек. Бұл жердегі құдайлық танымның көзі хикмет болып табылады» (*Кенжетай Д. Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымы. – Түркістан, 2003. – 341 б.*).

Әзірет Сұлтанның шәкірті Сүлеймен Бақырғани – XII ғасырда өмір сүрген түркі ойшылы. Ол «Хакім ата» кітабында түркі ұлыстарын Ислам дінінің құндылықтарын ардақтауға шақырады, өз ұстазы Қожа Ахмет Йасауи екендігін «Бабалар басы – Арыстан баб, Шайхым Ахмет Йасауи» – деп білдіреді.

Бақырғани «Хакім ата» еңбегінде адамның шынайы мұсылмандыққа жету үшін ихсанды, зухдты,

тақуалықты ұстану қажеттігіна йта отырып, білімдарлық пен даналыққа жету жолдарын айқындайды.

С. Бақырғани еңбегінде имандылық, әдептілік, ибалылық, тақуалық, діндарлық, адамгершілік, адамаралық қарым-қатынас мәселелері көтеріледі. Сүлеймен Бақырғани мұрасы түркі халықтарына ортақ туынды болып табылады. Бұл шығарманың құндылығы түркі ұлыстарының діліне ортақ құндылықтарды насихаттауында жатыр.

Исламның сенімдік және діни құндылықтар жүйесі түркі ойшылдарының шығармаларының негізгі арқауы болды. Қазақ топырағындағы исламның рухани бағыт-бағдары және құндылықтары бұл дәуірдің рухани-мәдени және имани негіздері түркі ойшылдарының мұраларында айқындалды. Сондықтан да қазақ елінің орта ғасырлық рухани-мәдени өмірінде түркі ойшылдарының даналық ұстанымының негізгі арқауы Ислам құндылықтары болды. Әбу Насыр әл-Фараби, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Йасауи, Жүсіп Баласағұн, Сүлеймен Бақырғани және т.б. мұсылмандық өмір салтын, әдептік негіздерін, құндылықтық бағдарларын түркілердің өз тілінде насихаттаған шығармалары бүгінгі ұрпақ тәрбиесі ісіне берері мол мұра. Орта ғасырлық түркі ойшылдары ізгілікті, имандылықты, тақуалық пен көркем мінезділікті ұлықтай отырып, халықтың жан-дүниесі мен дәстүріне сай Ислам ілімі мен құндылығына тереңнен толғап, дін жолында білім мен ғылым құндылығына ерекше мән берген. Сондықтан да, түркі даналарының рухани мұрасын бүгінгі жас ұрпақ үшін өркениетті тұрғыдан таныта білу уақыт талабы.

Өзіндік бақылау сұрақтары:

1. Әл-Фараби мұрасы және Ислам әлемі.
2. Әл-Фараби мұрасындағы дін мен ғылым.
3. Ж. Баласағұнның әдеп туралы ой-толғаулары.
4. «Құтты біліктегі» имандылық туралы ой-толғамдар.
5. М. Қашқаридың рухани мұрасы.
6. М. Қашқаридың адамның рухани болмысы туралы ойлары.
7. А.Йүгінекидің діни-философиялық ізденістері.
8. «Акикат сыйындағы» сенім мен білім арақатынасы.
9. Қожа Ахмет Йасауидің кемел адам тұғырнамасы.
10. Йасауи ілімінің рухани қайнар көздері.
11. Йасауи мұрасы және ұлттық дәстүр.
12. С. Бақырғани адам бақыты туралы.

Ақын-жыраулар мұрасындағы имани-рухани негіздер

Қазақ ақын-жырауларының дүниетанымы мен философиялық ізденістерінде және рухани құндылықтар жүйесінде исламның ықпал-әсері айқын көрінеді. Ақын-жыраулар шығармаларында имандылық мәселесіне үлкен көңіл бөлді. Діндарлық пен имандылық, тәубешілдік пен сабырлылық, рақымшылдық пен қанағатшылдық сынды ұғымдар олардың шығармашылығының негізгі өзегін құрайды. Ақын-жыраулар шығармашылығындағы имани құндылықтар өмірдің мәндік идеясы ретінде көрінеді. Жыраулар мұрасының басты қазығы – адам, оның мінез-құлқы, қоғамдық болмыс пен әдеп мәселесі. Кісілік пен ізгілік құндылықтары пенденің адамдық қасиетін ашатын қасиеттер ретінде, адам өмірінің мәнін айқындайтын негіз. Адам баласы бұл өткінші дүниеде адам болып қалу үшін, иманын және адамгершілігін жоғалтпауы керек. Ақын-жыраулар шығармашылығының негізгі мәселелерінің бірі адамның иманы мен әдебін сақтау жолымен қоғам өмірін салауаттандыру және жетілдіру болып табылады.

Қазақ ақын-жырауларының дүниетанымы мен рухани ізденістері руханиятымыздың қалыптасуына ықпал еткен негіз болды деп санаймыз. Ақын-жыраулардың шығармаларында адам, қоғам, дін, дәстүр, әдеп мәселелері негізгі орын алды. Қазақ ақын-жырауларының рухани ізденістері халықтың салт-дәстүрі мен дінімен, өмір салтымен тығыз байланысты

болды. Сондықтан да олардың рухани ізденістерінде қазақ қоғамының рухани болмысының түйткілді мәселелері көтерілді.

Қазақ халқының рухани әлемін жырлап ерекше көзге түскен Асан қайғы, Сыпыра жырау, Бұқар жырау, Шалкиіз, Қабылиса (Қабан), Ақтамберді, Шал ақын, Доспамбет, Жисмбет, Дулат, Шортанбай, Мұрат, Махамбет сынды ойшылдардың діни-философиялық негіздегі ой-толғаулары тереңдігімен ерекшеленеді.

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші, көрнекті ғалым Б. Кенжебаев: «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет халықтың жырын жырлады, халыққа ұғымды, жақын болды. Себебі, бір жағынан, Асан қайғы, Сыпыра жырау, Бұқар жыраулардың қай-қайсы да ханға толғау жыр айтқанда, оны халықтың хал-жайы, мұңы, арманы етіп айтады, халық атынан сөйлейді» – деп жыраулардың ел мүддесін қорғаған қайраткерлер ретінде бағалайды (*Кенжебайұлы Бейсембай. Түрік қағанатынан бүгінгі күнге дейін. – Алматы: Асем-Систем, 2010. – 344 б.*).

Қазақ ақын-жыраулары халық мұн-мұқтажын жырлай отырып, елдің хал-ахуалын, зәрулі мәселесін ел тұтқаларына жеткізеді. Философ-ғалым Қ.Жамалов: «Қазақ ақын-жыраулары өзі өмір сүрген кездегі елдің рухани болмысын дұрыс тани білгендіктері шығармаларынан көрініп тұрады» – деп көрсетеді (*Жамалов Қ. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік тағылымы: ғылыми еңбек. – Алматы: Қазақпарат, 2003. - 200 б.*).

Ақын-жыраулардың мұрасындағы діни-этикалық ұғымдар мұсылмандық ахлақ ықпалымен қалыптасқан. Олардың шығармаларында адамаралық қарым-

катынастарды реттеуші құндылықтар жүйесі Ислам әдебімен және ұлттық дәстүрмен үйлесімді үндеседі. Ақын-жыраулар ұлықтаған отанға және халыққа деген сүйіспеншілік, ар-намыс, ата-ананы құрметтеу, әділдік, сабырлылық, тақуалық, қанағатшылдық, ата-баба дәстүрін құрметтеу, сауапты білу, имандылық, ауызбіршілік, тектілік сынды құндылықтар адам мен қоғам өмірін ізгілендірудің негізі ретінде көрінеді. Философ-ғалым Қ. Бейсенов былай дейді: «Қазақтың би-шешендер мен ақын-жырауларының ой-толғаулары сияқты қасиетті қазақ топырағында қалыптасқан, ғақлиятты ой-кешу үрдістерінің қайталанбас ерекшеліктеріне арқау болған рухани құбылыстар. Сондықтан да, оларды түбегейлі зерттеп, бүгінгі күннің қажеттіліктерін өтейтін халық игілігіне айналдыру ісі – кезек күттірмейтін мәселе» (Бейсенов Қ. *Қазақ топырағында қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістері: филос. ғыл. док. ... автореф.* – Алматы, 1994. - 43 б.). Сондықтан жыраулардың мұраларындағы құндылықтар табиғатын ашып көрсету арқылы, олардың дүниетанымындағы ұлттық құндылықтардың мәні мен елді біріктірудегі рухани негіздерді танып білеміз.

Шалкиіз, Ақтамберді, Шал ақын, Дулат, Мұрат, Қаблिसа, Жиёмбет, Доспамбет, Қазтуған, Базар жырау және т.б. жыраулар мұрасындағы құндылықтар сатысында Аллаһқа деген құлшылық жоғары тұрады. Жыраулар дүниетанымының діни негізі айқын. Сондықтан да жыраулар мұраларында адам үшін, яғни оның екі дүниенің бақытына ие болу шарты имандылық пен руханилықта екендігіне басты назар аударылады. Ақын-жыраулар өз ізденістерінде ұлттың рухани өрлеу

мен ұлттық құндылықтарды сақтау, адамның иман әлемін күшейтіп, әдебін жетілдіруді қарастырды.

Қазақ ақын-жырауларының дүниетанымының қалыптасуында халқымыздың мақал-мәтелдері, шешендік сөздері, ғақлиятты сөз саптаулары және көшпелі өмір салты мен имани ұстанымдары маңызды рөл атқарды. Қазақ даласының рухани өмірі ғасырлар бойы жинақталған халық даналығы мен рухани қазынасын нәр алды. Далалық өмірдің өзіне тән ерекшеліктері де көп еді. Сондай ерекшеліктердің бірі – халық ауыз әдебиеті үлгілерінің ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастықпен жеткізуі дәстүрі болатын. Ақын-жыраулар ұлттық құндылықтарды және имандылық қалыптарын жыр жолдарымен халықтың санасына және тарихи жадына сіңіре білді. Ақын-жыраулардың ой-толғауларынан далалық мәдени дәстүрдің ерекшелігін, көшпелілер дүниетанымы, адами мінез-құлықтарын, ахлақтық этикалық ұстанымдары айқын аңғарылады.

Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Үмбетей, Тәтіқара, Ақтамберді, Марғасқа, Көтеп, Шал ақындар шығармаларының ортақ құндылықтары дін, сенім, үміт, о дүние мен бұ дүние, ахлақ мәселелері, сараңдық пен жомарттық, білімділік пен надандық, байлық пен кедейлік, тектілік пен тексіздік, жастық пен кәрілік, тәубе, сабыр, обал, сауап, несібе, ынсап сынды діни және философиялық мәселелер. Ақын-жыраулар жырларының рухани қуаты мен күдіреті халықтың рухани әлемін жұтандықтан сақтау және ата-баба дәстүрінде тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарды жастардың дүниетанымына сіңіру болып табылады. Ел басындағы жағдай және қоғамның саяси-әлеуметтік,

рухани-ахлақтық ахуалы ақын-жыраулардың шығармаларының негізгі өзегіне айналды.

Ақын-жыраулар шығармаларының өзегі имандылыққа қатысты ой-толғауларында Құдайдың дүние мен адамды жаратуы, пайғамбарлардың өмірі, әсіресе, діннің ахлақтық ұстанымдары мен қалыптары баяндалып, діннің тәрбиелік қызметіне көңіл аударылады.

Мейірімділік, әділеттілік, шынайылық, тақуалық сынды қадірлі қасиеттер ақын-жыраулардың мұраларында молынан ұшырасады. Асан қайғы Сәбитұлы – жырау, би, ойшыл ретінде Керей мен Жәнібек хандардың кеңесшісі болған мемлекет қайраткері. Қазақ даласына аты мәшһүр «көшпелілер философы» (Ш.Уәлиханов) Асан қайғы ел бірлігі мен иман саулығын ойлаған рухани ұстаз, ел қамы үшін берекелі Жерұйықты іздеп, қазақ даласының әрбір аймағына мінездеме береді.

Ол 1456 жылы шамасында Шу өзені мен Қара Ертіс аралығында құрылған қазақ хандығының дәуірінде өмір сүрген. Асан қайғы қазақ хандығының іргесін қалауға қатысқан және қазақ хандығының саяси және рухани өмірінде өзіндік із қалдырған ойшыл. Асан өзі өмір сүрген дәуірдің саяси-әлеуметтік, мәдени оқиғаларына талдау жасаған қайраткер. Асан қайғы шығармаларының негізгі идеясы қазақ жерінің төрт тарабына берген талдамалы, сыни көзқарастары мен қазақ елінің бүгінгі мен болашағы туралы ой-толғаныстары. Асан қайғы желмаясына мініп жүрін, адамға жайлы құт дарыған берекелі Жерұйықты іздейді. Ол қазақ халқының қамын ойлап елдің дәулетті тұрмысы мен бақытты өмірін аңсады.

Мінезі жаман адамға,
Енді қайтіп жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен,
Жалған айтып суыспа.
Өлетұғын тай үшін,
Көшетұғын сай үшін,
Желке терің құрысып,

Әркімменсі ұрыспа – *(Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 133 б.)* дегені, бүгінгі уақыт үшін де өте маңызды. Себебі, өтірік, алаяқтық, дүние-мүлік және мансап үшін, бәсекелестік ағайын-туыстың, қызметтестер арасында алауыздықтың туындауына себеп болып жүргенін біз біліп жүрміз. Асан қайғы жұмсақ мінезділік пен мейірімділік адам болмысын асқақтататын қасиеттер екенін айтады.

Асан қайғының ахлақ қағидаларына қатысты айтқан ойларында, нәпсі туралы пікірі нақты көрінеді.

Нәпсі алдаушы дұспанның,

Насихатын алмағыл *(Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 25 б.)*.

Нәпсі – адам баласына тән құмарлық. Адам баласы нәпсісін тежеп, оны өз ырықына бағындыруы керек. Адамның ақыл-парасаты мен иманы нәпсіге тоқтау салатын тірек. Құран кәрімде: «Кімде-кім Аллаһқа есеп беруден қорқып, нәпсісін харамнан тыйса, олардың орны – жаннат» – делінген *(Назигат, 40-41)*.

Асан қайғы үшін нәпсі адамның жауы, нәпсісі билеген адам зорлыққа, ұрлыққа, қиянатқа жол беріп, күнәға барады. Ойшыл құдайдан қорқып, жаманшылықтың әр түрінен, нәпсіге құл болудан сақтану, яғни, нәпсінің адам дұшпаны екендігін естен шығармауды ескертеді.

Құран кәрімде: «Әлдекім оны (нәпсіні) кірлетсе қор болады» – делінген (*Шәміс, 10*).

Ислам дінінде нәпсінің (тәннің қалаулары) 7 деңгейі туралы айтылады: әммәра яғни адамды үлкен күнәларға ұрындырушы нәпсі; нәпсі ләууәме – адамды тәубә етуге шақыратын, күнәдан тиылуға жетелейтін нәпсі; мүтмәйнә, яғни орныққан, иман арқылы кемелденген нәпсі т.б. Нәпсінің соңғы сатысы жаратушының қалауы түскен ізгі адамдарға тән.

Құран кәрімде Аллаһ адамзатты бір-біріне жақсылық жасауға және жамандықтан қайтаруға жәрдемші болуға бұйырады. Бұл жайлы Құранда: «Жақсылыққа, тақуалыққа жәрдемдесіңдер, күнәға және дұшпандыққа жәрдемдеспендер. Аллаһтан қорқындар. Күдіксіз Аллаһтың азабы қатты» (*Мәйдә, 2*). Нәпсі адам баласын тек дүниенің қызығымен ғана шектеп, қамшы сабындай қысқа ғұмырында оның нәпсі жетегінде кетіп, ұятты жағдайларға қалып жатуына себепші болады. Нәпсі ұғымы қазақ мәдениетінде және ұлт санасында Ислам діні арқылы кең жайылған. Нәпсі ұғымы және оны тежеу Қожа Ахмет Иасауи, Ахмет Йүгінеки, Сүлеймен Бақырғани шығармаларында да кеңінен қарастырылғанын жоғарыда айтқанбыз.

Жыраулық дәстүрдің негізін қалағандар: Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Жиёмбет. Жыраулар толғауларында иман, діл, әдеп, дәстүр, ғибадат ұғымдары тереңнен қозғалып, ұлтты тәрбиелеуші және халықтың рухын көтеруші қайнар көз ретінде жырланады. Дінсіздік, ғайбат, араздық, кекшілдік, тәкаппарлық адамдағы жаман қасиеттер ретінде тәркі етілсе, әділеттілік, аманатқа адалдық, жомарттық,

тақуалық пен бауырмашылдық, кеңпейілділік пен тәубешілдік, шүкірлік, сабырлылық ардақталады.

XVIII ғасырдағы жыраулар ішіндегі ең көрнекті тұлға Бұқар жырау – ел басына күн туған кезде халықты бірлік пен ынтымақты сақтауға шақырған қоғам қайраткері. Қалмақ басқыншылығы кезінде елдің рухын өз жырларымен көтерген, ол халқын имандылыққа, Құран мен Сүннетті ұстануға, Ислам парыздары мен иман шарттарын орындауға үндеген жырларында исламның рухани әлеміне көңіл қояды. Өзінің «Тілек» деген жырында:

Бірінші тілек тілеңіз,

Бір Аллаһқа жазбасқа.

Екінші тілек тілеңіз,

Әзәзіл, пасық, залымның

Тіліне еріп азбасқа.

Бесінші тілек тілеңіз;

Бес уақытты бес намаз,

Біреуі қаза қалмасқа *(Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 133 б.)*.

Бұқар жырау өз замандастарының әдебі мен ахлағын түзетуге ұмтылған ойшыл.

Бұқар жырау өз жырларында Аллаһқа ғибадат етуге, иманын көтеруге, рухани тазаруға, пейілді түзетуге басқа түскен қиындықты қайыспай көтере білуге, адамдық қадір-қасиетті жоғары ұстай отырып, тағдырға налымай, өмірден түңілмей қандай жағдайлар болмасын, сабырлы болу, болашаққа деген сенім мен ертеңге деген үмітті сөндірмей әрекет етуге шақырады.

Тәңірім сөзі Фұрканды айт,

Кәләм Аллаһ – Құранды айт.

Тәңірім салса аузыңа,

Жан жолдасың иманды айт (Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 135 б.).

Бұқар жырау қасиетті Құранның ақиқат пен жалғанның, халал мен харамның, ақ пен қараның, мәңгілік пен өткіншіліктің, әділеттілік пен әділетсіздіктің, имандылық пен имансыздықтың, діндарлық пен дінсіздіктің арасын ашып көрсететін кітап екендігін осы олең жолдарымен түсіндіреді. Әл-Фурхан (ажыратушы) – Құранның ең кең таралған және мұсылман әлеміне мәлім аты. Ұлы Жаратушының сөзі – Құранда: «Бүкіл әлемге бір ескертуші болу үшін кұлына (жақсы-жаманды айыратын), Құранды түсірген Аллаһ өте жоғары» деген. Діни мәдениетте адамның кемелденуі, оның иманының толықтығы мен күшеюіне байланысты айқындалады. Адамның иман әлеміне тілдің, сөздің тигізетін ықналы зор. Құран құндылығы мен даналығынан нәр алған Бұқар жырау халқына арнаған ғибратты сөздерінде тіл, діл, амал, ниет, көркем мінезділік адам жүрегін тазалап, иманды көркейтп, игілік пен береке беретіндігін болжайды. Құран – адамзатқа түсірілген ұлы кітап. Құран – құт-береке, көркем мінез-құлық пен ахлақ қалыптарының, әділеттілік және теңдік, мейірімділік пен инабаттылық, таухид пен иман негіздерін ұлықтайтын, қоғам өмірін реттейтін, адамаралық қарым-қатынас мәдениетінің қайнар бұлағы. Құранда бұл туралы былай делінген: «Расында, бұл Құран жолдың ең турасына бағыттайды» (әл-Исра, 9).

Ислам мәдениеті адамзатты әділеттілік пен мейірімділікке, теңдік пен өзара құрметке негізделген қарым-қатынасты ұстануға шақырады. Мұсылмандық әдепте сәлемдесу мәдениетіне ерекше көңіл аудары-

лады. Құранда: «Қашан сендерге сәлем берілсе, оған жақсырақ немесе соның өзін қайтарындар» делінген (Ниса, 86).

Бұқар жырау сәлем беру мәдениеті және оның сауапты амал екендігі туралы:

Сәлем бір сөздің анасы,

Алейк алған данасы *(Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. –137 б.)*.

деп, сәлем беру және оған сәлеммен жауап қайтару адамдар арасындағы сүйіспеншілік пен түсіністікті қалыптастыратындығын атап көрсетеді.

Астана қаласында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің үшін рет бір дөңгелек үстел ба-сында жиналып сұхбаттасуы, өз ойларын ортаға са-луы ұстамдылық пен сабырлылық және өзара құрмет пен түсіністік көрсетіп, ортақ пікір іздеуге ұмтылуы діндераралық үнқатысуының бастауы – жылы шы-райлы сәлемдесу мәдениетінен басталатындығын қуаттайды.

Құранда: «Бұрын кітап түсірілген адамдармен өте сыпайы сөйлесіндер» (Әнқабут, 46) делінген. Құран адамзатты ынтымақтастыққа және келісімге үндеумен қатар, бейбіт өмір сүру жолын да айқындап көрсетеді.

Дана халқымыздың «Ырыс алды – ынтымақ», «Бірлік бар жерде – тірлік бар» – деген өмірлік ұстанымдары адамаралық қарым-қатынас мәдениетін және салиқалы сұхбаттастықты, ауызбіршілікті ардақтауын паш етеді.

Діл мұсылман болмаса,

Тіл мұсылман не пайда *(Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 137 б.)* дейді Бұқар жырау, яғни мұсылмандық ділге негізделгенде ғана, шынайы

мұсылмандық ұғымы айқындалады. Діл – халықтың жан дүниесі, яғни, халықтың рухани әлемі мен ұлттық болмысының діни негізі, Бұқар жырауды толғандырған мәселе. Сондықтан-да Бұқар жырау тіл, діл, діп сынды асыл дінгектердің халық бірлігінің мызғымас тұғыры екендігін өз өлеңдерінде арқау еткен.

Ислам дінінің қағидасы бойынша, иман сенімді тілмен айтып, жүрекпен бекіту, иманды амал арқылы күшейту болып табылады. Иманды тілмен айту жеткіліксіз, иман ділде негізделіп, жүректе бекітіліп ғибадатпен жасалуы тиіс. Ислам діні – иман мен шарифаттың, ғибадат пен қарым-қатынастың, өткінші дүние мен мәңгілік дүниенің, рухани және материалдық құндылықтардың, қоғам мен діни сенім арасын біріктіруші жүйе.

Ислам дінінің іргетасы және адамзаттың асыл құндылықтарының қайнар көзі – Құран. Иман келтірген адам жан дүниесіне қажетті жан азығын Құраннан алады. Құран адамзатты тура жол мен көркем мінезділікке шақырады. Құранда: «Саған кітапты әр нәрсені ұғындырушы етіп, бірте-бірте түсірдік. Әрі оны мұсылмандарға тура жол, рақым және сүйінші еттік» (*Ән-Нахыл, 89*).

«Зарзаман» дәуірінің ақыны Шортанбай Қанайұлы – халқының отаршылдықтағы хал-ахуалын және оның мұң-мұқтажын жырлаған ойшыл. Шортанбай «Келер заман сипаты» атты толғауында, халықтың тұрмыс жайы, рухани өмірі мен әдебі жөнінде толғайды. Шортанбай Ислам парыздары мен құндылықтары: көркем мінезділік туралы өз жыр толғауларында былай дейді:

Атамыз Адам пайғамбар,

Топырақтан жаралды.

Мұсылман, кәпір, халайық,

Сол Адамнан таралды – *(Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 200 б.)*.

– деп, адамзаттың Адам ата ұрпағы екендігін болжайды. Құранда Жаратушы адамзатты әртүрлі етіп жаратқандығы туралы былай дейді: «Ей, адамзат! Сендерді Біз әуелде бір еркек, бір әйелден (Адам мен Хауадан) бір ата, бір анадан жаратып (өрбіттік). Өзара танысып-білісулерің үшін көптеген ұлт, ұлыс етіп көбейттік» *(Хужурат, 13)*.

Ұрлық пенен қорлықтан,

Өтірік, ғайбат, зорлықтан,

Бойынды тартып тек жүрсен.

Көрмессің деген залалды *(Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 200 б.)*.

Шортанбай жырау өтірік, ғайбат сынды күнәлі істерден бойды аулақ салуға шақырады. Өтірік айту бұл ауыр күнә болып саналады. Өтірік адамдар арасындағы өзара сенімді бұзады. Өтірік, жалған куәлік беру бұл тыйым салынған әрекеттер болып табылады. Құранда: «Білмесе де, адамдарды адастыру үшін Аллаһқа өтірік жала жапқаннан кім залымырақ? Күдіксіз, Аллаһ залым елді тура жолға салмайды» *(Әнғам, 144)*, «Тілдеріңнің «Бұл – халал, бұл – харам, - деп өтірік сипаттағанын айтпаңдар. Аллаһқа өтірік жала жапсырған боласыңдар. Шынында, Аллаһқа өтірік жала жапсырғандар құтылмайды» делінген. *(Нахыл, 116)*. Хадисте: «Өтірік жамандыққа, жамандық тозаққа жетелейді. Кісі өтірік айтса, соңында Аллаһ есебінде өтірікшілер дәптеріне жазылады» – деп көрсетіледі.

Ислам діні адамдарды туралық пен әділдік қағидатын ұстануға шақырып, өтірік айтуды күнәлар



қатарына жатқызады. Өтірік және өсек – бұл адам бойындағы дертті мінездер. Сондықтан өтірік, сөз тасу адамдар арасындағы қарым-қатынасты бұзатын болғандықтан, тыйым салынған қылықтар. Ғайбат – адамның сыртынан ол ұнатпайтын жағымсыз сөз айту. Ислам дінінде ғайбат айтуға қатаң түрде тыйым салынады. Ғайбат тілмен, ыммен, іс-әрекетпен, жазумен іске асады. Құранда: «Өзің білмеген бір нәрсенің соңына түспе, расында, құлақ, көз және жүрек, олардың барлығы одан сұралады» (*Исра, 36*). Хадисте: «Кімдекім мұсылман бауырын ғайбаттан қорғаса, онда оны тозақтан босатуды Аллаһ өзіне міндет етті» деген.

Шортанбай жырлары халықтың мінез-құлқын көркем мінезділікке сай түзетуге және адамдар арасындағы қарым-қатынасты ізгілендіруге бағытталған. Шортанбай мұрасы имандылық пен әдептілікті, өмірлік бағдар ретінде ұстануға шақыратын рухани шамшырақ.

Дулат Бабатайұлының өлеңдерінің басты тақырыбы патшалық Ресейдің отаршылдық саясатынан туындаған әділетсіздіктерді және отарлық жүйенің қазақ елін рухани отарлауын ашық сынау және халықты ұлттық құндылықтарды ұстануға шақыру болып табылады. Ол қазақ жастарын ұлтжандылық пен ерлікке, тәрбиелікке және имандылыққа шақырған өлеңдерінде қоғам шындығын шынайы суреттей отырып, адам болмысын жан-жақты ашып көрсетеді. Оның әдептілік ұстанымы имандылыққа, шыншылдық пен әділеттілікке шақырған бағдарларына толы.

Әуелі Аллаһ айталық,
Ағузы билляһи әліпті.
Қайыр беріп сыйлаңыз,

Мүсәпір мен кәріпті (*Дулат. Замана сазы: өлеңдер мен дастандар. - Алматы: Жазушы, 1991. -160 б.*)

Дулат ұғымында Аллаһқа құлшылық ету – адам парызы. Мейірімді Аллаһтың рахымын алу үшін адам өзгелерге әсіресе, жоқ-жітік кембағал жандарға көмектесу керек. Құранда: «Көркем сөз және кешірімділік, артынан бұлдану, кейіту араласқан садақадан жақсы» (*Бақара, 263*). «Шүбәсіз садақа беруші ерлер мен садақа беруші әйелдер, сондай-ақ Аллаһқа көркем борыш бергендер, (тиісті орынға мал сарып қылғандар) оларға неше есе арттырады, әрі олар үшін көркем сыйлық бар» (*Хадид, 18*). Хадисте: «Адамдарға мейірім етпеген кісіге Аллаһ та мейірім етпейді» делінген.

XVIII ғасырда өмір сүрген Асанұлы Қабылиса (*Қабан жырау*) – халқын бар жанымен сүйген ойшыл. Оның мұрасы халықты имандылыққа, тақуалыққа, бірлік пен парасатқа шақырады. Қабан жырау Жетісу өңірінен шыққан. Қалмақ-қазақсоғысына қатысқан қазақ әскерін жырымен жігерлендірген, рухын көтерген ер жүрек, қайсар ақын. Қабан жыраудың шығармашылық туындылары жақсылық пен жамандықтың, имандылық пен арсыздықтың арақатынасын саралауға құрылған.

Ұяттың иман қабы дер,

Имандыда ұят бар.

Көпшілікке жаққан жан,

Басына жаққан шырақ бар.

Фәни тұрмақ бакида,

Мінетұғын пырақ бар.

Ешкімнің хақын жемендер,

Артында оның сұрақ бар (*Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 149 б.*)

Қабан жыраудың осы ой толғауында иман адамның рухани болмысының мәнін ашатын және ар-ұят бұл жалған дүние мен мәңгілік дүниедегі адам бақытының өлшемі екендігін айғақтайды. Құран кәрімде: «Негізінен Аллаһ сендерге аманаттарды өз лайықты орнына тапсыруларыңды және адамдардың арасына билік қылсаңдар әділдікпен билік қылуларыңды әмір етеді» (*Ниса сүресі, 58 аят*). Әділеттілікті ұстану – Ислам дінінде негізгі адамгершілік борыш. Құран кәрімде әділеттілікке қатысты көптеген аяттар бар. «Негізінде Аллаһ әділетті, игілікті және ағайынға қарайлауды бұйырады» (*Нахыл сүресі, 90*).

Қабан жыраудың «Ай, мұсылман, жарандар» атты өлеңінде намаз, зекет, аманат, ақырет сынды ислами ұғымдар талданады.

Хақ бұйрығын тұтыңыз,
Құдайдың кешпес парызы,
Бес уақыт намазды,
Баққан қойдай күтіңіз (*Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 157 б.*).

Ақын жаратушы бұйырған бес парызды орындауға және дінің діңгегі бес уақыт намазды қаза қылмауға шақырады. Ислам ілімінде намаз пендені Жаратушымен рухани байланыстырып, адамның рухы мен еркін тәрбиелеп, пендені сабыр мен мойынсынуға үйретеді. Құранда: «(Ей, Мұхаммед) Саған уахи етілген кітапты оқып, намазды орында. Күдіксіз, намаз арсыздық пен жамандықтан тыяды» (*Анкабут сүресі, 45 аят*) делінген.

Дінтанушы ғалымдар М. Исаұлы, Қ. Жолдыбайұлы былай деп көрсетеді: «Намаз – күллі шүкірді қамтыған

ғибадат» (Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ. Ислам ғылымхалы. – Алматы, 2005. – 407 б.).

Қабан жырау «Азырақ сөз сөйлейік ауызға алып» өлеңінде:

«Бір Аллаһ иманыңды нәсіп қылса,
Ішерсің хаузы кәусар суың қанып» –

деп жырлайды (Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 154 б.). Бұл жердегі Хаузы кәусар – Жаннаттағы өзеннің аты. Қабан жырау иманды болсаң жаннаттан орын алатыныңды ескертеді және нәсіп қылуды тілейді. Осы өлеңінде:

Жігіттер, кедей болсаң қылғын шүкір,

Құдайға ғасы болма, босқа налып (Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006.-154 б.).

Ақын бар мен жоққа шүкір етуге шақырады, адамның Аллаһ тағалаға қарсы келуі күнә екенін ескертеді. Шүкір тілмен және амалман орындалады. Адам баласы әрқашанда өз өміріне, жеткен жетістігіне, мал-мүлкіне шүкір ете бермейді. Шүкіршілік ислами құндылық ретінде ахлақтық тұрғыдан дәріптеледі. Қазақ мәдениетінде шүкіршілік ерекшелік мәнге ие. Қазақтар амандық-саулық сұрасқанда «шүкір» ұғымын қолданады. Шүкір – адамның өткенгі және бүгінгі өміріне деген қанағатты білдіреді. Аллаһ Тағала Құранда: «Енді Мені еске алыңдар, Мен де сендерді еске аламын және Маған шүкірлік қылыңдар да, қарсы болмаңдар» (Бақара, 152). «Егер шүкір етсеңдер нығметімді артыра беремін, ал егер қарсы келсеңдер азабым тым қатты» (Ибраһим, 7). Шүкіршілік ислами ұғымда құлшылықтың маңызды қыры ретінде пайымдалады. Адамдар бір-біріне жасаған ізгі амалдары мен

өзара жәрдемі үшін алғыс пен шүкіршілік білдіреді. Бұл дүниедегі әрбір күнге шүкір айту пенделік міндет.

Қабан өлеңдері тәлім-тәрбиелік мән-мағынаға ие. Жыраудың ой-толғаулары бүгін де мағынасын жойған жоқ.

Тіл алсандар шырағым,

Өсек сөзді елеме.

Үйір болғын шырағым,

Жақсы сөзге өнеге – *(Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006.-157 б.)*

– деп, ел арасына бүлік пен жанжал тудыратын өсектің зияндығын көрсетеді. Қазіргі уақытта кейбіреулер өсекті кәсіп етіп, нан тауып жүр. Өсек – ел тыныштығын бұзатын жат жағымсыз мінез. Өсек тасушы пенде арасына от тастап, адамдардың бір-біріне деген сенімсіздігін тудырады. Өсек ерлі-зайыптылардың отбасылық өмірін бұзып, дос-жарандарды ажыратып, бауырларды жауластырады шындық. Құранда: «Өте айыптағын, өсек тасығышқа бойұсынба» делінген. *(Қалам 11).*

Ислам ахлағы мұсылмандардың әдептілік және салауатты өмір салтын ұстану жүйесін құрайды. Дінтанушы ғалымдар С. Сейтбеков, С. Нысанбаев былай дейді: «Ахлақ ілімі адамға дұрыс жолды көрсетеді және осыларды істеуін қалайды. Жаман, сүйкімсіз әрекеттерден тыйып, олардан бойды аулақ ұстауға үгіттейді» *(Сейтбеков С., Нысанбаев С. Ислам әдебі. – Шымкент, 2003. - 142 б.)*

Исламтанушы ғалым М. Юсуф адам мәдениетіндегі асыл қасиет имандылық туралы былай дейді: «Имандылық Аллаһты танудан бастау алып, Аллаһқа

иман келтірумен кемелденеді» (Юсуф М. Ислам тәлімдері. – Алматы: Шапағат-Нұр, 2002. - 80 б.).

Қазақ жырауларының маңызды жетістіктері олардың рухани мәселелерді шешуге адамгершілік және имандылық тұрғыдан келуі болды. Өз шығармашылығымен олар салауатты өмір салтына шақырып және инабатты, әдепті жастарды тәрбиелеуге көңіл аударды. Рухани жетілуге жеткізетін жол Ислам діні мен әдебін ұстану деп білді.

Туған елін, ата-баба жерін, отанын сүйген Ақтамберді жырау Сарыұлының жыр толғаулары ұлт рухын көтеруге және отансүйгіштік пен ерлікті насихаттауға арналған. Жырау жырларының басты ұраны – ел амандығы, жұрт тыныштығы, халықтың берекелі ынтымақты өмірі.

Балаларыма өсиет,

Қылмаңыздар кепиет,

Бірлігіңнен айырылма,

Бірлікте бар қасиет (Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. –144 б.)

Жас ұрпақты ата-бабаларымыздан аманат ретінде қалған елдік пен бірлікті қадірлі қасиет ретінде ардақтауды мұрат тұтуға шақырған жырау, елді арнамысты, тұтастықты қызғыштай қорғауға үндейді. Елі мен халқына, туған жерге деген сүйіспеншілік пен жанашырлық әрбір адам үшін қастерлі парыз саналады. Ішкі рухани дүниесі бай, иманы берік, ұлтжанды адам елін, тілін, салт-дәстүрін, асыл құндылықтарын ардақтайды. Жырау адамзатты ынтымақ пен бірлікке шақыратын Ислам дінінің біріктірушілік мәніне көңіл аударады. Құранда: «Сендер жақсылыққа шақырып, жамандықтан сақтандыру арқылы игі

үмбет болдыңдар» (*Әли-Имран, 110*), «Шындығында, мүминдер бір-бірімен бауыр»- делінген (*Хужурат, 10*).

Жырау татулығы жарасқан ынтымақты ел бірлікпен жеңіп шығатынына кәміл сенеді. Халқымыздың «Бірлік түбі – береке», «Ырыс алды ынтымақ» – деген мәні терең даналық ұстанымы ел үшін татулықтың асыл құндылық ретінде маңызды екендігін көрсетеді.

Ел аман болсын ылайым,

Тілегім берді бәрін де,

Разымын, Құдайым (*Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. –144 б.*)

Халықтың мұң-мұқтажын, арман-аңсарын жырлап, имандылық пен ұлтжандылықты жырлаған Ақтамберді жырау елдің, жердің амандығын Жаратушыдан тілеп өткен ойшыл.

Үмбетей Тілеуұлы өз заманының тарихи, рухани хал-ахуалын шынайы жырлаған ойшыл. Оның жырларында елдік пен ұлттық құндылықтарды қорғау жолында қаһармандық пен жанкештілік көрсеткен ерлердің батырлығы мен халықтың бірлігі, олардың имани-рухани әлемі мазмұнды түрде баяндалады.

Дін мұсылман баласы,

Адамдықтан жерімес,

Тіл мұсылман, қарашы,

Арамдықтан шегінбес

Дәніккесін бұл шіркін,

Адал бір дән жегізбес (*Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. –145 б.*)

Ислам діні әрбір адамнан Жаратушы алдындағы және адамдар алдындағы адамдық борышын, мұсылмандық міндеттерін орындауды талап етеді. Адамның адамгершілігі мен инабаттылығы қоршаған

ортасына деген қарым-қатынасынан көрінеді. Адам өзгелерге шынайы адал қатынасын өзінің ниетімен, іс-әрекетімен көрсетеді. Өзіне ұнағанды басқаларға тілеуі, өзгенің қажетінен шығу жомарттық пен мәрттіктің белгісі. Хадистерде: «Ең жақсы адам – басқаға пайдасы тиген адам», «Сіздер иманға келмейінше, жұмаққа кіре алмайсыздар. Бір-бірлеріңізді жақсы көрмейінше иманға келе алмайсыздар» – делінген. Ислам діні бүкіл адамзатты бейбіт өмір мен тыныштықта, өзара ынтымақтастықта және бір-біріне кешірімді болуға шақырады. Құранда: «Жазықсыз бір адамды өлтіру бүкіл адамзатты өлтірумен тең» деп көрсетілген (*Маида, 32*).

Үмбетей қазақ мәдениетіндегі естірту дәстүріне сай Абылай ханға Бөгенбай батырдың өлімін естіртеді:

Бөгенбай - сынды батырдың,

Береке берсін артына-ай,

Сабыр берсін халқына-ай,

Жасаған Ие жар болып,

Бейіште нұры шалқығай! (*Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. –147 б.*)

Жырау қазақ батырының отанын, елін қорғау жолында ерлікпен қаза тапқанын айта отырып, отанды қорғаудың абыройлы парыз екендігін жырлайды. Ислам қағидасы бойынша, отанын, ар-ұятын, дінін, жанын, мал-мүлкін қорғау – мұсылман үшін абыройлы міндет. Отанын қорғау жолында қаза болғандар ақыретте жаннаттық болады. Құранда бұл туралы: «Шейіттерді өлдіге санамандар. Олар тірі, Аллаһ біледі, сендер білмейсіңдер» (*Бақара, 154*) – делінген.

Ислам діні Отанға, дүние-мүлікке, жанға қауіп төнгенде және қастандық жасалғанда оларды қорғауды

міндеттейді. Сабырлылық – көркем мінезділік белгісі. Сабыр – Ислам мәдениетіндегі негізгі ұғым және ғибадаттың бірі. Ислам діні адамды ұстамдылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеп, қуаныш пен қайғыда, ғибадатта сабырлы болуға үндейді. Құранда: «Мұхаммед, сабыр ет! Сабыр етуің Аллаһтың ғана мейірімі» (*Нахыл, 127*), «Әрине, кім сабыр етіп кешірімді болса, дау жоқ. Істердің ең маңыздысы осы» (*Шура, 43*) – делінген.

Шал ақын толғауларында ел-жұртын ізгілік пен имандылыққа шақырып, қайырымдылық пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, көргенділік пен көргенсіздік туралы ой толғайды. М. Мағауин Шал ақынның шығармашылығы туралы былай дейді: «Шал ақынның біздің заманымызға жеткен мұрасы тақырыптық жағынан алғанда біршама бай. Бұлар: дін, этика, мораль мәселелері, байлық пен кедейлік, о дүние мен бұ дүние жайлы сөз етілетін философиялық-дидактикалық үлгідегі туындылар» (*Мағауин М. Бес ғасыр белестері // Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1991. - Т. 1. – 384 б.*).

Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бөрі,
Бөріге қой алдырмас ердің ері,
Таяқты қатты ұстап қойшы тұрса,
Жоламас ешбір пәле шайтан-пері.
Жарлығы екі болмас Хақ құдайым.
Жанында серігі жоқ Хақ құдайым,
Жанымды алсаң, құдая, иманмен ал
Шайтанның қазасынан қақ, құдайым
(*Шал ақын. Өлеңдер. Зерттеу деректер. – Алматы: «Арыс», 2003. - 200 б.*)

Қазақ қоғамында орын алған оқиғаларды өз шығармасының тақырыбы етіп алған Шал ақын адамның рухани әлемі мен жан дүниесінің имани негіздерін терең талдайды. Ислам дінінде иман ұғымының тілдік мағынасы адамның сөйлеген сөзін қуаттау, айтқанын қабыл ету, шын ықыласпен сену деген мағыналарды береді. Иман сөзінің діни мағынасы Жаратушыдан пайғамбарға берілген үкімдер мен бұйрықтарды растау және толық түрде шынайы сенуді білдіреді. Құранда: «Аллаһқа және бізге түсірілген нәрселерге иман еттік деп айтындар» (*Бақара, 136*) - делінген.

Ислам пендеге екі дүниенің бақытына жету жолы иманда деп көрсетеді. Иман және үмітсіздік – кереғар ұғымдар. Иман келтірген адам екі дүниенің бақытынан үміт етеді. Сондықтан да, «Үмітсіз шайтан» деген ұғым бар. Себебі, шайтанның тағдыры шешілген, ол Аллаһтың мейірімінен тыс қалған. Шынайы мүмін Аллаһтың рақымынан үміт етіп, үнемі қорқынышпен үміттің аясында болады. Құранда: «Сондай-ақ Аллаһтың мейірімінен күдер үзбедер. Өйткені, Аллаһтың рақымынан кәпірлер ғана үмітін үзеді» - деген (*Юнус, 87*).

Ислам дінінде нәпсіні тазарту жолдарына қатысты мынадай ұғымдар бар: шынайы таухид, намаз, садақа, тыйым салынған іс-әрекеттерді істемеу, үнемі өз нәпсісін қадағалау. Нәпсі Жаратушы мен пенде арасындағы байланысты үзуге әрекет етеді. Сондықтан адам өз нәпсісін қадағалап, тәрбиелеуге ұмтылуы керек. Нәпсі – адам ахлағы мен коркем мінезділігінің жауы. Нәпсі қалауына еркіндік беру адамды азғындық дертіне ұшыратады.

Отансүйгіштік пен имандылықты, ерлік пен тектілікті жырлаған Махамбет Өтемісұлы елдікті, арнамыс пен рухани тазалықты өлеңдерінің өзегі етіп алды.

Бір Аллаһқа сиынып,
Ұрандап жауға тигенде *(Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 195 б.)* деп елі мен жері үшін жан аямай күресу нағыз ерлердің қасиетті борышы екендігін жырлаған ақын, өз өлеңдері мен халықтың рухын көтеріп, елдік мұрат пен ұлттық мүдде үшін жан киярлық ерлік үлгісін көрсеткен батырларды ардақтап, ел басына күн туғанда, Жаратушыға сиынып, отанды қорғауға шақырады.

Қазақ әдебиетіндегі имандылықтың көрініс беруіне келер болсақ, ақын-жыраулардың жырлары мен толғаулары Құран мен хадистің рухани қуатынан нәр алғанын көреміз. Мұрат Мөңкеұлы – имандылық пен көркем мінезділікті ту етіп көтерген, сол уақытта қазақ қоғамында орын алған дұрдараздық, паракорлық, мейірімсіздік, әділетсіздік сынды жаман мінез-құлықтарды айтып күңіренеді.

Адамның азған белгісі
Екі кісі дауласса,
Тату бол деп айтпайды.
Арасынан пара алған,
Екі айырып арасын,
Мұсылманның баласы,
Қашуды қойды арамнан.
Шапағат, қайыр қалмады.
Жақын-жуық жараннан *(Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 238 б.)*

Кісілік пен имандылық, адалдық пен әділдік сынды құндылықтардың ел ішінде ұмыт бола бастаған заманда ақын халықты тәубаға келуге, иманға бет бұруға шақырады. Оның туындылары ел-жұртты көргенділікке, ауыз-бірлікке, ізеттілікке, адалдық пен кемелдікке үндеуімен құнды. Ақынды толғандыратын ағайын арасындағы араздық. Араздасу мұсылмандық әдепте үш күннен артық болмау керек. Хадисте: «Бір мұсылманның үш күннен артық мұсылман бауырына араз болуы халал емес» – деген. Мұсылмандардың өзара түсіністік пен сыйластықты ұстануы сауапты іс. Халқымызда «Айырылсаң – азарсың, қосылсаң – озарсың», «Жақсы адамның ашуы шай орамал кепкенше» деген даналық бар.

Ақын өлеңдерінің құндылығы елдік пен бірлікті жырлауында жатыр. Парақорлық адамзат қоғамында орын алып отырған дерт. Ислам дінінде пара алушы да, пара беруші де, екі ортада делдал болушы да күнә істеген болады. Құранда: «Араларындағы малдарыңды бұзық жолмен жемендер. Сондай-ақ біле тұра адамдардың малынан бір бөлік жеу үшін билерге апармаңдар» – деп, пара беруге тыйым салған (*Бақара, 188*). Хадисте: «Үкім беруде пара бергенге және алғанға Аллаһ лағынет етсін» деген. Қазіргі таңда паракорлық пен жемқорлық қоғам өмірінде дертке айналған құбылыс болып отыр. Бұл дерттердің алдын алу үшін әрбір саналы, иман жүзді азамат өзінің ішкі мәдениеті мен әдебін жетілдірін, күнәлі істен бойын аулақ ұстауы тиіс. Мұрат ақын елін ақыретті ойлап жаннатқа ұмтылуға және Шариғат жолына шақырды. Ислам ұстанымы бойынша, әрбір мұсылман қоғам

игілігі мен ел мүддесі үшін қызмет етіп, дін бауырларын жақсылыққа шақыруға міндетті.

Ақын-жыраулар ұлтты әдепсіздіктен, күнәлі істерді жасаудан сақтандырып, мұсылманшылық әдеби қалыптарын өмірлік ұстаным ретінде көрсетті. Ақын-жыраулар өздері иманды, ізгі ниетті, жылы жүректі терең талғамды болғандықтан, ақиқатты жырлап, ел-жұртын іштей түлеп, тексіздіктен, күшірліктен, сенімсіздіктен, астамшылдықтан сақ болуға үндеді.

Ақын-жыраулар Ислам діні мен оның құндылықтарын ұлттық мінез-құлық пен әдептік қалыпқа, дүниетанымға ықпал етуші өнегелі, ибалылық бағдар ретінде ұсына отырып, діннің әлеуеті рухани қуатты күш ретіндегі орнын дәл көрсете білген. Ақын-жыраулар дін құндылықтарын адамның имани саулығы мен ахлақтық ұстанымын кемелдендіретін негіз ретінде айқындай отырып, көркем мінезділікті насихаттады. Құран мен Сүннетті ұстану – ақын-жыраулар үшін ынтымағы жарасқан тыныштық пен жарасымды өмірге ұйытқы негіз, елдің рухын көтеруші және имандылық пен әдептіліктің қайнар көзі.

С. Дәуітұлы жыраулар мұрасындағы ислами түсініктерді көрсете келе, былай дейді: «Жыраулық поэзияның түп қазығы – ақыл-нақыл скендігі әммеге аян» (*Дәуітұлы С. Хақ жолында. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006. – 352 б.*). Ақын-жыраулар – Ислам құндылықтарын ұлттық діл мен дүниетаным ерекшеліктеріне сай насихаттаған имани әдебиеттің және ғибратты тәлімнің жарқын үлгісі. Ақын-жыраулардың мұрасын бүгінгі заман талабына сай тиімді қолдана білсек, исламның адамзатқа ортақ құндылықтарын тереңнен игеріп, ұлттық әдептегі



діни ахлактық ұстанымдарды түсінуге жол ашылады. Ұлттық тұтастық пен рухани биіктікті жырлаған ақын-жыраулардың ұстанымдары – елдік мұратымызға қызмет ететін асыл мұра. Ақын-жыраулардың жырлары – Құранның рухынан нәр алып Ислам құндылығын жырлаған туындылар.

Өзіндік бақылау сұрақтары:

1. Бұхар жырау мұрасындағы Ислам парызы туралы ой-толғаулар.
2. Қабан жыраудың ғибадат туралы ойлары.
3. Шал ақынның мұрасындағы Ислам құндылықтары.
4. Шалкиіздің ахлак туралы ой-пікірлері.
5. Ақын жыраулар мұрасындағы иман, әдеп, кемелділік туралы ой - түсініктер.
6. Ақтамберді дүниетанымындағы рухани құндылықтар.
7. Махамбет Өтемісұлының рухани мұрасы.
8. Мұрат Мөңкеұлы: имандылық пен көркем мінезділік туралы.

Қазақ ағартушыларының діни ізденістері

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырлар басында қазақ қоғамында экономикалық, саяси және рухани жағдайдың алмағайып кезеңі болатын. Отарлық әкімшілік жүйе қазақтың мәдениеті мен діни дәстүрін, білім беру жүйесін әлсіретіп кұртуға бағытталды. Патшалық Ресей қазақтарды рухани отарлауды тілі мен дінінен, салт-дәстүрінен айыру жолымен шоқындыру саясатын қарқынды түрде жүргізе бастады.

Қазақстанның Ресейге күштеп қосылуының нәтижесінде қазақ халқы орыс мәдениетімен танысып, осы арқылы Батыс еуропалық мәдениеттің озық жетістіктерін игерді. Философ-ғалымдар А. Қасабек, Ж. Алтаев: «Қазақстандағы ағартушылық ойдың қалыптасуына XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы орыс ағартушыларының, әсіресе революциялық демократизмнің ықпалы қатты әсер етті. Орыс революционер-демократтарының идеалдары Қазақстан ағартушы-демократтарының жанына жақын келді» деп көрсетеді (*Қасабек А., Алтаев Ж. Қазақ философиясының тарихына кіріспе. – Алматы: Ер-Дәулет, 1994. – 149 б.*)

Бұл дәуірдегі ақындар, ойшылдар мен зиялылар өз білімдерін медреселерде алып, ел мүддесі мен руханияты үшін күш-қайратын жұмсаған қайраткерлер болатын. Қазақ оқымыстылары мұсылмандық шығыс пен батыс мәдениетінің озық жетістіктерін терең

меңгеру арқылы, ұлттық болмыс пен ұлттық ділдің ерекшеліктерін тереңінен тану арқылы өздерінің шығармаларының күш-қуаты мен рухани әлеуетін ұлттық-сана сезімді оятуға, рухани құндылықтарды жандандырып, өрлету жолына арнады. Қазақтың ойшылдары мен зиялылары Ресей отарындағы мұсылман халықтарының көшбасшылары тәрізді, Ислам діні мен құндылықтарын отаршылдыққа қарсы бағытталған күрестің негізгі тірегі ретінде қабылдады.

XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасыр бас кезіндегі қазақтың діни-философиясының өкілдері Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Ғұмар Қараш, Шәді Жәңгіров, Майлықожа Сұлтанкожаұлы, Нұржан Наушабаев, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Ақмолла Мұхамметияров, Әбубәкір Кердері, Мақыш Қалтаев, Нұржан Надшабаев, Мұсабек Байзақұлы, Әріп Тәңірбергенов, Иманжүсіп Құтпанұлы өз шығармаларында және дүниетанымдық ізденістерінде мұсылмандық мәдениет пен әдебиеттің негізгі тақырыптары Жаратушы мен адам қарым-қатынасы, дүниенің жаратылуы, мұсылмандық ғалам құрылымы, мұсылмандық әдеп пен ахлақ мәселелерін көтерді. Жоғарыда аталған ойшылдардың мұрасы мен дүниетанымдық көзқарастары ислами философиялық негізде көрінді. Өйткені мұсылмандық мәдениет пен білімнің және рухани тәрбиенің қайнар ошағы медреселерде Ислам ілімі мен ғылымы, Ислам философиясы мен мұсылмандық әдеп негіздері оқытылды. Сондай-ақ олардың дүниетанымының қалыптасуына сол заманның белгілі мұсылман ойшылдарының еңбектері мен Ислам әлемінде болып жатқан саяси-әлеуметтік, мәдени үдерістер де ықпалын тигізді.

Діни философтар өз шығармашылықтарында мұсылмандық мәдениеттің бастауларына назар аударып отырды. Бұл тұста назар аударатын мәселе ортағасырларда түркі, парсы және араб тілдес халықтар әдебиетінде кеңінен таралған «назира» дәстүрі болатын. «Назира» дәстүріндегі негізгі ұстаным белгілі бір нақты тарихи уақытта жырланған тақырыпты екінші бір тарихи уақытта белгілі бір халық мәдениетінде жаңа қырынан баяндау, яғни, нақты бір тақырыпты халықтың ұлттық дүниетанымы мен менталитетіне сай және психологиялық қабылдау ерекшелігіне бейімдеп, заманына сай әлеуметтік мәселелерді көтере жырлау. Осы дәстүрде қалам тартқан қазақ ойшылдары мен жыраулары мұсылмандық шығыстық әдебиеттерінің тақырыптарын қайнар көз ретінде қолдана отырып діни дастандарды тудырды. Бұл дастандарда ғалам жаратылысы, исламның бес парызы, иман шарттары, шариғат үкімдері, хадистер, ахлақ, діни әдет-ғұрыптар жан-жақты көркем түрде бейнеленді.

Жоғарыда айтылған діни ойшылдардың шығармашылығы туралы М.О. Әуезов былай деп көрсетеді: «Шығыстың кітаби-эпикалық мәдениетін меңгерген және араб, иран классикалық поэзиясының өте көп сюжеттерін, тақырыптарын «назира» рухында жырлаған, мұнымен қоса шығыстың басқа көп халықтарының аңыздарын, ертегілерін, тұрмыс-салт жырларын және батырлар жырларын жатқа білетін бір топ кітаби ақындар жұмыс істеді» (Әуезов М.О. *Әр жылдары ойлары*. – Алматы, 1961. – Б. 216.).

Жоғарыда аталған қазақтың ақын-жырауларын кітаби ақындар немесе діни ағартушылар деп атау қалыптасқан. Олардың шығармалары мен

дүниетанымдық көзқарастарын ұлттық философия тарихындағы діни-философиялық бағыт ретінде қабылдап бағалаған жөн деп санаймын.

Осы тұста айта кететініміз, ХІХ ғасырдың соңғы ширегі мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақтың қоғамдық ой пікіріндегі діни ойшылдар өз шығармашылықтарында аталған тақырыпта ізденістер жүргізді. Аталған ойшылдар өз ізденістерінде шығыстық тақырыпты қазақ өмірінің шындығына сай бейімдеп суреттеді. Бұл рухани қажеттілік халықтың рухани сұранысын өтеумен қатар, халықты діни құндылықтарды ардақтауға үндеп отырды.

Мұсылмандық шығыс мәдениетінің қайнар бастауларына сүйенген діни қисса-дастандар ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың бас кезінде жарық көрген қазақ кітаптарының тиражы екі жарым миллионнан асқанын қазақтың баспа ісі тарихын зерттеуші ғалымдар дәлелдеп шыққан. «Ал «Қыз Жібек» 1894-1917 жылдар арасында 13 рет жарық көріп, жалпы тиражы 100 000 дана болған. «Шахмардан» және «Қасым-Жомарт» дастандары 5-10 реттен жарық көргенде әрқайсысының жалпы тиражы 20-25 000 данадан болған» (*Қазақ халық әдебиеті: көп томдық. Дастандар. – Алматы: Жазушы, 1990. – Т. II. – 8 б.*)

Қазақтың белгілі ойшыл ақыны Жүсіпбек Шайқисламұлы ізденістері «Жүсіп-Зылиха», «Қасым-Жомарт», «Дариға қыз», «Мұңлық-зарлық», «Зарқұм», «Кербаланың шөлі» атты қиссалары елдің рухани қажетін өтеді. Сондай-ақ діни ойшыл Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр Шәріп», «Атымтайдың хикаясы», «Хикаят Қамарзаман» «Хикаят Халифа арон – Ар Рашид», Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Миғраж»,



«Пайғамбардың дүниеден өтуі», «Хаятбақшы», «Әдһам диуана мен Ибраһим» және т.б. А.Сабалұлы «Ибраһим қиссасы», «Ысмағұл қиссасы», «Бес намаз», «Қырық парыз», «Ғибрат-наме», «Адам қиссасы». Бұл аталған қисса-дастандар өзінің көркемдік және эстетикалық қырымен және ислам құндылықтарды насихаттауымен де құнды дүниелер. Қисса-дастандардың құндылықтық және дүниетанымдық және философиялық астарларын ашу арқылы ойшылдардың дүниетанымдық көзқарастарына әсер еткен мәдени-рухани негіздерді танып білеміз. Ислам діні мен философиясының ұғым-түсініктеріне сүйенген діни дастандар сан уақыт халқымыздың Ислам дінінің тарихынан хабардар болып, мұсылмандық мәдениет пен ахлақтан ажырамауына түрткі болды деп ойлаймыз.

Қазақ оқымыстылары Ислам құндылықтарын халық санасында ояту жолымен дәстүрлі мәдениеттің рухын көтеру жолында еңбек етті. Осы кезеңде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары мен діни дастандары, 1884 жылы Қазан қаласында араб әріпінде басылып шыққан Ыбырай Алтынсариннің «Шариат-ул ислам», («Мұсылманшылдықтың тұтқасы»), 1911 жылы шыққан Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық шарты», Ғұмар Қараштың еңбектері халықарасында Ислам құндылықтары мен мәдениеті, ілімдік негіздерін түсіндіру мақсатын көздеді. Бұл шығармаларда Ислам, иман, ихсан, әдеп мәселелері көтерілді.

Қазақ халқының рухани мәдениетінің даму тарихында ағартушылық мәдениеті мен идеологиясының алатын орны туралы О.А. Сегізбаев: «Батыс ағартушылығынан өзгешелігі қазақ ағартушыларды қанауды өткір сынады. Осы тұрғыдан алғанда қазақ

ағартушылары әлемдік ағартушылық ойға баға жетпес үлес қосқаны даусыз» – деп көрсетеді. (Сегизбаев О.А. *Казахская философия ХУ – начала ХХ века.* – Алматы: Ғылым. 1996. – 472 с).

XIX ғасырдың екінші жартысында тарих сахнасына шыққан қазақ ағартушылығы қазақ қоғамының тарихи-мәдени және саяси-әлеуметтік дамуы үдерісінен айқындалады. Патшалық Ресей боданына айналған қазақ жеріндегі ағартушылық-демократтық ой-санаға Ресейдің және Еуропаның ағартушылық идеологиясы ықпал етті. Қазақ ағартушылары өркениеттік сұхбаттастық аясында озық ойлы еуропалық білім мен ғылымның, шаруашылықты жүргізудің заман көшіне сай үлгілерін қазақ қоғамына енуін және осы мақсатқа орай ұлттық сананы оятып өркениеттік құндылықтарды меңгеру арқылы азаттық пен әділеттілікке, теңдік пен бостандыққа ұмтылған рух азаттығы мен мешеуліктен арылуға үндеген ұлттық ой-сана қозғалысы болатын.

Қазақ ағартушыларының дүниетанымының және шығармашылық ізденістеріне сол уақыттағы орыс ағартушыларының ықпалы елеулі болды. Халыққа білім беру, сауатсыздықпен күрес, мәдени-ағарту идеясы сынды ортақ мұраттар әлемдік ағартушылық құбылысына тән. Батыс Еуропада ағартушылық феодалдық құрылыстағы және діни билікті сынап, танып-білуде ырымшылдық жаңа қалыптасып келе жатқан буржуазияның тілектестері мен қолдаушылары болды. Франция мен Англиядағы ағартушылық сенімді емес ақылдың рөлін ұлықтап биікке көтеруін, діни наным мен ескішілдікке қарсы күресті. Олар ғылыми және философиялық ойдың еркіндігін, көркем шығармашылық, азаматтық пікірлерді ардақтады.

Ағартушылықта жаңа тап – буржуазияның идеялық және саяси санасы үйлесімді түрде бірікті» (*История философии в кратком изложении / И.И. Богута. – М.: Мысль, 1991. - 590 с.*).

Қазақ ағартушылығы қазақ ұлтының бүгінгі тағдыры мен болашағы туралы толғанып, халықты рухани ояту және келеңсіз мінез-құлықтан жанару мен арылу ұлттық құндылықтарды баянды ету жолына қызмет етті. Олар ұлттың бірлік пен ынтымақты тірлігін, дәстүрі мен ұлттық рухты серпілту тарихи сананы сілкіндіру, отаршылдық қанаудан қорғану мақсатында ұлт руханиятын сақтауды қасиетті міндет деп санады. Шоқан, Ыбырай, Абай қазақтың қоғамдық ой-санасындағы ағартушылық философиясының өкілдері ретінде қарастырылып келді. Аталған үш ғұламаның дүниетанымы мен шығармашылығы туралы Ғарифолла Есім: «Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев ағартушылар деп анықталды, ал шынында бұл үшеуі жұртқа ұлттық үлгінің үш түрін ұсынған ойшылдар. Үшеуі бір ұғымға, бір арнаға сыймайды, ол үшеуін біріктіріп тұрған бір-ақ мәселе, ол үшеуінің де жұртқа үлгі ұсынулары» - деп, көрсетеді. (*Есім Е. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 103 б.*)

Шоқан Уәлиханов этнология, фольклор, география, шығыстану, әскер ісі, өлкетану және тағы басқа салаларда жемісті еңбек еткен, қазақ мәдениеті мен ғылым тарихындағы көрнекті тұлға. Шоканның көп салалы шығармашылығы күні бүгінге дейін зерттелу үстінде. Оның дінтанулық ізденістерін талдау бүгінгі таңдағы дінге деген қызығушылықтың өсіп отыруымен байланысты. Шоканның сан-салалы ғылыми еңбектерінде

дін мен сенім мәселесін де назарынан тыс қалдырмаған. Шоқан Құсмұрында мұсылманша сауатын ашып, 12 жасында Омбыдағы Сібір кадет корпусына оқуға түсіп, мұнда орыс, француз, неміс, парсы, түркі тілдерін оқып үйренеді.

Шоқан шығыстың жұлдызы жарық тұлғасы ретінде туған халқының мұрасын зерттеумен шектелмей, көрші халықтар мен өлкелердің рухани мұрасын қамтыған, яғни көптеген ұлттар үшін кәдеге жарайтын ғылыми еңбектер жазды. Шоқанның кіндік қаны тамған жері, өмір белестерінің кей тұстарына қатысты мәселелер шоқантануға бүгінгі күнге дейін талас тудырып отыр. Шоқан – ғылым тарихындағы көрнекті тұлға, қазақ санасын сілкіткен рухани шамшырақ. Қазақ халқының тағдырына біткен жарық жұлдызы. Сондықтан да Шоқанның еңбектерін зерттеу мен бағалау, зерделеп, насихаттау бүгінгі буын үшін маңызды. Қазақтың классик жазушысы Ғабит Мүсірепов: «Шоқаны бар ел – шоқтығы биік ел» – деп бағалаған, оның қазақ руханиятын, ғылымын дүниеге танытудағы танытқан ғылыми мұрасын зерттеу уақыт талабы.

Шоқан – өз заманының және халқының абзал перзенті. Шоқан өз уақытындағы белгілі зиялы қауым өкілдерімен, ғалымдармен, қоғам қайраткерлерімен, беделді тұлғалармен аралас болған, олармен ізгі қарым-қатынас орнатқан. Оның еңбектерінде қазақ халқының әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрі, наным-сенімі, тарихи тұлғалары Керей мен Жәнібек хандар, Асан қайғы, Абылай хан, Бөгенбай, Сырымбет, Баян, Оразымбет, Малайсары батырлар, Бұқар, Тәттіқара жыраулар, Қазыбек би туралы баяндалады. Ол қырғыз халқының бір уақыттағы өмірі мен тарихы, дүниетанымы, діни,

адамгершілік туралы ой-түсініктерін жинақтаған «Манас» эпосын орыс тіліне аударып, әрі зерттеп, Еуропа жұртшылығына тұңғыш таныстырды.

Шоқан өз елінің тарихын, тұрмыс-салты мен мәдени мұрасын зерттеумен қатар, Орталық Азия елдерінің руханиятына да көңіл бөлді. Х.Әбжанов Шоқанның тұлғалық бітім-болмысы туралы: «Дәстүрлі қазақ қоғамының бел баласы Шоқан еуропалық жан-жақты білім алып, алыс-жақын елдерге барғанда әр алуан өркениеттерді салыстыру арқылы адамнан адамның, жерден жердің, салт-дәстүрден салт-дәстүрдің несі артық екенін дөп басып танитын қабілетін ұштай түскені» – деп көрсетеді (*Әбжанов Х. Шоқан және тұлғатану // Егемен Қазақстан. – 2010, қазан – 22*).

Шоқан шамандықтағы аруаққа сенім, жанның ауысуы сынды (фетиштік) сенім белгілерін атап көрсетеді. Егер өлгеннен кейінгі ырым-жоралар дұрыс орындалса, онда өлген адамның рухы жайбарақат рақат күйге түсіп өз үрім-бұтақтарымен туған-туыстарына шапағатын тигізіп, жебеп жүреді. «Үкінің басы, аяғы мен қауырсыны жын-періден қорғайды... сондықтан үйдің әр жеріне бесіктің басына іліп қояды». Шоқанның жасампаз қабілет-қарымы мен көп салалы ғылыми ізденісі дәуірлік құбылыс ретінде бүгінгі еліміздің тарихы мен мәдениетін жаңғыртудағы орнымен айқындалады.

Қазақтың біртуар перзентінің өнегелі ғұмыры мен дархан дарынын оның дінтанулық зерттеулері де аша түседі. Ұзақ жылдар бойы қазақ ағартушыларының соның ішінде Шоқан Уәлиханов шығармашылық мұрасы мен дүниетанымдық ізденістерімен пантеизм, деизм, атеизм іздерін іздеп табуды мақсат еткен ғылыми атеизм ұстанымдары Шоқанның дінтанулық

ізденістерін толыққанды талдауға мүмкіндік бермеді. Ғылыми таным көкжиегінің бүгінгі талаптары тұрғысынан Шоқанның мұрасының дінтанулық қырын қарастыру қазақ дінтануындағы бақсылар, әруак, Тәңір, Құдай, шайтан, пері, албасты, жын, диуана, әулие, машайық, кесір, кие, құт, жауырыншы, жады, ұшық, аластау, қағынды, шырақ сияқты ұғымдардың мәні мен сырын әлем оқырмандарына ғылыми негізде таныстырады. Қазақ өміріндегі ырым-жоралардың түрлерін айқындауда Шоқан қазақ халқының діни-наным сенімдеріне, этнографиясына, өлең-жырларына, аңыз-әңгімелеріне, батырларына қатысты ғылыми-танымдық зерттеулер жасаған.

Профессор Р. Сыздық Шоқанның этнографиялық зерттеулері туралы былай деді: «Қазақ өміріндегі ырым-жырымдардың қандай түр-түрлері болғанын бүгінгі қала тұрғындары, әсіресе кейінгі ұрпақтар Шоқан сияқты жан-жақты эрудиттің шығармаларынан оқып біле алады. Нағыз ырымды сақтаған қазақ әралуан жорықтар мен барымталасу кезінде аттан түс, атты байла демей, атқа қон, атты бекіт дейтінін, сапты аяқты «жолды аяқ» деу керек екенін Шоқаннан ғана оқып білеміз» (*Сыздық Р. Шоқанның тілтанымдық тұлғасы // Қазақ әдебиеті. – 2010. – қазан – 22*).

Ағылшын этнологы, дінтанушы ғалымы Дж. Фрэзер анимизм теориясына магияны зерттеуді қарсы қойды. Ол адамзаттың тарихының дамуының үш кезеңін – магия, дін, ғылымды бөліп жара көрсетеді. (*Фрэзер Дж. Золотая ветвь. – М., 1983. – С. 39*).

Фрэзер позитивті (жағымды) магия (арбау) және негативті (теріс) (табу) түрлерін атап көрсетеді. Фрэзер ұқсастық заңына негізделген арбау тәсілдерін

гемопатиялық магия, ал жанасу немесе жұғу заңына сәйкес арбау тәсілдерін кантагиозды магия деп атады. Магияның екі түріне де ол «симпатиялық магия» деген атау береді. Өйткені заттар құпия сырға толы болмысымен бір-біріне импульсі қашықтан ықпал етеді, бұл ықпалдастық көзге көрінбейтін эфир секілді бірінен екіншісіне беріледі.

Далалық зерттеуші және діннің теориялық ыңғайларын жүйелеуші ретінде белгілі ағылшын этнограф ғалым Б. Малиновский магия сенім мен дәстүрге негізделеді, ал ғылым тәжірибе мен ақылға сүйенеді. Дін қызметі тылсым күшпен байланыс орнатып, дәстүрге құрмет пен қоршаған ортамен үйлесімділікті дамыту, өмірлік қиындықтар және ажалмен күресте адамға сенімділік береді. Магия мендік сакральдық (қасиеттілік) саласын құрайды. Ғылым профандылық саласын қамтиды. Магия мен дін адамға дағдарысты жағдайлардан шығу жолдарын ұсынады. Магия дуа, ғұрып, сиқыршы әрекет ететін жағдайлар сынды техникалық формаларға ие. Дін өзі атқаратын қызметтері мен ілімдік құндылықтары мен құлшылық ету рәсімдерімен ерекшеленеді. Машковскийдің пікірінше, ғылым, дін және магия ортақ мәдени міндеттерді шешуде түрлі, бірақ өзара бірін-бірі толықтырушы жұмыс атқарады.

XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан натурмифологиялық мектеп өкілдері діннің басты элементі ретінде мифті (аңыз) атап көрсетті. Осы мектептің негізін қалаушылардың бірі Я. Гримм заманауи фольклор материалдарының негізінде көне аңыз-эпсаналарды түсіндіру дәстүрінің негізін қалады. Ол неміс халқының діни санасында көрінетін христиандық

сенім мен ежелгі наным қатпарларын зерттеу жолымен, яғни, «қос сенім» идеясын ұсынды. Халық ертегілері, аңыздар, хикаялар халықтың ежелгі нанымын шынайы бейнелейді. Сондықтан да халықтың поэзиясы, ертегілері, әдет-ғұрыптары, ежелгі аңыздар мен діндерді түсіндіру үшін негіз болып табылады.

Қазақ халқының дүниетанымындағы исламға дейінгі наным-сенімдер мен Ислам дінінің бір-бірімен ұштаса көрінуі жөнінде Шоқан былай дейді: «Халық отқа табынып, ал бақсылар болса, жын-перілермен қоса мұсылмандардың періштелерін де шақырып, Аллаһты да мадақтады. Осылай екі дінді араластыра табыну ешқандай қайшылыққа жатпаған, қазақтар екеуін де қосып ұстанған».

Осы күнге дейін кейбір нанымдар мен ырымдардың дәстүрімізде болуы ханафиттік мәзһабтың исламға дейінгі әдет-ғұрыптарға жұмсақ қарағандығынан, демократиялық ұстанымынан, Ислам мен халықтық дәстүрдің үйлесімді үндесуімен айқындалады.

Философ-ғалым С.Ақатай «Ертеректегі қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы исламның ежелгі наным-сенімдерімен, көзқарастармен синкреттік қосындысын көрсетеді. Ш. Уәлиханов мұны екі дінге бірдей табынушылық деп атаған» - деп, атап көрсетеді (*Ақатаев С.Н. Мировоззренческий синкретизм казахов – Алматы, 1993. – 150с.*)

Осы қос дінділік туралы Б. Ғабдуллин былай деген: «Осы екі дінге бірдей табыну қазақтар арасында Октябрь революциясына дейін созылып келеді, дінге сенушілердің арасында бұлардың қалдығы қазірге дейін бар делік» (*Уәлиханов Ш. Қазақтардағы*

шамандықтың қалдығы // Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. – Алматы, 2008. – 5-т.- 448 б).

Қазақ халқы Ислам дінінің парыздары мен иман шарттарын, ғұрыптарын орындаған, яғни бір жаратушыға табынған, ал исламға дейінгі кәде-жоралар мен ырымдар халықтың салт-дәстүрі мен мәдени ілкі тек көрінісі болып қалады. Бұл өркениетті халықтардың діни мәдениеті мен санасында, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарына тән белгі. Бір дінді ұстанатын халықтар арасында ұлттық ерекшеліктер (ұлттық діл, ұлттық киім, тағам, дәстүр, мереке) сақталуы бұл әрбір халықтың өзінің ұлттық бітім-бөлмысы мен бет-бейнесін, бірегейлігін айқындаушы фактор.

Философ-ғалым Орынбеков М.С. былайша ой толғайды: «Ежелгі наным-сенімдерден көшпенділер өздерінің әмбебап рухани негізі мен мәнін, тіршілік мақсатын тапты. Қазақстандағы исламға дейінгі барлық нанымдар – тәңірлік, шамандық, митраизм және зороастризм өзара сабақтастық мәнін көрсетті» (*Орынбеков М.С. Қазақ сенімдерінің бастаулары: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. -4б.*).

Қазақ дінтануының негізін қалаушы Шоқан қазақ мәдениетіндегі шамандықты алғаш зерттеуші ретінде шамандық ұғымы арқылы қазақ жеріндегі ежелгі наным-сенімдерді шартты түрде топтастыра талдайды. «Шамандық кезкелген діннің магиялық практикасы ретінде, кейде шеткі иррациональды философия (мысалы, спиртуализм) түрінде көрінеді. Шаманизм дербес діни жүйе ретінде емес, кезкелген діннің, соның ішінде ежелгі дін формасының құрамдас бөлігі ретінде қабылданады. Қазақтардағы бақсы ең алдымен ақын, жыршы, сәуегей, емші және көненің көзі» (*Акатаев*

С.Н. Мирвоззренческий синкретизм казахов – Алматы, 1993. – с. 17).

Шамандық нанымы гетерогенді, яғни біртекті емес әр текті. Шамандықта ата-баба рухы, жанның мәңгілігі, откатабыну, заткатабыну, тылсым күшке сенім, өмір мен ажал туралы түсініктер айшықталған. Философ-ғалым Орынбеков М.С.: «Бүгінде Қазақстанда шамандық халық медицинасы ретінде сақталып отыр» - деп көрсетеді. (*Орынбеков М.С. Қазақ сенімдерінің бастаулары: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. -516).*)

Қазақ діни мәдениетінде аузымен шоқ шайнаған бақсылар емшілік және ғұрыптық қызметтер аткарып, халқымыздың руханиятында көне жәдігерлік рәміздер ретінде қалды.

Ш. Уәлиханов «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «Тәңірі» атты еңбектерінде тәңір ұғымы мен оның халық дүниетанымындағы орнын қарастырады. «Аспан – шамандықтағы ең күдіретті жаратылыстың жаратушысы. Көк тәңірі – көк аспан деп аталады. Қазақтар ұғымындағы бірінші аталатын сын есім «көк» көріністі бейнелейді және заттық түсінікті білдіреді, ал зат есім (тәңір) «көк» атауының (синонимі) баламасы» (*Уәлиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы // Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. – Алматы, 2008. – 5-т.- 448 б).*)

Тәңірлік ежелгі түркілердің ортақ көне нанымы, соның ішінде қазақ халқының санасы мен дәстүрінде орын алды. С. Ақатай: «Қазақ халқының ұлттық сана-сезімін қалыптастырған дәстүрлі рухани құндылықтар арасында ғаламдық ғарыштық культ – тәңірлік бар» –

деп көрсетеді (*Акатаев С.Н. Мировоззренческий синкретизм казахов – Алматы, 1993. – 60 б.*).

Бүгінгі таңда Тәңірі сөзі, Аллаһ, Құдай сөзімен қатар қолданылады. Құран кәрімнің қазақша мағына және түсінігін берген белгілі исламтанушы-ғалым Халифа Алтай: «Зұхрұф» сүресінің 84 аятын аудармасын «Ол сондай Аллаһ, көкте де Тәңір, сондай-ақ Жерде де Тәңір» - деп келтірген. «Тәңір жарылқасын» деп бата беру, ашу үстінде «көк сокқыр» деп жеку, Тәңірберген сынды есім тәңір ұғымының халық өмірі мен дүниетанымының терең қатпарлы қабатында орныққанын көрсетеді.

Шоқан адамзат тарихындағы ежелгі наным-сенімдерді және әлемдік діндер (буддизм, христиандық, ислам) тарихы мен ілімдеріне ғылыми тұрғыдан талдау жасаған. Философ-ғалым Сегизбаев О.А.: «Оның Ислам дінінің тарихы мен ілімінің шынайы білгірі болғандығына еш күмән жоқ және Ислам ілімінің мәні мен даму тарихын өзіндік көзқараспен зерделегені, оның Ислам діні мәселелеріне қатысты мақалалары мен шығармаларынан байқалады» - деп көрсетеді (*Сегизбаев О.А. Казахская философия ХУ – начала ХХ века. – Алматы: Ғылым. 1996. – с. 253-254*).

Қазақ ағартушыларының дінге қатысты көзқарастарын зерттеуші Б.Ғабдуллин былай дейді: «Шоқан Ислам дінінің шығуын ғылыми тұрғыдан түсіндірген» (*Ғабдуллин Б. Шоқан, Ыбырай және Абай дін туралы (Шаманизм, ислам, атеизм, деизм, антиклерикализм) – Алматы: Қазақстан, 1998. – 104 б.*). Шоқан Ислам дінінің тарихы, исламның қазақ жерінде таралуы мен орнығуы, Ислам дінінің халық дүниетанымында,

әдет-ғұрпында, тұрмыс-салтында алатын орны туралы, ғылыми негізде зерттеулер жүргізген.

Алты шаһардың немесе Қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұхараның) шығысындағы алты қаласының жайы туралы 1858-1859» атты еңбегінде Шоқан былай деп жазады: «Бүкіл мұсылман шығысында Құран қоғамдық құрылыстың азаматтық тәртіп ережелерінің негізі болып отыр; дәстүрлері мен заңдары да, бүкіл қоғамдық және халықаралық қатынастары да сол Құранның қағидалары бойынша белгіленеді, сондықтан мұсылман елдеріндегі халықтардың тұрмыс қалпында да, ел басқару дәстүрінде де азды-көпті болса да ұқсастық бар».

Шоқан Ислам діні мен мұсылман мәдениетін қабылдаған елдердің қоғамдық өмірі мен заңдық ережелерінде, халықаралық қатынастар жүйесінде Құран кәрім құндылықтарын басшылыққа алатындығын айқындай отырып, мұсылман халқының мемлекеттік басқару жүйесі мен мұсылман халықтарының тұрмыс-тіршілігіндегі ортақтық – мұсылмандық өмір салты мен әдептік, ахлақтық, құқықтық, құндылықтар жүйесі болып табылатындығын негіздейді. Сондай-ақ исламтанушы-ғалым, мұсылман елдеріндегі ортақтық пен ерекшелікті де атап көрсетеді: «Бірақ Шығыс Түркістанның бұл жөнінде басқалардан өзгеше, тамаша бір ерекшелігі бар. Мұнда мұсылман діні қатысса да, бірақ басқа мұсылман елдеріндегі сияқты бәлендей ықпалы да, артықшылығы да, кәдірі де жоқ» – деп, сол уақыттағы Шығыс Түркістан өлкесіндегі Ислам дінінің орны мен діни ахуалы, халықтың тұрмыс-салты мен тыныс-тіршілігіндегі діннің ықпалын саралайды.

Мұсылмандық ғұрыптың қоғам өміріндегі орны туралы Мұхаммад Хатами былай дейді: «Ислам діні Құранда бейнеленген нормалар мен қағидаттарға деген сенімнен және діни ғұрыптарды, әлеуметтік-экономикалық басқа да қоғамдық қатынастарда жүрісі-тұрыс ережелерін сақтау жауапкершілігінен құралады» (*Хатами Сеид Мохаммад. Традиция и мысль в власти авторитаризма. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 2001. – 288 с.*).

«Сахарадағы мұсылмандық туралы» атты еңбегінде қазақ жеріндегі дін Патшалық Ресейдің инокындыру саясаты дәрігерлік іс, ағарту ісі, неке мәселелерін көтереді. Қазақ халқының Ислам дініне деген көзқарасы мен күштарлығының өсіп отырғандығы туралы: «Татар молдаларының, Орта Азиялық ишандар мен өздерінің жаңа діни ілімін уағыздаушылардың ықпалымен біздің халық барған сайын жалпы мұсылмандық кейпіне түсіп келеді. Діндар қазақтар Меккеге баруды бастап тұр» (*Уәлиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы // Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. – Алматы, 2008. – 5-т.- 54 б.*).

К. Есмағамбетов Шоқанның дүмше молдаларды сынға алу себептерін былайша түсіндіреді: «Патша өкіметі қазақ даласында отарлық үстемдікті орнату-да хан, сұлтандар мен қожа, молдаларға арқа сүйейді. Мүмкін, осы себептен де, Шоқан оларды сын тезіне салып, қоғам дамуына кедергі күш ретінде шенейді. Осыдан барып, әдебиетте Шоқанды «орысшыл», «атеист» деп кінәлауға жол беріледі» (*Есмағамбетов К. Жарық жұлдыз // Егемен Қазақстан. – 2010, қараша 10. – 5. б.*).

Ротмистр Шоқан генерал М. Черняев бастаған патша әскерінің Орта Азия өлкесін жаулап алу кезінде жергілікті халыққа жасаған зорлық-зомбылығына қарсы шығып, наразылық көрсетуі Шоқанның ұлтжандылығының белгісі.

Сонымен, Шоқан Уәлиханов дінтанушы және исламтанушы маман ретінде отандық дінтану ғылымының негізін қалаушы ғалым ретінде Г. Потанинге жазған хатында: «Мен өз халқыма қызмет еткім келеді, ол үшін мұсылман болуым керек» – деп ой түйеді. Көзі тірісінде-ақ, шет елдік ғылыми ортада белгілі болған Шоқанның діни ізденістерін, әсіресе, исламтанулық еңбектерін арнайы ғылыми тұрғыдан саралау - алдағы келелі міндеттердің бірі.

Қазақ ағартушылығының көрнекті өкілі Ы. Алтынсарин қазақ халқының жарқын болашағы білімді де білікті жас ұрпаққа:

Бір Аллаһқа сыйынып,

Кел, балалар оқылық,

Оқығанды көңілге,

Ықыласпен тоқылық!

Істің болар қайыры,

Бастасаңыз Аллалап,

Оқымаған жүреді,

Қараңғыны қармалап. *(Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 222 б.)*

– деп, білім мен кәсіп игеру үлгісін ұсынған Ыбырай ел ішінде ғылым-білімді насихаттап, білім алуға және білім иелерінен үлгі алу мұсылмандар үшін парыз екендігін өз шығармаларының негізгі мұраты ретінде айқындайды. Қазақ топырағында зайырлы мектептер ашумен қатар, ол мектептердің оқу бағдарламасына



сәйкес 1879 жылы «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты оқу құралдарын жазған. Кәсіби ұстаздық қызмет атқарған Ыбырай қазақ қыздары үшін арнайы оқыту әдістемесіне негізделген интернат-мектеп ашты. Алтынсариннің ағартушылық қызметі туралы Ғарифолла Есім: «Ыбырай Алтынсарин жаңалығы мұсылманша, яғни дін оқуы емес, қайырлы оқуға әйел балаларды тартуы еді» – деп көрсетеді (*Есім Е. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. –103-б.*)

Ыбырай Алтынсарин қазақ жеріндегі ағартушылық іс туралы өз ойлары мен пікірлерін «Оренбургский листок» газетінде жариялап тұрған.

Ислам дінінің алғашқы әмірі Құранның алғашқы түскен бес аяты «оқы» деп басталады: «Жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың аса ардақты. Сондай қаламмен үйреткен. Ол адамзатқа білмеген нәрсесін үйреткен» (Ғалақ сүресі, 1-5 аят). Ислам дінінде ер және әйел мұсылмандар үшін ілім үйрену мен білім алуды парыз еткен. Құран аяттары мен хадистерде ілім мен білімнің маңызы туралы көптеп айтылады. «Шын мәнінде Аллаһтан ғалымдар ғана қорқады» (Фатыр, 28). «Аллаһ сендерден сондай иман келтіргендердің, ғылым бергендердің дәрежелерін көтереді» (*Мужәдалә, 11*). «Білгендер мен білмегендер тең бола ма?» (*Зумәр, 9*).

Ыбырай қазақ балаларының ділі мен жас жеткіншектердің дүниетанымына сай түсінікті тілмен және қисынды өрілген, ғибратты, өнегелі өмір жолы мен әділеттілік, ізгілік, жомарттық, адалдық, тектілік, бейнетсүйгіштік, яғни көркем мінезділік ұстанымдарын ұлықтайтын төл еңбектерімен қатар,

жасөспірімдер үшін өз уақытының озық ойлы ойшылдары мен ұстаздарының еңбектерін қазақ тіліне тәржімелеу арқылы білім мен көркем мінезділік, имандылық негіздерімен үндесетіндіктен үйлестіре жүргізу дәстүрін ұстанды.

Ыбырай өсиет өлеңдерінде адамаралық қарым-қатынастың ахлақтық негіздерін аша отырып, сабырлылық және жомарттық, қарапайымдылық, тәрбиелік, әділеттілік және мейірімділікті адамның адамгершілігінің жоғары болуы және адамның ар-ұятты бағдар етуін, адам бойында көркем мінезділікті қалыптастыру үшін оған жас кезінен халал мен харамды, жақсылық пен жамандықты айыра білетіндей етіп, имандылық пен адамгершілікке негізделген дұрыс тәрбие беру.

Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігіттер, бір-біріңе қарасыңыз.
Өмір деген бес күндік кетер өтіп,
Атаң барған орынға барасыңыз,
Иманды ер құдайынан ұялады,
Ұялып Иесінен сый алады....

Ренжітпе пенде болсаң бейшараны,
Кәріп көңілі сынғақ бір пияла-ды...

(Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 226 б.)

Адамзат баласына тән қасиет – ұялу. Ұят ұғымы мен сезімі – адамдықтың, яғни адамгершілік үшін басты мәселе. Саналы адам өзінің бейәдеп әрекеті үшін ұяла біледі. Ислам дінінде ұяттылық ұғымы иманмен байланысты қарастырылады. Пайгамбар хадисінде «Ұялу – иманнан», «Ұят пен иман бір-біріне жақын. Егер бірі көтерілсе, екіншісі де көтеріледі. Басқаша айтқанда, бірі кетсе, екіншісі де кетеді» – де-

ген сөзі адамдағы көркем мінезділік өлшемі ретінде ұят көрінеді. Адамның ізгілік пен қайырымдылыққа құштарлығы – оның адамгершілігінің, көркем мінезділігінің белгісі. Ойшылдың пайымдауынша, бұл өткінші дүниеде сыйластық пен қамқорлық, ізгі ниеттілік және қайырымдылық сынды қасиеттер қоғамның рухани тұрғыдан түлеуінің және керісінше, кесапатты мінездерден арылу жолы. Адамдардың бір-біріне қарайласуы мен қиын жағдайда көмек көрсетуі, бір-бірінің қайғысына ортақтасуы, қорғансыздарға пана болуы шынайы көркем мінезділікті көрсетеді және ол мұсылмандық әдеп пен мәдениеттің көрінісі.

Шынайы ниетімен жақсылық (ихсан) жасау Ислам ахлағындағы міндет болып саналады. Риясыз жасаған жақсылық – мұсылмандық әдептің қалпы. Істеген амал мен жасаған құлшылық Аллаһ ризашылығы үшін атқарылуы тиіс, яғни Аллаһ көріп тұрғандай етіп жасау. Құранда ихсан (жақсылық) туралы аяттар: «Рас. Аллаһ жақсылық істеушілермен бірге» (*Анкәбут сүресі 69 аят*). «Күдіксіз жақсылық жасағандарға (ихсан иелеріне) Аллаһтың рақымы жаусын» (*Ағраф сүресі 56*). «Жақсылық жасаңдар. Шын мәнінде Аллаһ игілік жасаушыларды жақсы көреді» (*Бақара сүресі 195 аят*). Адамзат пайғамбары ихсанға қатысты былай деген: «Ихсан Аллаһ тағаланың құзырында, оны көріп тұрғандай құлшылық етуің. Сен оны қанша дегенмен көре алмайсың, бірақ ол сені көріп тұр».

Бұзбаңыз әділдікті бұл мал үшін,

Жиясыз оны-дағы бір жан үшін.

Әзәзіл періштенің бастығы екен,

Не болды тәкаппарлық қылған үшін?!

(*Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 226 б.*)

Ойшыл Аллаһтың әміріне қарсы келген, әзәзілдің астамшыл іс-әрекетін мысал ете отырып, тәкаппарлық пен мақтаншақтық, менменшілдік Ібілістің ізіне түсу болып табылатындығын болжайды. Тәкаппарлық адам бойындағы ұнамсыз қасиеттердің бірі, себебі, ұлылық Аллаһқағанатән сипат. Ұлылық – Аллаһқа тән. Құранда: «Аллаһ өзін жоғары санағандарды жақсы көрмейді» (Нахыл сүресі, 23 аят). «Расында, маған құлшылық қылудан паңсынғандар (тәкаппарланғандар) қор болып, төзаққа кіреді» (Ғафыр сүресі, 60 аят). «Жүрегінде титтей тәкаппарлық болған кісі жаннатқа кіре алмайды» – дейді хадис-шариф.

Философ-ғалым Ғарифолла Есім былай дейді: «Ұлылық жеке емес, жалғыздықтың есімі. Мұсылмандық Аллаһ бір дейміз, себебі ол – Ұлы» (Есім Ғ. Адамзат. Философиялық эсселер мен новеллалар, зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2002. - 312 б).

Көрнекті исламтанушы ғалым Халифа Алтай: «Аллаһ тағала жаман ғамал істеген және тәкаппарлық тәрізді құлшылыққа лайық болмаған әрекеттер мен мінездерде болған кісілерді жақтырмайды» – деп көрсетеді (95).

Кішіпейілділік пен ізеттілік – адам абыройын асқақтататын қасиет. Дана халқымыздың «Ұлық болсаң кішік бол» деуі қазақи болмыстағы көркем мінезділікті аңғартады. Мансап немесе байлығына сеніп тәкаппарлық жасау – надандық пен тәрбиесіздіктің көрінісі.

Аюпты сегіз жылдан мың құрт жеді.

Болыпты бөлек-бөлек соның тәні....

Мал жаннан, ру, тәған бәрі безіп,

Далада жалғыз жатып Аллаһ деді

(Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 226 б.).

– деп, Аюп пайғамбардың сабырлылығын және Аллаһқа деген сенімнің мызғымастығын жырлай отырып, мұсылман үшін сабырлы болудың жемісті болатындығын болжайды. Сабырлылық туралы Құранда: «Әрине, кім сабыр етіп кешірімді болса, дау жоқ істердің ең маңыздысы осы» (Нұр, 43). «Заманға серт, негізінен адам баласы зиянда. Бірақ, сондай иман келтіріп, ізгі істер істегендер, бір-біріне шындықты үгіттесіп, сабырды үгіттесендер олар зиянға ұшырамайды» (Асыр 1-3). Ислам діні адам баласын жақсылық пен жамандықта, қуаныш пен қайғыда, молшылық пен жоқтықта сабырлы болуға шақырады. Құранда сабырлылық туралы жетпістен аса жерде айтылады.

Ыбырай Алтынсариннің дінге қатысты шығармаларында Құранның рухы мен Ислам ахлағы, иман нұры айқын көрінеді. Ойшылдың діни ізденістерін айғақтайтын «Шариатул ислам» (Мұсылманшылықтың тұтқасы) еңбегі 1884 жылы Қазан қаласында араб әрпімен жарыққа шықты. Бұл еңбек қазақ балаларының Ислам дінінің парыздары мен иман шарттарын, Ислам ахлағын ұғындыру және діни пәндерді жеткіншектердің түсінікті және жеңіл қабылдауы үшін оқу құралы ретінде жазылды.

Ағартушы ұстаз өзі ашқан мектептердің оқу бағдарламасына «Шариатул ислам» еңбегін енгізіп, бұл еңбекті оқу құралы ретінде қолданған. Еңбектің мазмұны, тілі, алға қойған мақсаты мен міндеті Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылманшылық тұтқасы» еңбегімен мәндес.

Ойшыл «Мұсылманшылық тұтқасының» иман ұғымының тілдік және шариғи мағынасы, иман түрлері мен иман шарттарын, Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.), сахабалар, парыз, сүннет, харам мен халал, намаз, айт намаздары, ораза, зекет, қажылық, көркем мінезділік пен жаман қасиеттер туралы баяндай отырып, діни ұғымдардың мәні мен мағынасын ашып көрсетті. «Бенденің көңілінде болатын пиғыл екі түрлі: бірі көркем, бірі – бұзық сипатта. Аят пен хадисте (Құран мен сүннетте) білдірілген жаман мінездер алпыс түрлі» – деп кәпір, бидғат, тәкаппарлық, рия (көз бояушылық), күншілдік, сараңдық, ысырапқорлық сынды жағымсыз мінездерді талдайды.

Ислам діні адамзатқа адамгершілік пен әділеттілік қалыптарын ұстануға шақырады. «Расында, Аллаһ сендерге әділеттілікті, жақсылық істеуді, туыстарға қарайласуды, сондай-ақ күнәдан, жамандықтан, бүлікшіліктен тыюды бұйырды» (Ән-Нахыл, 90). Мұсылмандық ахлақтың мақсаты адамды жақсылық пен қайырымдылық іс-әрекетке шақыру. Құранда: «Адамдар үшін үлгі болып шығарылған ең жақсы үммет болыңдар, жақсылыққа бұйырасыңдар, жамандықтан тыясыңдар және Аллаһқа сенесіңдер» (*Әли-Имран сүресі, 110 аят*) деп көрсетілген. Пайғамбардың хадистерінде адам баласының рухани әлемі бұзып, оны рухани кемтарлыққа жетелейтін жеті күнә туралы: «Аллаһ тағалаға ортақ қосу, сиқыр жасау, жазықсыз кісі өлтіру, өсім жеу, жетімнің хақын жеу, соғыс майданынан қашу, абыройлы мүмін әйелге жала жабу» – деген екен.

Исламтанушы ғалым Х. Алтай «Өсім жеу, жетімнің хақын жеу, соғыс майданынан қашу, біреуге жала жабу,

жалғанға айғақ болу, әке-шешеге қарсы келу, зина қылу, ұрлық жасау, арақ ішу, біреуді ғайбаттап сыртынан жамандау, пара жеу, жегізу, өтірік айту, екі кісіні шағыстыру, қызғаншақтық, мақтаншақтық, құмар ойнау және кісі хақын жеуден өте сақтанып, әрқандай жағдайда мұндай зор қылмыстарға жоламау шарт» (*Халифа Алтай. Иман және Таухид. – Алматы: Ислам кітапханасы, 2003. -160 б*) - деп исламның ахлақтық ұстанымдарына қайшы келетін, көргенсіздікке душар ететін жаман қасиеттерді тізбектеп көрсетеді.

Ислам дініндегі көркем мінезділік қағидаты адам мінез-құлықтарын жетілдіруге мін береді. «Исламдағы әдептілік индивидуалды жүріс-тұрыстардың барлық түрлерін тәртіпке келтіреді. Әдептілік тақуалықтан, яғни Құдайдан қорқу және Құдайға сүйіспеншіліктен туындайды» (*Ислам между правдой и притязанием под руководством Мухаммада Шафика. – Каир, 2003. - 127 с.*).

«Мұсылман діні бойынша әмір міндеттерді орындау арқылы: толық мұсылман, мүмін болып, жоғары дәрежеге жете алады» (*Осман Қарабиық. Ислам діні. – Алматы: «Euro Print», 2008. - 320 б*).

Ыбырай өз еңбегінде «Көркем мінезді жасыңнан әдет етсең, ол әдет тура жолдан, соңғы уақыттарды қандай қиыншылық көрсеңіз де жаздырмайды. Ұлғайғанша жамандықты қалып еткен кісінің ол қалыбын өзгерту де қиын болса керек. Бәлки, мүмкін болмастығы да ғажап емес. Ойлап қараңызшы, Құдай тағала біздің амалымызға мұқтаж емес қой, не жақсылық, жамандық етсек те ақырында пайдалалын өзіміз көреміз. Мәселен, ұрлық, залымдық, парақорлық, өтірік, ғайбаттан кім залал көреді? Әрине,

адам баласы өзді-өзі залал көреді. Туралық әдепшілік, ғылым, білімді кім пайдаланады? Әлбетте адам баласы өзі пайдаланады» – деп адам бойындағы көркем мінезділік адам тұлғасын биіктететін абзал қасиеттер әрі екі дүние үшін де қажет рухани тірек екендігін болжайды жақсы құлық сарқылмас қор, ақыретте пайдалы, дүниеде де зиян емес. Дүниеде де ізгі құлықты адам һәм сүйкімді, һәм қадірлі, һәм ақыретте де құдайдың сүйген құлдарынан болса керек (*Асыл дін және ұлт зиялылары. – Алматы: Халифа Алтай Халықаралық қайырымдылық қоры, 2009. – 224 б.*).

Ислам діні адамдардың бұл дүниедегі және ақыреттегі өмірлерінің бақытты болуының кепілі болатын көркем мінез-құлық пен ахлақ жүйесін қамтиды. Бұл сенім (ақида), құлшылық ету (ғибадат), қарым-қатынас, көркем мінез-құлық қағидаттары. Адамды тақуалыққа ынтызар ететін ғибадатты, қайырымдылық, әділдік, сабырлық, төзімділік және теңдікке негізделген қарым-қатынас қалыптарын қалыптастырушы Ислам құндылығы адам жан дүниесін және рухын асқақтатады. Дінтанушы ғалым О. Қарабиық былай дейді: «Ислам адамдарды бір-бірін жақсы көруге, бір-біріне жәрдемдесін, бауырмашыл өмір сүруге шақырады» (*Осман Қарабиық. Ислам діні. – Алматы: «Euro Print», 2008. - 320 б.*).

Қазіргі таңда қазақ зиялыларының дін және әдеп туралы ой-пікірлерін тәрбие беру үдерісінде пайдалану қажет. Философ ғалымдар Ә. Нысанбаев, Т. Әбжанов жастардың адамгершілік қасиеттерді игеруі туралы былай дейді: «Дегенмен, әдет-ғұрып сақтау керек-ақ. Олар ғасырлар бойы халқымыз қадірлеп келген асыл қазынаны – адамгершілікті игеруі қажет» (*Нысанба-*

ев Ә., Әбжанов Т. Ой, ақыл, адамгершілік. – Алматы: Білім, 1999. - 112 б.).

Қ. Тәукепов: «Ыбырай Алтынсариннің қазақ жастарына ана тілімен қатар орыс тілін де үйретуі – ғылым, білімнің әр саласын терең меңгерсін, еліміз сол оқыған жастардың арқасында өркениетке қадам бассын, орыстармен қатар дамысын, мешуе қалмасын, ел қатарлы болсын деген ізгі ниет, асқақ арманында жатыр» – деп көрсетеді (Тәукепов Қ. *Өзгені өзімізше өбектеу // Егемен Қазақстан. – 2007, август - 29.*)

Ыбырай оқыған Орынбор мектебінде зайырлы пәндермен қатар, Ислам дінінің негіздері мен Құран ілімі үйретілген. Ұстаз шығармаларынан оның мұсылманша сауаттылығының терең болғанын байқаймыз. Қазақ философ-ғалымы О. Сегізбаев былай ой топшылайды: «Мектепте орыс және кейбір шығыс татар, араб, парсы, және т.б. тілдер оқытылып, Құран егжей-тегжейлі жатқа оқытылды, әрі тәпсірленді» (Сегізбаев О. *История казахской философии: от первых архаичных представлений древних до философии развитых форм первой половины XX столетия: учебник для вузов. – Алматы: Ғылым, 2001. - 456 с.*)

Ыбырайдың діни, ағартушылық қайраткерлігі – халық игілігі мен ұлт руханияты үшін жасалған жан-пида еңбегі ауқымды және ғибраты мол болашақпен астасып жатқан тағылым.

Кезкелген ұлт пен ұлыстың тарихи, мәдени, діни, географиялық факторлар негізінде қалыптасқан, өзіне ғана тән мінез-құлығы болады. Ұстаз Ыбырай өз шығармаларында қазақ халқының ана сүтімен, бесік жырымен, баба дәстүрімен, ұлттық тілімен сіңген қарапайымдылық, кеңпейілділік, сыйластық,

кішіпейілділік, ақ көңілдік, меймандостық сынды бірсыпыра қасиеттерді атап кетеді. Қазақи мінездегі көркем мінезділіктің бір сыры ізгілік пен мейірімділік исламның өнегелік, инабаттылық пен салиқалықты насихаттаған илаһи қуатынан нәр алуында жатыр.

«Бір Аллаһқа сыйынып, кел балалар оқылық!» – деп, жар салып, ұлттың болашағы жастардың бағыт-бағдарын айқындаған, ұрпағына жол сілтеген үндеуімен бастаған үрдісі бүгінгі тәуелсіз елімізде руханият пен иман әлеміне мұсылмандық көркем мінезділік суреттелген әдебиеттерінде көрініс табуда.

Қазақ ойшылы философы, ақыны, сазгері Абай Ислам дініне ықыласпен қарап, Ислам руханиятының қағидаларын ұстанды. Абайдың кемел дүниетанымы иман, үміт, махаббат, дін негіздері, ақида (сенім мәселесі), ахлақ, қарым-қатынас сынды мәселелерді қамтиды. Абай мұрасының мәдени, тарихи, рухани, дүниетанымдық негіздері жалпыадамзаттық құндылықтарды ұлықтайтын Ислам діні мен мәдениеті. Ол ұлттың және адамзаттың өзекті мәселелерін көтеріп, оны шешудің жолдарын ұсынды. Абайдың дүниетанымының қалыптасуына ұлттың дәстүрлі мәдениеті, мұсылмандық шығыс мәдениеті мен руханияты және батыс еуропалық мәдениеттің озық жетістіктері ықпалын тигізді. Ұлт мақтанышы және рухани көсемі Абай шығармаларында адамзатты жаратқан Аллаһты сүйу және мұсылмандық мәдениет құндылықтарының өркениеттік астарлары толыққанды түрде айшықталады.

Абай дүниетанымында Аллаһ сансыз ғаламды жаратушы. Абайдың отыз сегізінші қара сөзінде Аллаһтың сипаттары мен есімдері туралы терең діни,

философиялық талдау айтылады. «Аллаһты бар дедік, бір дедік, ғылым құдіреті сыйпаты бірлән сипаттадық» – деп, Аллаһтың бірлігі мен барлығын негіздейді (Абай. *Қара сөздер. – Алматы: Ел, 1993. - 272 б.*)

Аллаһтың барлығына бүкіл әлемдегі жанды және жансыз заттар, сансыз құбылыстар айқын дәлел. Аллаһты адам баласы Құранда, хадистерде баяндалған Аллаһтың есім сипаттары арқылы танып біледі. Аллаһ әлемдерді жаратушы және ешбір серігі жоқ. Жаратушы тек өзінің кемелді белгілерімен сипатталады. Аллаһ кемшілік атаулыдан пәк және Абай Аллаһтың кемелді сипаттары – білімділігі, жаратушылығы, естушілігі, күштілігі, мәңгілігі, сөйлеушілгі сынды сипаттары туралы былай дейді: «Алла тағаланың көрмегі, естімегі, біз секілді көзбенен, құлақпенен емес, көргендей, естігендей білетұғын ғылымның бір сипаты» (Абай. *Қара сөздер. – Алматы: Ел, 1993. - 85.*)

Алланың өзі де рас, сөзі де рас.

Рас сөз еш уақытта жалған болмас.

Көп кітап келді Алладан, оның төрті,

Аллаһты танытуға сөз айырмас.

Аманту оқымаған кісі бар ма?

Уәктубиһи дегенмен ісі бар ма?

Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер,

Жарлық берді, ол сіздерге сөзді ұғарға

(Абай. *Қалың елім, қазағым ... Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 224 б.*)

Ақын бұл өлеңінде Жаратушының барлығына ешқандай шәк келтірмейді. Абайдың бұл өлең жолдары исламдағы Кәлима шаһада сөзін негіздейді. Сондай-ақ Забур, Таурат, Інжіл, Құран кітаптарын айта отырып, кітаптарға иман келтіру шартын мензейді. Аллаһтың

барлығы мен бірлігін, яғни, таухид қағидатын айқындайды. Құранда: «Жер мен көктің жаратылуында және күн мен түннің алма кезек өзара алмасуында, ақыл иелері үшін (Аллаһтың бірлігін, барлығын білдіретін) айқын дәлелдер бар» (*Әли-Имран, 190*). Аспан мен жердегі барлық нәрсені жоқтан бар еткен, бүкіл ғаламды Жаратушыға иман келтіруді ойшыл нақты және айқын көрсеткен. Жаратушы адамзатқа өзіне сыйыну мен құлшылық етуді қалағандықтан, пайғамбарлар арқылы өзіне ғибадат етудің қағидаларын білдірген.

Абайдың өлеңдері мен қара сөздері Ислам ілімі мен оның құндылықтарын ұлттық дүниетаным мен ұлттық ділге сай насихаттаған асыл мұра.

Патша-Құдай, сиындым,

Тура баста өзіңе -

(*Абай. Қалың елім, қазағым ... Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 109 б.*)

деп Жаратушыға арналған құлшылық екендігін нақты жеткізеді.

Абай өлеңдерін оқып, тыңдап отырып ұлт рухын, ұлт мінезін, ұлт ділін, ұлттық және діни құндылықтарымызды тереңінен танып білеміз.

Құранда былай делінеді: «Аллаһ тағаланың тамаша есімдері бар. Аллаһты сол тамаша есімдерімен атаңдар» (*Ағраф 180*). Құранда Жаратушының 99 көркем есімі мен сипаттары аталады. Адамзат жаратушының есімдері мен сипаттары арқылы Аллаһтың ұлылығын, пәктігін, күдіретін танып біледі.

Махаббатпен жаратқан адамзатты

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және хақ жолы осы деп әділетті

(Абай. *Қалың елім, қазағым ... Өлеңдер.* – Алматы: Атамұра, 2002. – б. 212).

Осындай имани сөздерден Абайдың исламиятты қолдаған діни ойшыл екендігіне көз жеткіземіз. Абай Аллаһқа деген шынайы махаббатты және Оған риясыз құлшылық етуді көрсеткен. Аллаһқа шын ниетімен ғибадат ету кәміл мұсылман ететіндігін көрсетеді.

Абай исламиятқа жүрегімен ұйып, шынайы иман келтірін жыр төкті. Ой түбіне бойлады. Абайдың дүниетанымында толық адам ұят пен арды сезінген Жаратушының рахымына шүкіршілік еткен адам. Абай былай дейді: «Әрбір ақылы бар кісіге иман – парыз. Иманы бар кісіге ғибадат парыз» – деп парасатты адамның Жаратушыға иман келтіріп, өзінің көркем мінезділігін қағида ретінде ұстанып, үнемі ғибадатта болатындығын атап көрсетеді. Абайдың Ислам діні мен мәдениетін, философиясын терең меңгерген тұлға екендігі оның шығармашылық мұрасында айқындалып отырады.

Заманымыздың заңғар ойшылы М. Әуезов 1934 жылы жазылған «Абай ақындығының айналасы» атты мақаласында: «Абайға Шығыстан кірген бұйымдардың басы Ислам діні» – деген ұстанымы кейінгі абайтанушы ғалымдар үшін негізгі бағдар болуы тиіс.

Абайдың толық адам танымы ұғымында Ислам құндылықтарының мән-мағынасы толық ашылады. Абайдағы жәуәнмәртлік ілімі Аллаһ жолында адамзатты кемелділікке бастайтын құндылықтар жүйесін көрсетеді. Абайдың толық адам туралы ілімі бұл исламның құндылықтық ұстанымын көрсетеді.

Қ. Өмірәлиев Абайдың дүниетанымы туралы былай дейді: «Абайдың философиялық көзқарастарының көбі, адамгершілік мәселесіне келіп тіреледі» (Өмірәлиев Қ. *Абай афоризмі. – Алматы: Қазақстан, 1993. - 128 б.*)

Философ ғалым Ғарифолла Есім Абайдың хакімдігі туралы былай дейді: «Абайдың хакімдігі сонда, ол бір істің басталуы мен себебін іздеуші» (Есім Ғ. *Абай туралы философиялық трактат. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 83 б.*). Абай танымында Аллаһ, адам, әділет Жаратушыға деген махаббаты және игілік мұраты ретінде пайымдалады. «Осы үш сүю болады имани гүл» – деп көрсеткен ойшыл, қазақ қоғамын рухани тұрғыдан түлету және имани бағыт-бағдар ретінде осы құндылықтық ұстанымды халқына жол ретінде ұсынады.

Абайтанушы ғалым М. Мырзахметұлы «Абайтану» атты оқу құралында Абайдың тұлғалық бітім-болмысының қалыптасуына мұсылмандық шығыс мәдениетінің кәусарлары елеулі орын алғанын атап көрсетеді. Абай исламның адам баласының тәні мен жанын тазартатын рухани әлеуетті күшін айқындап берді. Адам болмысын кемелдендіретін ыстық қайрат, жылы жүрек, нұрлы ақыл қасиеттерін бүгінгі таңда жас ұрпақтың санасына сіңіріп, рухани әлемдерін байытуда мақсатты түрде пайдалану керек.

Ғ. Есім: «Абай ұғымында Аллаһты сүю адамның жеке басындағы абзал қасиеттерді кәсіпкерлеу, адамгершілікті негізгі қағидаға айналдыру, ал ол үшін ең алдымен өзінді-өзің тазалауың қажет» – деп Жаратушыны махаббатпен сүю, қайырымдылыққа бастайтын жол екендігін көрсетеді (*Абай дүниетанымы мен философиясы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 73 б.*)

Абай – ұлт руханиятының жарқын шамшырағы мен көрнекті тұлғасы және оның мұрасы ұлттық құндылығымыз. М. Құл-Мұхаммедтің пайымдауынша: «Алашордашылар, кем дегенде олардың басым көпшілігі Абайдың канаты астында өсті, сонымен ортақ бір ауадан тыныстады» – деп Абай тұлғасының қазақ зиялылары үшін, Абай мектебінен дәріс алып, Абайдың тұтас елі үшін ұстаз болғандығын атап көрсетеді (*Абай асқары// Егемен Қазақстан – 2009, мамыр - 27. – Б. 9.*).

Абай – Ислам ілімі мен ахлағын еліне насихаттаған, ойшыл ұстаз. Абай мұрасы мен дүниетанымыдық көзқарастары халқымыздың Ислам құндылықтарын танып білуі үшін рухани негіз болды.

Абайдың ізбасары, қазақтың кәсіби философы, Ислам ілімі мен мәдениетінің терең білгірі діни философ Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931) еді. Шәкәрімнің дүниетанымының негізгі ерекшелігі дін және руханилық мәселесін қарастыру мен өзіндік рухани-құндылықтық категориялардың жүйесін ұсыну болды. Ойшылдың рухани ізденістері – бүгінгі күннің талаптары тұрғысынан қарасаң да құндылығы мол рухани мұра. Ол адамдар бойындағы имандылық, діни-рухани тазалық мәселелерін қарастыра отырып, бірқатар ұсыныстары мен тұжырымдарын ұсынған. Рухани ұстазы Абай және замандастары сияқты Шәкәрім шығармаларында адам мен қоғамдық дамудың жолын іздестіріп, ол діннің ақ жолын қоғамдық дамудың рухани негізі ретінде ұсынып, әрбір адамның өмірлік құндылықтық бағдарын айқындауда имандылық пен білімге сүйену, адалдық, адамгершілік заңдарын басшылыққа алу керектігін тұжырымдаған шығармаларының берері мол рухани туындылар.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүріп, қазақ қоғамындағы келелі мәселелерді айқындап, көтере білген, ұлттық мәдениет тарихында өзіндік орындары бар, бай рухани мұра қалдырған ақын-жазушылар кезінде діншіл ақындар деген желеумен ел тарихынан шеттетіліп, халық назарынан тыс стілген.

Қазақ даласындағы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі патшалық өкіметтің отаршылдық саясаты ұлан-ғайыр жерді иелену мақсатында халықты діннен, ділінен, тілінен айыру жағын ойластырғаны белгілі. Жоғарыда аталған ақындар, мұсылман қайраткерлері елінің хал-ахуалына қатты күйзеліп, өз туындыларында бұл мәселелерді ашына жазған. Діни-ағартушылар сол отаршылдық саясаттың нәтижесінен халықтың рухани азғындалуындер кезінде айқындап, одан шығар жол білім мен өнер, екендігін, сондай-ақ ата-бабаларымыз ұстанып келе жатқан Ислам дінінің еркіндікке, имандылыққа, әділеттілікке, адамгершілікке құрылған ақ жолыскендігін көрсетті.

Адамзаттың рухани байлығының қайнар көздерінің бірі – дін және діни мәдениет. Қазақтардың сан ғасырлық өмір тәжірибесіндегі Ислам діні – Аллаһқа құлшылық ету, тәлім- тәрбие, имандылық үлгілер мен имани өнегелердің жүйесі болып табылады. Тақырыбымызға арқау болып отырған кезеңдегі халық арасындағы жағдай діни-ағартушылардың қолына қалам алдырып, Ислам дінінің құндылықтар жүйесі: шариғат жолының тазалығы, имандылық, инабат, әділеттілік пен теңдік қағидаларын жан-жақты ашып көрсетуіне себеп болды. Олар атадан балаға өткен Ис-

лам діні таза, адамзат діні екендігін уағыздай отырып, жәдит оқуын да қолдады, яғни жаңашылдық үшін, ұлт болашағы үшін күресті.

Ислами білім беру жүйесін реформалауды көздеген жәдитшілдік мұсылман елдері тарихында ілгерішіл кезең болды. Жәдитшілдер Ислам өркениетінің құндылықтары мен мұраттарын жаңа тарихи жағдайға және еуропалық өркениеттің талаптарына сай қолдануға ұмтылды. Медресе мен мектептерде зайырлы пәндерді беруді қолдаған жәдитшілер заманауи педагогика мен психология ғылым жетістіктерінің білім беру жүйесіне жан – жақты енгізуді мұрат етті.

Қазақ жәдитшілері еңбектерін Қазан, Уфа, Ташкент, Орынбор қалаларындағы баспаханалардан шығарды. Қазақ жәдитшілерінің заман үніне сай ой-пікірлері «Қазақ» (1913-1918) газеті және «Айқап» журналында жарық көрді. Жәдитшілдіктің мәдени-ағартушылық санаты қазақ жерінде заманға сай білім-ғылымды игеру және шаруашылықты жаңаша жүргізуді насихаттады.

Шәкәрім өлеңдерінде, «Үш анық» еңбегінде адам, дүние, қоғам, табиғат, жан, руханилық, сана, діни сенім, адамгершілік заңдары, ақыл, жан сияқты философиялық категориялар талданып, бірқатар пәлсапалық мәселелер көтеріліп, олардың басы ашылды.

Шәкәрімнің «Үш анық» еңбегі үш ақиқат: сенім ақиқаты, ғылым ақиқаты мен ар-ұжданды көрсетіп, адам үшін маңызды сұрақтарды көтеріп, оған өзінше жауап қатып, адамның рухани дамуының жолдарын тереңінен көрсеткен. Шәкәрімнің адам жаны өле ме деген философиялық сұраққа ізденісі барысында «Үш

анық» концепциясы қалыптасып, рухани ізденістерінің аумағы айқындалды.

Шәкәрімнің «Үш анық» атты еңбегі ұждан мәселесін талдауға арналған. Адам үшін екі дүниенің бақыты жақсылық пен ізгілікті ұстану екендігі туралы: «Екі өмірге де керекті іс – ұждан, ұждан дегеніміз ынсап, әділет, мейірім» (*Үш анық // Әлем: альманах: Өлеңдер, очерктер, әңгімелер. - Алматы: Жазушы, 1991. - 496 б.*) – деп исламның мейірімділік пен әділеттілікті, сабырлылық пен қанағатшылдықты жақтайтынын атап көрсетеді. Бұл Ислам ілімі мен әдептік қалпын терең білген ғалымның сөзі. Осы еңбегінде ойшыл: «Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірде де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол – мұсылман жолы» (*Үш анық // Әлем: альманах: Өлеңдер, очерктер, әңгімелер. - Алматы: Жазушы, 1991. – 426.*) – деген сөзінен Ислам дінінің жалпы адамзатқа тән құндылықтарды ұстанатын дін екендігін және адамдарды бауырластыққа шақыратын айқын жол екендігін көрсетеді.

Ұждан – Ислам ілімінің негізгі ұғымдарының бірі. Шәкәрім Ислам ғұламасы ретінде имандылықты, көркем мінезділікті, діндарлықты өз еңбектерінде насихаттаған. Бұл сөзімізге дәлел оның «Мұсылмандық шарты» еңбегі. Бұл еңбегінде: «Иман деген Аллаһ тағаланың барлығына, бірлігіне, Онан басқа Аллаһ жоқтығына, Құран сөзінің бәрінің шындығына анық ықыласпенен нанбақ» (*Асыл дін және ұлт зиялылары. – Алматы: Халифа Алтай Халықаралық қайырымдылық қоры, 2009. – 79*) деп Аллаһқа иман келтіру яғни таухид ұғымынан бастайды. Ойшылдың бұл еңбекті жазудағы мақсаты халқына иман негіздерін, шарттарын жеткізуді

Лаған ұмтылысы деп білеміз. Ел-жұртының исламды дұрыс түсініп және дұрыс бағыт алуын мұрат тұтқан Шәкәрім бұл еңбекті ана тілімізде жаза отырып, ұлт өркеніетанымына сай дін құндылықтарын түсіндіре берген.

Шәкәрім қажы өз уақытында «Айқап» журналы- бес сұрақ қойған: Аллаһтың адамды жаратқандағы мақсұды не? Адамға тіршілік ең керегі не үшін? Адамға берген соң мейлі не жөнмен болсын рахат-бейнет бар ма? Ең жақсы адам неғылған кісі? Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара жатыр ма?

Бұл сұрақ ойшылдың замандастары үшін де, бүгінгі ұрпақ үшін де өзекті. Өйткені, діннің өркениеттік және құндылықтық негіздерін түсіну әрқашан да маңызды. Жаратушы адамды өзін танып, иман етсін, ғибадат етсін, құлшылығын жасасын және бірін-бірі танып білсін деген. Адам өмірі Жаратушының берген сыйы және амандығы болғандықтан, пенде өзінің рухани жан дүниесін тәрбиелей отырып, парыздарын орындап, ахлағын жетілдіруі керек. Жаратушы тарапынан жіберілген діндерде бірінші және мәңгілік дүниелер туралы айтылады. Бұл діндердегі негізгі түсініктердің бірі. Ислам дінінде бірінші дүниеден соң екінші дүниенің бар екендігіне сену иман шарты болып саналады. Хадисте: «Бұл дүние өмірдің алды есігі» деген.

Мұсылмандықта «өткінші», «сынақ» дүниесіндегі адамның әрбір жасаған ісі таразыға салынатындығы айтылады. Жақсы адам – ізетті, карапайым, ар-ұятты, қорқынына жинаған, иман жүзді, салиқалы, сабырлы, ибадатшы адам. Жақсы адам бойында ұлттық және адамзаттық құндылықтар үйлесімді орнығады. Адам баласы жан

мен тәннен тұрғандықтан, жан мен тән құмарлықтарын қанағаттандыруға ұмтылады. Парасатты иман жүзді адам нәпсісін тежеп, өзінің адами қасиетін ардақтап ұстайды. Имандылықты ұстанып, обал мен сауапты білу, халал мен харамды ажырату адамзат қоғамы үшін әрқашан да басты ұғым болып қала беру керек.

Шәкәрім – қажылық парызын орындаған, халқына Ислам парыздары мен шарттарын түсіндірген ғұлама. Шәкәрім «Үш анық» туындысында екі өмірге де керекті іс ұждан деп болжайды. Шәкәрімде алғашқы ақиқат – діни анықтықтың дәлелі ғаламның бір заңдылыққа сүйеніп дамитындығы мен ондағы кездейсоқтықтың болмайтындығы. Яғни, ойшылдың пікірінше, ғаламдағы заңдылық пен үйлесімділіктің түпкі тамырында Құдай жатыр. Екінші ақиқат – ғылым ақиқаты, жанмен, оның ажалсыздығымен байланысты ақыл-ойды алды. Шәкәрімде жанның мәңгілігі рухпен айқындалмайды, оның түсінігіндегі рух ақыл-ой қасиеті. Ал жанның азығы ретінде үшінші ақиқат ретінде ұжданды көрсетті. Ұждан – адамның ішкі рухани әлемі, онсыз адам жанын елестету де мүмкін емес. Ұждан жанның азығы ретінде, адамның адамдығы мен адамгершілік қасиеттерінің негізі, қоғамдық дамудың көзі. Шәкәрім ар ілімімен қоғамды дамытудың жолын көрсетіп берді. Қоғамдағы әрбір адамның ары мен ұятын оятып, оны жетілдіру арқылы мүмкін екендігін айқындады. Адамның ішкі дүниесін жетілдіруді ұсынған ойшыл, ағартушы ретінде өзіндік ерекше жолды нұсқады. Оның нұсқаған жолы ар ілімінде көрсетілгендей, адамды ең басты құндылық ретінде тану болып табылады. Ойшылдың бұл ойы бүгінгі күннің де мәнді мәселесі екендігі анық. Осы тұрғыда

ойшылдың ілімінің құндылығы адамның өзін-өзі тәрбиелеу, мүмкіндіктерін тек жағымды жағдайларға пайдалану, адам деген атқа сай өмір сүру, өзін-өзі жетілдіру, білім мен еңбек арқылы дүниенің кілтiне ие болатындығы туралы ойларынан көрінеді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының ұсынған ілімі гуманизм, ол адам жанын жетілдіру арқылы адамға қолайлы қоғам орнығатындығын, онда тек адами заңдар басшылыққа алынатынын, қоғамның ең басты құндылығы адам болып табылатынын тұжырымдады. Оны мына төменгі өлең жолдарынан да түйіндеуге болады:

Шошыма досым сөзімнен

Сөз құдайдан шыққан бу

Ұқпасаң көр өзіннен,

Жұтқызайын нұрлы су.

Байлаймын да көзінді,

Патша қылам өзінді,

Ұғып отыр сөзімді,

Ел билетем жеті ру.

«Мейірім», «Ынсап»,

«Әділет», «Шыдам»,

«Шыншыл», «Харакет».

Түп қазығы «Ақ ниет»

Бұл жетеуін ел қылу.

Ешкімге зиян тигізбей,

Кәріптің көңілін күйгізбей,

Сайтанға беттен сүйгізбей

Жүрегінді нұрмен жу –

(Құдайбердиев Шәкәрім. Шығармалары (Өлеңдер, дастандар, қара сөздер). – Алматы: Жазушы, 1988. – Б. 267.) деп, ойшыл адамның өмірлік таңдауын өзі

жасайтындығын айта келе, адамдық қасиеттердің ең асылы ретінде мейірімділікті, ынсапты, әділеттілікті, шыдамдылық пен шыншылдықты және әрекетшілдікті ұсынды. Осы асылдармен қатар адамның ақ ниеттілігі барлығының түпкі қазығы, руханилықтың негізі, жүрегінің тазалығының, пәктіктің белгісі. Ойшылдың бұл түйінінде адамды рухани тазалыққа жетелеудің жолдары қарастырылып, адамның ондай жолды ұстану құқығының бар екендігін айта келе, адамның өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалана білуінің қажеттілігі жөнінде де ой салды.

Шәкәрім өз ізденістерінде адамды және онымен байланысты барлық мәселелерді қарастыра келе адамды ар жолынан, рухани тазалықтан тайдыратын жаман қасиеттер мен құмарлықтар мен оны адам бойынан байқау, онымен күресу, жою жолдарын ұсынды. Шәкәрім осындай жағымсыз қасиет, өткінші, жүрекке жалған жалын тастайтын, адам жанын улайтын у тәріздес деп бейнелейтіні – нәпсі мәселесі.

Бас көзімен қарасаң, нәпсі – жалған,

Бір сұлу қыз сықылды жұрт таңдаған ...

Бас алуға жаралған бір жәдігөй

Өткір қылыш сықылды уға малған ... –

(Құдайбердиев Ш. *Өлеңдер мен поэмалар. Жалын.* – Алматы, 1988. - 256 б.) деп, Шәкәрім адам бойындағы құмарлықтардың ішіндегі нәпсіні – адамның тек бас көзбен көріп бой алдырып, ақыл-ойынан бағындырып, санасын улайтын қауін-қатер екендігін түсіндірді. Осы өлеңінің басқа жолдарында адамның нәпсіден құтылатын жолы – нәпсіні тыю болып табылады. Нәпсіні тыю оның құрығында жатқан ынсапты босату, яғни адам өз бойын ынсапқа басқарту. Ынсап барлық

істе не кем немесе артық қылмай, адамды теңдікте ұстап, бәрінің дұрыс жолын көрсететін қасиет ретінде ұсынады. Сонымен ынсап Шәкәрімде адам бойындағы әділ, асыл қасиеттер қатарының алғашқысы болып көрінеді, адамның ақиқатқа ұмтылуы, қанағатшылдық, басқаларды дұрыс түсіну, барлығын салмақтай білу сияқты қасиеттерін білдіреді.

Шәкәрімнің рухани ізденістері діни-ағартушылық бағытта екендігі. Бұл оның мұрасын зерттеушілердің ортақ тұжырымдамасы. Ойшылдың «Мұсылмандық шарты» еңбегі мен көптеген өлеңдерінде діндегі рухани тазалықты дәріптеп, адамды арсыздықтан сақтау діннің ақ жол ұстану арқылы мүмкін болатындығын пайымдайды. «Иманым» атты өлеңінде әлем мен адамды жаратқан Аллаһ екендігін айта отырып, сенімсіздік адам жанын тұмшалап тастайтындығын, сондықтан иман адамның рухани жан дүниесіне сәуле түсіріп, оған жан бітіріп, сөйтіп оның көкірек көзін ашатындығын жазады.

Шәкәрім – өз ұлтын бар болмысымен сүйген ұлжанды, ойшыл. Ол елінің болашағын, халықтың иманын ойлап, тұңғышы терең рухани мұра қалдырған.

Ойшыл өзінің «Шошыма, ойым, шошыма» атты өлеңінде былай пайымдайды:

Шошыма, ойым, шошыма,

Келмейді жындар қасыма.

Таһараты жоқ сайтан,

Жоламас менің қасыма.

Қажыма, ойым, қажыма,

Қарама тозған жасыма.

Адаспасаң ақ жолдан,

Қонады бақыт басына.

Билет бәрін сабырға,
Кірме ажалсыз қабырға.
Сырласатын күн туар,
Жан қияр жақын тамырға!

*(Құдайбердиев Ш. Өлеңдер мен поэмалар.
Жалын. – Алматы, 1988. - 35 б.)*

Бұл өлең жолдарында имандылық пен тән және жан тазалығының адам өміріндегі маңыздылығын айқындай келе, дені таза, жаны пәк, иманды жаннан қандай жағдайда да Аллаһтың нұры жауып, бақытқа кенелетіндігіне сенімін білдірді. Осы жолдарда діндегі адамның өз ажалымен бақилық болу мен өзіне қол жұмсау мәселесін көтерін, адам өмірінде қиындыққа ұшырасқанда барлығын сабырға жеңдіріп, ақ жолдан таймаған жағдайда ғана бақыттың төрі алыс емес екендігін тағы да көрсетеді. Өзі жасынан Ислами құндылықтарды бойына сіңіріп, имандылықтың, сабырлықтың, адалдықтың мәні мен маңызын діни тұрғыдан терең түсінген ойшыл, адамдарды имандылыққа, жақсылыққа, сабырлыққа, білім мен ғылым білуге шақырды.

Сен ғылымға болсаң ынтық,

Бұл сөзімді әбден ұқ.

Білгеніңнің жақсысын қыл,

Білмегенді біле бер.

Білген ердің бол шәкірті,

Білмегенді қыл шәкірт.

Үйренуге қылма намыс,

Үйретуге болма кер. ...

(Шәкәрім. Қазақ айнасы. – Алматы: Атамұра, 2003. - 296 б.) – деп, білім мен білімсіздіктің арасындағы жер мен көктей айырмашылықты көрсетіп, білмегеніңді

білуден жалықпа, одан арланба, ал білгеніңді ішке сақтамай оны адамзат қажеттілігіне жұмсап, басқаларға үйрет деп, адам дүниеге келгенен кейінгі өмірі бойына білім нәрін жинақтап, сонымен өзінің өмірлік бағдарын табатындығын жеткізуге тырысты. Өз ұлтының қоғамдық дамуын ғылым-білім жолынан іздеген Шәкәрім өзі де осы жолда қажымай еңбектенгендігі, оның сан-салалы ізденістерінің нәтижесі болған рухани мұраларынан байқауға болады.

Шәкәрім ұстазы Абай сияқты қоғамдық даму ғылым-білімнің арқасында, қоғамның өрлеуі әрбір адамның рухани толығуы, дамуы арқасында болатындығын айтты. Шәкәрім Абайдың халқы үшін жанашыр, елін тек дұрыс жолға бастайтын данышпан екендігін танып, оны аса қадірлеген. Абайдың рухани мұраларынан нәр алған Шәкәрім оның ағартушылық жолын әрі қарай жалғастырып, ұлағатты сөздерін қалдырды.

Шәкәрім шығармашылығының негізгі тақырыбы адам болып табылады. Шәкәрім – адам бойындағы танымдық мүмкіндіктерін, ар-ұжданын жоғары бағалай отырып, адамды жан-жақты жетілдірудің жолдарын іздеген гуманист. 1911 жылы шыққан «Қазақ айнасы» жинағы адамгершілік, мораль, этикалық мәселелерге арналған шығарма болды. Бұл шығарма адам бойындағы адамдықтың белгісі болып табылатын, адамзатқа пайдалы іс жасау, жақсылық ойлау, жақынына қамқор болу сияқты асыл қасиеттерді көрсетеді. Ойшыл адамгершілік, әдептілік, мораль мәселелерін көтерген өлеңдерінің көпшілігін жастарға бағыттап жазған. Оның себебі жас буынның қоғам болашағы екендігін көріп-біліп, олардың санасына өз

өлеңдерімен әсер етіп, оларды оқуға, өнер үйренуге, ғылым меңгеруге шақырды. Туған елінің дамуын, күшқуаттылығын көргісі келген ойшыл халқына тек онды пікірлерін ұсынып, қоғамды дамыту жолында өзі де көп тер төгіп, артынан мол рухани мұрасын қалдырды.

Ойшылдың пікірінше, қоғамдағы орын алған келенсіздіктерді жоюдың жолы қоғамның әрбір мүшесінің ар-ұжданын оятып, адамгершілік заңдарын бойларына тереңінен сіндіру арқылы мүмкін болатындығын айтты. Сол сияқты, адам өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі билеу арқылы барлығын өзінің ыркына көндіруге мүмкіндігі бар екендігі туралы гуманистік ойларының мән-мағынасы ерекше.

Философ ғалым Ғарифолла Есім Шәкәрімнің дінге катысты көзқарастары туралы былай дейді: «Шәкәрім Құдайға сенген, тақуа адам болған» (*Есім Г. Наука совети. – Алматы: Паритет, 2008. - 480 с.*).

Сонымен, Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани ізденістері нәтижесінде туындаған шығармалары – жалпы адамзаттық мәселелерді тереңінен толғаған, берері мол құнды дүние. Ойшылдың мұраларында берілген идеяларының төркіні қазіргі рухани жаңару заманында таптырмас бұлақ. Тек сол рухани бұлақтың көзін ашып, сусындау өзін-өзі жетілдіруді көздеген әрбір адамға таптырмас қазына десек артық айтқандық емес.

Қазақ халқының сан ғасырлық мәдени мұрасын зерттеу бұл елдігіміздің рухани, тарихи, мәдени негіздерін айқындау екендігі дау тудырмайды. Тіл, діл, дін, тарих қазақ халқының руханиятының түп негізі. Рухани мұраларымызды елімізге және жаһанға таныту бұл ұлттық ұстанымдарымызды айқындайды.

Ұлттық мәдениетімізде өзіндік орны бар көрнекті ойшыл философ, фольклортанушы, тарихшы, ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931) өзінің сан салалы шығармашыл ізденістерінде халық ауыз әдебиеті, ел тарихы мен мәдениеті, тіл мен дін, саяси-әлеуметтік мәселелерді арқау етті.

Мәшһүр Жүсіп ХХ ғасырдың бас кезіндегі казак қоғамында болып жатқан саяси әлеуметтік өзгерістерді шынайы суреттейді. Ойшылдың түркі мұсылман халықтарын ынтымаққа, бірлікке заман талаптарына сай еңбек етіп білім алуға шақырады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухани ізденістері асыл дініміз – Ислам тарихы мен ілімі, философиясы мұсылмандық ахлак (мораль), мұсылмандық шарттар туралы діни-философиялық ой-толғаныстармен айшықталады.

Ойшылдың Ислам тарихы мен ілімі, пайғамбарлар өмірі туралы білімінің тереңдігі оның дастандарынан айқын көрінеді. Ойшыл Ислам дінінің елді бірлік пен ынтымаққа, рухани тазалық пен ізгілікке, білім-ілім ізденуге деген құштарлыққа, адал еңбек етуге шақыратын игі құндылықтарын бүкіл болмысымен түсінген. Философ – ақын ұлт болмысын жаңғыртатын және рухани биікке көтеретін Ислам діні мен ұлт мәдениеті екендігін шығармаларында философиялық ой-танымдық тұрғыда пайымдайды. Сондықтан ойшыл саналы өмірін ұлттың фольклорлық мұрасын, шежіресін, ұлттық рухани ұстанымдарын жинақтап, жариялауға арнады. Ойшылдар халқымыздың ұлттық және діни құндылықтарын азаматтық болмысымен ардақтап, ұлттық бітім-болмысымызды айшықтайтын халық ауыз-әдебиет үлгілерін жинақтап, қажырлы еңбек етті.

Мәшһүр Жүсіп дүниетанымының қалыптасуына ықпал еткен ұлттық құндылықтар: Ислам діні мен философиясы, еуропалық ғылым жетістіктері. Қазақ мәдениетінің асыл құндылықтары тіл, діл, тарих ойшылдың дүниетанымдық ізденістерінің сан-салалы болуына негіз болды. Ойшылдың дүниетанымының рухани тірегі ислами құндылықтар мен Ислам дінінің жалпы адамзаттық мұраттары. Батыс еуропалық ғылым жетістіктері ойшылдың ой-танымдық ізденістерінің көкжиегін кеңейтті. Дүниетаным – дүние мен қоғамға деген философиялық, саяси-қоғамдық, этикалық, эстетикалық ғылыми-жаратылыстың көзқарастар жиынтығы екендігі белгілі. Ойшылдың дүниетанымын түсіну үшін ол өмір сүрген ортаны, қоғамдық-саяси жағдайды, руханиятты, тарихи-мәдени, әлеуметтік ахуалды білуіміз қажет. Ойшыл қазақтың алғы философиялық түп негіздерін терең де жан-жақты саралай білген. Ал философия дегеніміз – бұл жүйелі рационалды дүниетаным. Ойшыл дүниетанымы мен шығармашылық ізденістерінде қазақ елінің мәдени мұрасын жан-жақты және жүйелі зерттеу мен зерделеуге бағыт-бағдар ұстаған.

Мәшһүр Жүсіп ізденістерінде Аллаһ пен адам, табиғат әлемі мен адам әлемі, қоғам мен адам, адамдар қарым-қатынасы айшықталады. Ойшыл алған ілім-білімін, жинаған тәжірибесін ұлт игілігіне жұмсап, ұлттық болашақ тағдыры үшін толғанды. Ол еңбегінде отаршылдық кезеңде адам бойындағы ұлтжандылық, белсенділік, ептілік, ізденімпаздық, рухани жетілу, төзімділік, мәрттік, жомарттық, имандылық, батырлық секілді қасиеттерді қадірлеп, имансыздық ысырапқорлық, өшпенділік, көреалмаушылық,

ашкөздік, надандық, сараңдық, сабырсыздық, имансыздық секілді теріс қылықтар адам болмысын лаптап, адамды жарға жығатынын ашып көрсетті. Жас жеткіншектерді үлкендерді тыңдай білуге, түсінуге, дін мен әдет ғұрыпты құрметтеуге, ұлт үшін аянбай күресуге шақырады. Ол мұңсыз өзгерістер заманында ұлттық болмысты сақтап қалу және рухани жетілу мүмкін емес екендігін, яғни ұлттың болашағы жастардың рухани тәлім-тәрбиесіне ерекше бөліну керектігін болжайды.

Ақынның философиялық рухани ізденісі – кемел адам рухани және ұлттық құндылықтарды өзінің болмысына толық жинаған тұлға. Қазақ елінің рухани құндылықтары отаршылдық пен отарлау процесінде жұтылып кете ме? Рухани құндылықтарсыз елдің болашағы не болмақ? Шоқындыру саясаты кезінде дінімізді қалай сақтаймыз? Өркениетті елдермен қалай теңдесеміз? Осы сұрақтар ойшылдың шығармашылық ізденістерінің мәйегін құрайды.

Бүгінгі күрделі жаһандану процесінде ұлттық және рухани құндылықтарымызды сақтау және кемелдендіру үшін даналарымыздың рухани мұрасын және халқымыздың мәдени мұрасын терең танып білуіміз қажет.

Халқымыздың рухани мұрасын игеріп, танып-білген сайын мәдени-рухани көкжиегіміз ұлғая түседі. Рухани мұрамызды зерделеп, ойшылдарымыздың шығармашылығын және дүниетанымдық ізденістерін зерттеп қана, өткенімізді бүгінгі күнмен сабақтастырып, келешекке қарай бағыт-бағдар ұстанамыз. Сонда ғана рухани мұраларымызды өзімізге және өзгелерге таныта аламыз.

Қазақтың кеңбайтақ жерінде Ислам діні мен мәдениетінің келуі мен таралуы Ислам өркениетінің асылмұраларымен мұсылман ойшылдарының еңбектері қазақ топырағында мұсылмандық өрлеу негізін салды. Ислам діні мен ұстанымдары халықтың рухани сұраныс – қажеттіліктеріне сай келді. Мұсылмандық шығыстың ортағасырлық ақындары – Хафиз, Низами, Жәми, Руми, Сағдит, және басқаларының мұралары қазақ ойшылдарын шығармашылық ізденістерге шабыттандырды.

Адамзаттың асыл кітабы Құран кәрім және пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с) хадис-шәріптері қазақтың діни тақырыпта жазған ақын-ойшылдарының дүниетанымдарының рухани тірегі болды.

Жаһандану үрдісі заманында мәдени мұрамыз қазақ елінің өзіндік бітім-болмысын, төл тума ерекшелігін, дүниетанымдық бағдарын, рухани тұтастығын, ұлттық ұйысуын сақтаудың рухани тірегі болмақ. Ұлттық мәдени құндылықтарды сақтау және жандандыру, рухани мұрамызды насихаттау – ел болашағы үшін жасалып жатқан берері мол ұшан-теңіз еңбек.

Мәдени мұрамыз азаматтарымыздың бойында өз елінің тарихы мен мәдениеті үшін мақтаныш және отансүйгіштік сезімді қалыптастырып тәрбиелейді. Ел тарихы мен жәдігерлерін, әдеби-мәдени туындыларының тереңдігі мен рухани нәрін паш етіп, осы арқылы халықтың рухын көтеру ұлттық құндылықтарды ардақтау деген сөз.

Мәдени мұра бағдарламасы аясында шығармалары ХІХ ғасырдың соңында жария бола бастаған, ХХ ғасырдың басында шығармашылық ізденісімен белгілі болған Мәшһүр-Жүсіптің мұралары кенес заманын-

да ұрпаққа насихатталмады, бай мұрасы толыққанды зерттелмеді. Мәшһүр-Жүсіптің мұрасында ел тарихы, әдет-ғұрпы, халықтық медицина, Ислам тарихы мен философиясы туралы ой-пайымдаулар бар.

Мәшһүр Жүсіп мұрасы – ұлттық казынамыз. Ел тарихы мен этнографиясы, халық ауыз әдебиеті, ұлттық философиясы туралы ойлар, Аллаһ тағаланың сипаттары, дүниенің жаратылуы Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) өмірі мен қызметі, әділетті халифтер, әулиелер туралы жыр-дастандар, ойшыл мұрасының негізгі өзегін құрайды. Мәшһүр Жүсіптің даналық ой-тағылымдары, тарихи деректер, фольклор үлгілері, аңыз-әңгімелері 30 томды құрайды екен. Демек, Мәшһүр Жүсіп мұрасы – ұлттық игілігіміз. Мәшһүр Жүсіп шығармалары Ислам философиясы, ахлақ, әдеп, ілім, ғылым, рақымшылық, ғибадат, иман, әділеттілік, ізгілік, кісілік, жомарттық, намыс, тақуалық, сынды көркем мінездер туралы ой-пікірлерге толы. Мәшһүр Жүсіптің діни дастандары Ислам дінінің парыздары мен иман шарттары, ғибадат, жұмақ пен тозақ ұғымдарына қатысты ғибратты пәлсапалық ой-толғаулармен өрілген. Отаршылдық және шоқындыру саясатына қарсы жазылған саяси-әлеуметтік ойлары баяндалған “Сарыарқаның кімдікі екендігі”, “Хал-ахуал” кітаптары отаршыл өкімет орындары тарапынан қара тізімге ілініп, ойшыл қуғынға ұшырап, Ташкент қаласына кетуге мәжбүр болды.

Бұл күнде тіл сөйлемес, ақша-шешен,

Жүгірем бай жұмсаса, не мен, не сен.

Дүниеге дінін сатқан адамдардан,

Алыс жүр, бой суытып аман-есен

(*Көпейұлы М.Ж. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1992. - 224 б.*)

Ұлттық ар-намысты ояту, рухани жан-дүниені жанарту, кемелдендіру, әділ болу, жамандық жасамау, жан мен тән тазалығын сақтау, адами қасиеттерді ардақтау, обал, сауап, ар-намыс, рух биіктігі, діни сана кемелдігі, білім-ғылым құндылығы, теңдік, әділеттілік мұраттары Мәшһүр Жүсіптің рухани ізденістерінің мәйегі. Отаршылдық жағдайында ұлт руханиятының жанашыры ретінде халықтың рухани тұрғыда өрлеуі үшін діни құндылықтарға адалдық көрсету керектігін болжаған философ-ақын рух азаттығын асқақтата жырлайды.

Түзелер кашан жұрт боп мына казак,
Қылмаған кім бар дейсің бізді мазақ?!
Кешегі сұм дәуірде тұншығумен,
Өлуге, өлмесек те, қалдық аз-ақ!

(Көпейұлы М.Ж. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1992. - 122).

Ақын құлдық сана зардаптарын, еріксіздік, теңсіздік жағдайы рухани отарлықтың ұлт болмысы мен дүниетанымдық бағдарына, діліне, психологиясына тигізген зиянды ықпал-әсерін жаны күйзеле айтады.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларында адамның рухани болмысы мен ақыл-ой көкжиегі ілім-білім үйреніп, ғылымға құштарлықпен берілу арқылы кеңейетіндігін жырлайды.

Не нәрсе парыз болса, ғылым парыз,
Ғылым білсең, өтелер канша қарыз

(Көпейұлы М.Ж. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1992. - 125).

Ғылым дүниенің қыр-сырын, шынайы ақиқатты танып-білуге тосқауыл болатын кедергілерді тудыра-

тын сауатсыздық пен надандықты жояды. Сауатсыздық пен білімсіздік адам ақыл-парасатын қараңғылықтар қапасына қамайды. Білім-ғылымы терең де мықты дамыған ел ғана өркениетті жасай алмақ. Сондықтан да Ислам діні ғылымға адамзат үшін зәру құндылық ретінде қарайды. Пайғамбарымыздың хадис-шәріптерінде білім үйрену мұсылман еркек пен мұсылман әйелге парыз екендігі айтылған. Құранда білім-ғылым деген ұғымдар 800-ден аса кездеседі. Мәшһүр Жүсіп білім-ғылым нұрын сауатсыздық қапасын бұзар шамшырақ сәуле деп біледі. Қазақ қоғамының дамуына кедергі келтірер керітартпа көзқарастардан арылу арқылы өркениетті елдер қатарына қосыла аламыз деп ой түйеді. Мәшһүр Жүсіп мұрасы ұлттық және рухани құндылықтарымызға деген жанашырлықтың үлгісі деп білемін.

Мәшһүрдің пайымдауынша, Аллаһтың бірлігіне, пайғамбардың хақтығына, Құран кәрімнің шындығына сенім – адамның имандылық арқауы. Аллаһ – дүниені жаратушы, табиғаттың негізгі бастауы. Мәшһүрдің пікірінше, сенім – Ислам қағидаларын орындау ғана емес, жан мен тән тазалығын ұштастыра отырып, Аллаһқа сенімді-жүректе бекіту, яғни сенімнің қажетті шарты Аллаһ тағалаға мойынсұну, дін қағидаларын ақ пейіл, түзу ниетпен орындау, сонымен қатар сенім – ақиқат, қайырымдылық, мейірімділік пен имандылық, ізгілік тәрізді гуманистік құндылықтар мен мұраттардың салтанат құруына бағытталған ниет пен іс-әрекеттің бірлігі. Құдіретке құлшылық ету – діни сананың ажырамас бөлшегі екені белгілі.

Құдайға құлшылық ету – әділеттілік пен адам баласының рухани өрлеуіне, адами болмыстың ұлы

рух күшіне ие болып, Аллаһ жолында биік имандылық мұраттарына апарар жол.

«Құдай көкті, жерді, айды, күнді, он сегіз мың ғаламды жаратты. Адам ата, Хауа ананы жаратты» (*Көпейұлы М.Ж. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1992. – 137б.*), – дейді Мәшһүр Жүсіп. Бұл ретте ғалам мен адамзатты жаратушы Аллаһ космологиялық мәнде күдіретті ғажайып күш ретінде қарастырылады. Шексіз, әмбебап, себепсіз, күдіретті жаратушы – құбылмалы он сегіз мың ғалам мен жаратылыстың ұлы камқоршысы адамды шынайы махаббатпен жаратты. Аллаһ – барлық жаратылыстың, табиғаттың сан алуан құбылыстарын және жаратылыс атаулының ішіндегі ұлы туындысы адамзат баласын жаратқан шексіз күдіретті, тылсым шеберлік иесі. «Мен Құдайды бір деп білемін, бар деп білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне нанымым, сенімім күшті. Өзге нәрсеге – “Құлақпен естіген – танық, көзбен көрген – анық». Көзім көрмей нанбаймын. Құдай қандай, өзі не нәрсе, оны тануға, ақыл-ойым, зейін пікірім жетпейді. Сонда танымаймын деп, тоқтап тұрып қалмаймын, жаратқан нәрселерінен, Құдайлықпен қылған ісінен – барлығын, бірлігін, күштілігін танып тұрсам керек”, (*Көпейұлы М.Ж. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1992. – 138б.*) – деп өз пікірін ашық білдірген.

Қазақтың ұлы ойшылы Абай «ақылға сыймас ол Аллаһ, тағрипқа (түсіну, білу) тілім қысқа ақ аһ”, – деп көрсеткен (*Абай. Қалың елім, қазағым ... Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. –137б.*). Абай мен Мәшһүр Жүсіптің ой-пікірінен ой үндестігі мен дүниетанымдық сабақтастықты көреміз.



Ислам діні бойынша, иман келтіріп, Аллаһтың құлы, мұсылман үмбеті болуы үшін Аллаһтың бірлігі мен барлығын, пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с) Аллаһ расулы екендігін бекіту шарт, яғни Ислам дінінің негізгі мәні және оның қуатты рухының қайнар көзі Таухид тұғырнамасын бекіту керек. Таухид онтологиялық және гносеологиялық аспектілерде қарастырылады.

Ислам дінінің қағидалары, заңдары, уағыз-өсиеттері нықталып, Ислам діні түпкі мән-мағынасына Таухид негізінде ие болады. Таухидсіз Ислам дінінің мән-мағынаға ие болуы мүмкін емес. Өйткені Таухид – исламның ең негізгі арқауы және қайнар көзі.

Таухид тұғырнамасының түпкі мәнін түсіну үшін оған қарама-қарсы ұғым «ширк» (шек келтіру, Аллаһқа серік қосу) туралы білу қажет. Ислам діні бойынша, Аллаһқа серік қосу мұсылманның жасауы мүмкін ең ауыр күнә, Аллаһ шек келтіруден басқаның бәрін кешіреді. Дін тарихынан белгілі болғандай, пайғамбарлардың негізгі жолы Адам ата ұрпақтарының таухид нұрына жүректерін ояту, сенімін тудыру және адамдарды политейстік (көпқұдайлық) қапастан алып шығу еді. Жоғарыда келтірілген үзіндіде, Аллаһ онтологиялық тұрғыда адам еркінен және санасынан тыс шынайылық және ғаламды жаратушы құдірет иесі және Аллаһ – ақиқаттығына кәміл сенім анықталады.

Гносеологиялық тұрғыда, Аллаһты ақылмен адам баласының тануы мүмкін еместігі көрсетіледі. Аллаһ ақыл көмегімен танылмайды. Ислам философиясы мен дүниетанымында жұмыр басты пенденің Аллаһты тануының мүмкін еместігі айқындалған тұжырым екені мәлім. Мәшһүр Жүсіп Ислам діні мен философиясының негізгі қағидаларынан алшақтамаған.

Бұл жерде Мәшһүр Ислам дінінің қағидаларына өзінің беріктігін көрсетеді.

Мәшһүр ұғымында Аллаһты тану, ол жаратқан жаратылыс туындыларын, құпия, жұмбақ сырға толы дүние заттары мен құбылыстарын тану жолымен іске асады. Аллаһ – мәңгілік иесі, Аллаһ – ақиқат дүниенің жаратушысы, Аллаһ – шексіздік пен өлшеусіздіктің белгісі, ал адам болса, Аллаһ пендесі болғандықтан, ол Аллаһты тануға ұмтылады. Аллаһтың шексіз тылсым сипаттарын тану үшін адам өзін үнемі жетілдіру арқылы, Аллаһ берген ақыл-парасат, сана-сезімін жеткілікті деңгейге көтере білу мүмкіндігін жүзеге асыруы тиіс.

Мәшһүрдің айтуынша, Аллаһ тағаланы тануға адам баласының шектеулі ақыл күші, таным қабілеті деңгейі жетпейді, адам Аллаһтың жаратқан нәрселерін тануы арқасында Аллаһ құдіретін, шеберлігін, кереметін танып біледі.

Аллаһ – Мәшһүр үшін ғалам және оның заңдарының иесі, ал адам осы заңдарды тануға талпынуы керек.

Ол Құран кәрім, шариат негіздері мен пайғамбарымыздың хадис – шарифтерін, Ислам философиясын және оның әртүрлі ағымдары мен бағыттарын жақсы білді. Мәшһүр Жүсіп Аллаһ тағалаға сенумен бірге, Аллаһқа құлшылық ету, Ислам парыздарын шынайы таза жүреппен орындау және Ислам дінін, ілімін, мәдениетін насихаттауға айрықша мән берді.

Мәшһүрдің философиялық дүниетанымында діни-философиялық көзқарасы айрықша орын алды. Мәшһүрді сондықтан да діни ойшылдар санатына қосуға болады. Оның дінге қатысты ойларында дүниенің алғашқы себепшісі құдіретті Аллаһ сипатта-



лады. Құдай іс-әрекетінен туындаған жаратылыстың ұлы туындысы – адам хақында философиялық ой-толғаныстар талданады.

Ойшыл өзінің «Төрт асыл, бес берекенің шешуі» шығармасында Ислам дінінің қағидалары мен парыздарын, діни, имандылық құндылықтары мен мұраттарын талдауға, Аллаһ тағаланың барлығы мен бірлігін дәлелдеуге, Аллаһтың ұлылығына сенім туғызуға бағытталған діни-философиялық ізденістер айқындалған.

«Адам баласының қара бойында төрт асыл бар: бірі – жаратқан Аллаһ тағаланы бір деп білмек тіліменен. Екіншісі – сол тілінің бір дегенін шын деп ағытқар қылуы дәлелменен. Үшіншісі – он екі мүшесін құдайдың құлшылығында қылу. Төртіншісі – Пайғамбар сенетін орынға келтіру. Кімде-кім құдайды бір деп айтпаса, ығоз бала кәпір болады. ...Төртеуін түгел орынға келтіруші момын мұсылман түгел табылып тұрған адам болады», - *(Көпейұлы М.Ж. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1992. – 138 б.)* деп жазады ойшыл.

Мәшһүр Жүсіп Ислам философиясының негізі Аллаһты бір және бар деп көрсететін таухид тұжырымын тілмен айтып, жүректе бекітіп, әзірет Мұхаммед (с.а.с.) хадистері мен өсиеттерін басшылыққа алып, бүкіл жан-ділімен жаратқан Аллаһқа құлшылық ету қажеттігін бекітеді. Бүкіл жан дүниесімен, болмысымен, жүрегімен Аллаһты бір деп таныған Мәшһүр Жүсіптің Аллаһ жолына, пайғамбарымыздың сүннетіне имандылық, ізгілік, ақиқат жолы деп қарағаны, оның дін философиясында айқын терең із қалдырған.

Аллаһ тағаланы бірлігі мен барлығын тілмен білу шынайы сенім тазалығы үшін жеткіліксіз, тілдің

бір дегенін, жүрекпен ұғыну, Аллаһқа бүкіл шыннайы ықыласымен беріліп құлшылық кылу, Аллаһ елшісінің сүннетіне сай сәйкестендіру арқылы нағыз мұсылман, толық адам деңгейіне жете алады. Дін мен сенім тазалығы, Аллаһқа сыйыну, хадис – шарифтерді сыйлау, сенімді сөзде, істе көрсету сарындарының басымдығы оның діни-философиялық көзқарасының негізгі өзегін айқындайды.

Аллаһ жолына жан-тәнімен түсіп, үмбеттік жолмен имандылық, рахымдылық, ізгілік мұраттарын толғаған діндар ойшыл былай дейді: «Адам баласының кара басында бес береке бар: бірі – Құдайдан қорқып уақытымен оқыған намаз; бірі – малайғыны (өзіне қатысы жоқ) сөзден бой баққаны, өзін тыйғаны; бірі – зікуат уа қайыр-хасен; бірі – екі аяғының арасына ие болғаны; бірі – аманатқа қиянат қылмай һәм Құдайға, һәм халыққа қылған уағдасына қылғаны» (*Көпейұлы М.Ж. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1992. – 138 б.*) Адам бойындағы Аллаһқа құлшылық ету, өзіне-өзі ие болу, уәдеге берік болу, нәпсіні тежеу, аманатқа адалдық, ұстамды, сабырлы болу тәрізді Аллаһ сүйген көркем мінездерді атап көрсетеді.

Мәшһүр тән құмары – нәпсіні бетіне, ыркына жібермей ақыл мен рух тізгінінде ұстау қажеттігін бекітеді. Адам бойындағы жаман қасиеттер нәпсі құмарлығынан туындайды, сондықтан да парасатты адам нәпсі құмарлығының шырмауынан сақтанып жүруі қажет. Ойшылдың бай рухани қазынасының құндылығы халықтың ділі мен танымы, салт-дәстүрлері мен өнеге-үлгілеріне қатысты тұстары аманат, сөзге беріктік, уәдені орындау, халыққа қызмет ету тәрізді абзал қасиеттерді дәріптеуінен айқындала

түседі. Ойшылдың шығармаларының тұңғыығына неғұрлым тереңірек үңілген сайын, оның дінге берік болып, Аллаһқа сүйіспеншілік – жұмыр басты пенденің өзі мен он сегіз мың ғаламды жаратушыға көрсеткен адами махаббатының көрінісін, жақсылық пен қайырымдылықты мадақтап, рухани ілімді меңгерген, иманы берік, ар-намысы мен ұжданы пәк, рухы биік, рухани өрлеу жолындағы парасатты адамдарды үлгі тұтқанын және рухани ілімнің шынайы негіздерін байқаймыз. Оның туындыларының өзегі пәлсафалық ой – маржанға толы ізденістері мен тұжырымдарынан туындаған рухани өсу адам болмысының мәні адам тұлғасының өзегі ретінде көрсетіледі.

Мәшһүр Жүсіп руханилық негізі – имандылық жолы мен дінде деп көрсетеді. Ол Ислам дінінің мөлдір негіздерін насихаттау арқылы ел-жұртын имандылық жолына шақырды. Халықтың ар-намысын оятатын, рухани ілімнен азық алуға шақыратын, рухани өрлеуге үндейтін туындылары ойшылдың дүниетанымдық ізденістерінің руханилық қырларын аша түседі.

Мәшһүр Жүсіп мұрасын зерттеуші профессор Қ. Мәшһүр Жүсіп ойшылдың діни ізденісі мен еңбектері туралы былай дейді: «Ислам діні мәні хақында осындай көркем туындылар жазумен бірге, Мәшһүр Жүсіп діннің ақиқат екенін дәлелдеп, ғылыми еңбектер де жазған» (*Мәшһүр Жүсіп Қ. Дін және Мәшһүр Жүсіп // Егемен Қазақстан. – 2010, қаңтар – 20.*)

Аллаһқа сиынуды, Аллаһтың ақ жолын ұстануды, дүниенің жағымсыз, келеңсіз істерінен жиіркене безінуді, жамандық атаулыдан аулақ болуды жоғары қояды. Мәшһүрдің діни-философиялық ізденістерінің мәні мен көтермек идеясы Құран мен Сүннет, дін

мәселелері, шариғат істері, имангершілік, ізгілік, әділеттілік туралы ой-толғаулары күрделі діни-философиялық толғамдарға құрылуынан байқалады. Ол діни тақырыптағы шығармаларында Аллаһқа құлшылық ету, Ислам діні идеясын, жалпы адамзатқа ортақ адалдық, қайырымдылық, парасаттылық, имандылық, тазалық, адамгершілік қағидаларын, гуманистік мұраттарын, Ислам дінінің ұлт үшін маңызы мен мәртебесін ұлықтап, Құран кәрімнің шынайы мәнін түсіндіру, хадис – шарифтегі тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалар, қиссадағы образдар мен сюжеттерін бейнелі поэзия тілімен, өзіндік тәсілмен өрнектеген. Ислам діні діни, философиялық, саяси, этикалық бағыттарды қамтиды.

Қазақ руханиятын зерттеуші У. Қалижанұлы: «Ислам – хак дін, дүниедегі ең бір таза, ең бір адами дін, тәлімі де, тәрбиесі де, үйретері де, үлгісі де айрықша бөлек, тұнып тұрған парасат, таусылмайтын ғылым» – деп көрсетеді (*Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы: Білім, 1998. - 256 б.*).

Мәшһүр Жүсіптің «Бес парыз» атты өлеңінде Ислам дінінің негізгі тірек қағидалары (тадхид, бес уақыт намаз, ораза, зекет беру, қажыға бару) және Аллаһқа шын ниетпен, таза жүрекпен құлшылық етуге, бес парыздың шынайы мәнін түсінуге, сенім тазалығына шақыру, мұсылмандық парызды адал орындау жайлы ақынның ой-толғамдары баяндалады. Ғибрат айтушы ақын құдайға құлшылық жасау туралы толғай келіп:

Бір құдайдан басқаны ойламаңдар,

Ой түбіне жетем деп, бойламаңдар.

Жалғыз қылда тұрғандай сол намазда,

Жан – жағына көз салып, ойнамандар (Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалары.–Алматы: Алаш, 2003. - 1-т. – 504 б.).

Аллаһқа шын ниетпен, таза жүрек үнімен жалбарыну сенім беріктігі деген тұжырым жасайды. Намаз оқу сәтінде бір жаратушы Аллаһты ғана ойға алып, ихсан және ниетпен сәждеге жығылу керектігін көрсетеді. Тозаққа бұзық ойлы, кара ниетті, пасық мінезді, тілі бұзық, сарандар, арам пиғылды, колынан тек жамандық жасау келетіндер, намазын дұрыс оқымайтындар, оразасын ұстамайтын дін бұзар надандар, ешкімге сәлем бермес өркөкірек дандайсыған тәкаппарлар, білмесе де білгішсінген топастар баратындығын болжайды.

Аталмыш еңбекте, исламның бес парызының мұсылмандар үшін міндеттілігін, бес парыздың түпкі мән-мағынасы ашылып, дін бұзар істерден сақтандырып, шайтандық қылықтардан алшак болып, имандылықты ұстанып, Аллаһ тағаланың бұйрық қылған парыздарын адал орындау қажеттілігі сипатталады. Намазды қалай оқу керектігін түсіндіріп, ойыннықтап отырады, өйткені кейбір діннен білімі, хабары шамалы адамдар Ислам парыздарының негізгі, шынайы мәнін түсінбей қалып кінәлі болмауы үшін және жаман мінез-қылықтар мен іс-әрекеттерден аулақ болу үшін қажеттігіне назар аударады.

Мәшһүр Жүсіптің шығармалары – Құран мен хадисте басшылыққа алған, тақуалық пен көркем мінезділікті жырлаған асыл туындылар.

Көтерген идеясы, ұстанған бағыты имандылық болған көрнекті ойшыл, діни ғұлама, ақын Ғұмар Қараш (1876-1921) сол замандағы қазақ қоғамының рухани өмірінің өзекті мәселелеріне қатысты ой-

пікірлерін «Айкап», «Шора» журналдары мен «Қазақ», «Қазақстан», «Үн» газеттеріне жариялап тұрды. Ғұмар Қараш қазақ халқының отаршылдық езгіден жапа шегіп жүргенін көзімен көріп, жүрген жерінде наразылық білдіріп, өз ой-пікірін ашық айта білген, баспа бетінде жаза білген, халқын ғылымға, өнерге, өркениетке ұмтылуға шақырған дарынды тұлға.

Ғұмар Қараш ұлт мүддесі мен ел қамын ойлаған ой-толғанысын халқының санасына жеткізуге тырысқан. «Надандық себепті халқымыз арасында жайылмақта болған қата иғтикат уә зарарлы ғадеттер бек көп. Оларды бірден сыпырып алып тастау еш мүмкін емес. Қашан халықтың ұлы, қызы бірдей оқып, мағрифат хасыл етсе, бұл надандықтан келген ғадеттер өз-өзінен бітешек» (*Асыл дін және ұлт зиялылары. – Алматы: Халифа Алтай Халықаралық қайырымдылық қоры, 2009. – 92 б.*) Ғұмар қазақ жастарының сауатты, көзі ашық, кәсіп игерген, парасатты, білікті тұлға болып қалыптасуын армандаған. Ислам дінін білім мен ғылыми негізде танып білуге шақырған. Мұсылман әлемінде серпіліс тудырған жәдитшілдік қозғалысын қолдаған ғұлама заман үніне сай даму жолын ұсынған.

Ш. Керім: «Ғұмар дәстүрлі оқу жүйесінің қалпында шырлап қалмай, жаңа заман ырғағына сәйкес қимыл ділгірлігін тек сөзбен айтып, іспен де көрсеткен. Ғұмар мен оның шәкірттері мектептерінде тарих, жағрафия, есеп тәрізді пәндерді де оқытқан» (*Керім Ш. Жамалад-Дин ал-Аугани және Ғұмар Қараш // Исламтану және араб филологиясы мәселелері: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – 2009. – Б. 45.*) - деп, Ғұмардың оқу ағарту саласындағы еңбектерінің маңыздылығына тоқтайды.

Ғұмар Қараштың дүниетанымы мен шығармашылық ізденістеріне ХІХ ғасырдағы Ислам дүниесінің көрнекті ойшылдары Ж. Ауғани және М. Абдоның реформаторлық ой-пікірлері ықпал еткен.

Ғұмар – халқын сүйген, ұлжанды ойшыл. Заман көшіне ілесу үшін жастар өнер мен кәсіпті игеруі тиіс. Өйткені жастар – ұлт болашағы. Ислам дінінің құндылықтарын қоғам мен адам өмірін рухани түлету және білім мен ғылымды дамыту, шаруашылықты жүргізу әдістерін уақыт талабына сай қолдану мақсатын көздеген жәдитшілер тіл, діл, ұлттық рух, ата-баба дәстүрі, ұлт тарихы сынды руханият мәселелеріне ерекше назар аударды. Тарихшы ғалым Н. Нуртазина: «Нұржан Наушабаев, Ғұмар Қараш, Мұхамметжан Сералин, Міржақып Дулатов, тағы басқа жәдиттер – исламшыл, әуелі шын жүректен Құдайға сенген, сосын Ислам дінінің мәдени потенциялын, адамгершілік-тәрбиелік маңызын, отаршылдыққа қарсы қорған бола алатын қабілетін толық ашуды, армандаған мұсылман патриоттар еді» – деп жазады (*Нуртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам: тарихи-мәдениеттанулық зерттеу. – Алматы, 2002. – 208 б.*)

Жәдитшіл ойшылдар қазақ қоғамын саналылық тұрғыдан жаңа биікке көтеріп, рухани арылу мен ахлақтық тұрғыдан жаңғыру, өркениетті елдермен үнқатысу жолымен ұлттық мәдениетті заман үніне сай жетілдіруді көздеді. Әрбір халықтың өзге ел-жұртқа ұқсамайтын төл тума, болмыс-бітімін даралап, ұлттық тағдырын айқындайтын негізгі белгісі – оның мәдениеті мен руханияты. Руханият – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасат-пайымы, ар намысы, рухани әлемі. Рухани дүниесі ке-

мел ұлт мәдениетімен, тілімен, дәстүрімен, тарихымен ұлтын ардақтаған тұлғаларымен, адами капиталымен, әлемдік өркениетке қосқан сүбелі де салмақты үлесімен дараланады. Болашаққа қарай басқан кадамның берік, сенімді болуы ұлттық намыс пен руханиятқа негізделуі тиіс. Ұлттық рух әрбір қазақ баласына ана сүтімен, ата батасымен, киелі ұғымдарымен ұрық болып егілуі керек. Сонда ғана ұлжандылық пен имандылық баланың қанына сіңіп, жадында жатталып, рухани дүниесіне орнығып, өмірлік жолында оған тірек болады. Отбасында сәби шағынан ұлттық нәрмен, дәстүрмен тәрбиеленіп, тағылым алған, ұлттық рухтың мөлдір бұлағынан сусындаған қазақ жасының ұлттық сана-сезімі мен рухани дүниесі кемел болып қалыптасады. Ұлт руханиятының уызына мейірі қанып өскен жас ұрпақ елдің ертеңі.

Ғұмар ақын «Ұят» атты өлеңінде имансыздық, ұрлық, кісі өлтіру, түрлі бұзақылықтардың болуы ұяттың болмауынан деп ой түйеді.

Тұрады ұят тұрған жерде иман,
Әдебі пайғамбардың бұған илан.
Әр түрлі бұзықтықтан адамзатты,
Тек жалғыз бұ дүниеде ұят тиған

(Ғұмар Қараш. Замана. – Алматы: Ғылым, 1994. – Б. III.).

Ұят – бұл адам баласына тән қасиет және адамзат үшін ахлақтық құндылық. Ұят – адамзат үшін өртак асыл ұғым. Ұяла білу – ар-намыстың және әдептіліктің белгісі. Академик Ғарифолла Есім «Ұятты сезіну – танымның, білімнің басы» – дейді *(Есім Ғ. Адам-зат. Философиялық эсселер мен новеллалар, зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2002. -121 б.).*



«Ұялу – иманнан» деген хадис ұялу адам сенімі мен ахлағының өлшемі ретінде көрінеді. Ұят – бұл адам баласының адами қасиеті мен абыройы. Сахабалар ішінде Осман (р.а) өте ұялшак болған. Инабаттылық деген арлылықта өмірлік ұстанымы болған халқымыз «өлімнен ұят күшті» деген. Бүгінгі күні қоғам өмірінде көрініс беріп отырған түрлі жаман дертті мінез-кұлықтар ұяттың адам бойынан алшақтауынан және ұят ұғымының құндылықтық маңызы жоғала бастауынан туындап отыр. Себебі, күнкөріс қамы үшін қандай жолмен болса да ақша табу басты қағидаға айналып, бүгінде ұялшактық еш пайда бермейді деушілер кездеседі. «Ұялған сыбағасынан құр қалар» – деп арысyz болуға үндейтін замандастарымыз да арамыздан кездеседі.

Ғұмар Қараш Ислам дінінің иман негіздерін, ахлақтық ұстанымдарын, Ислам мәдениеті мен ғылымын халыққа түсіндіру үшін жан аямай еңбек еткен.

Әбубәкір Кердері (1858-1912) Ислам мәдениеті мен философиясын зерделеп танып білген ойшыл.

Он төртте Мұхтасарды араладым,
Әр баптан дәріс алып шамаладым.

Ислам іліміндегі дін негіздері, иман шарттары, бес парыз, яғни мұхтасар ғылымхалын ойшыл тереңінен танып білген. Діндар ақын жаратушының ғалам мен адамды жаратқан ұлылығын өлең жолдарымен өрнектейді.

Әуелі, Алла, жараттың,
Топырақтан халық етіп.

Исламдағы сопылық ілімін және оның қиын да, күрделі адамды кемелдендіретін рухы туралы былайша толғайды:

Мұсылманның бәрі артық,
Иманын біліп хақиқат.
Бір құдайды бірлесе,
Тарихаттан пайда жоқ,
Хақиқатты білмесе.

Сопылық туралы пікір айтқанда, сопылық ұғымының мән-мағынасын толыққанды зерттеп қана, яғни біржақты көзқарасты ұстанбай, орта жолды негіздеу арқылы қарастырған жөн. «Суфизмнің іргелі категориясы – білім культі, парасат және махаббат культі. Суфизм тұлғаның қалыптасуы мен дамуының негізі. Суфизм – бұл терең тұлғалық дүние түсінік».

Сопылықты шынайы түрде Құран кәрім мен сүннет негізінде ұстану – Аллаһ тағаланың бұйрықтары мен тыйымдарын бұлжытпай орындау шариғи заңдарды ұстану. Аскеттік (дүние-мүлікке қызықпай) өмір салтын ұстану, о дүниенің камын жеу, Жаратушыны махаббатпен, ғашықтықпен сүйу, діни мәселелерді сабырлылықпен, сақтықпен шешу, шүкіршілік ету, тәубе ету, адалдық, әділдік, дүниеге қызықпаушылық жолын таңдау, ихсан дәрежесіне жету. Аллаһтың әулие құлдары шариғат ілімін жетік меңгереді. Шариғи білімі таяз, надан адам Аллаһтың (әулие) досы бола алмайды.

Сахабалар мен табиғиндер ұстанған сопылық жолы – Ислам шариғаты үкімдерін орындау және өмір салтын ұстану жолы.

Аллаһ елшісінің жанынан шықпай, Мәдина қаласындағы Пайғамбар мешіті жанына паналаған



үйсіз-күйсіз сахабалар «Әһлу-Суффә» деп аталады. Саяси билік үшін тартыс кезінде тақуа кісілер саяси тартысқа, дүниелік істерге араласпай оқшау тыныш өмірді таңдады.

Сопылық діннен жеңіл жол іздеу, парыздарға (намаз, ораза) немқұрайлы қарау, дүниелік мақсаттар үшін топ құру емес. Сопылық ұстанымы – Аллаһты үнемі еске алу, нәпсімен күрес, ғибадатты ықыласпен орындау, ыждаһаттылық және сабырлықпен амал ету.

Профессор Б. Абирова: «Сопылардың айқындауы бойынша, тәубаға келу харамнан бас тарту, халалға жүгіну, бұл жолда адам күнә істеуді тоқтатып, жасаған күнәсіне өкініп, күнә жасамауға шешім қабылдайды. Сопылық қауымда мүрит ұстаздың бақылауымен өзіне есеп береді. Бұл мәдени-әлеуметтену формасы болып табылады» деп көрсетеді [154].

Сопылық мақамдардан тұрады. Құлшылық етуші (ғабит), тақуа (захид). Бұл мектептердің өзіне тән әдісі, жолы және мақсаттары бар. Сопылықтың ортақ ұстанымдары – Аллаһты және Пайғамбарды сүю. Тақуалық, дүниеге қызықпау, Аллаһқа риза болу. Тарикат жолына түсуші Шариғат заңдарына бағынып, дүниелік күйбең тіршіліктен бас тартып, өзін Жаратушыға арнағанын қабыл алады. Жаратушының еркіне бойұсынып, бүкіл ойы мен іс-әрекетін Жаратушыға бағыттайды. Сонымен қатар, өзінің бүкіл болмысы мен өмірін Жаратушының қалауына береді. Осылайша сопы Ақиқатқа толық сіңіп кетеді.

Сопылық тарихын зерттеушілердің пікірінше, сопылық IX-X ғасырларда Таяу және Орта Шығыс елдерінде, Солтүстік-Батыс Африкада кеңінен таралды.

Ахмад әр-Руфағий мектебі арабтардың руфағий қауымынан шыққан. Бұл мектеп нәпсі тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Ахмад әр-Руфағийдің тариқаты Батыс Азия елдерінде таралған.

Ибраһим әл-Дусукий мектебі нәпсі және құмарлықтарға қарсы шыққан. Бұл тариқат дүниенің тылсым сырларын танып білу және ұстаздың қалауы мен бұйрығына бағыну сынды мұраттарды ұстанады.

Маулауия мектебінің негізін ақын, ойшыл Жалалиддин Руми қалады. Бұл тариқат зікір алқаларына би мен ырғақты енгізген. Бұл тариқат Түркия, Батыс Азияда таралған.

Шазилия мектебінің негізін Әбу Хасан Шазилий қалаған. Бұл мектеп Мысырда, Йеменде, Африканың солтүстігінде және батысында тараған. Бұл тариқат зікірге және білім алуға ерекше мән береді.

Орталық Азияда сопылық тариқаттар XII – XVII ғасырлар аралығында пайда болған. Түркістан, Бұқара қалалары сопылық ілімінің түркі, парсы тілдес халықтардың арасында таралуында зор рөл атқарды.

Орталық Азияда сопылықтың Баха ад-дин Накшбанд (Накшбандия) Әбд әл-Кадир Жейлани (Қадария), Наджм ад-дин Кубра (Кубрауия) Қожа Ахмет Йассауи негізін қалаған тариқаттар таралған. Сопылық Орталық Азия халықтарының мәдениетінің бөлігі болып табылады.

Сопылықтың негізгі ұғымдары – Таухид, тәуекел, шүкіршілік, тәуба, сабырлылық, амал-әрекет, пақыр, махаббат, ғашықтық, мағрифат (таным), талап және т.б. Сопылар Жаратушыны тану және жаратушыға деген махаббатқа жету жолында руханилық және ішкі тазалыққа ерекше мән береді. Йассауи тариқатының

түркі халықтары арасында Ислам дінінің таралуында өзіндік орны бар. Йассауи тариқатының негізінде – Бекташийа тариқаты пайда болды. Бекташиа тариқаты қазіргі кезде Балқан аймағындағы мұсылман халықтары арасында қазіргі кезде де сақталған. Сопылық XVIII ғасырда Солтүстік Кавказға дейін жетті. Сопылық – нәпсіні тежеп тәрбиелеу жолымен кемелдікке жету. Сопылық ілімінде жүрек – адам болмысындағы маңызды ағза. Сопылық – тақуалық пен көркем мінезділікке тәрбиелейтін білім жолы.

Қор болған екіншіде сопы жолы,
Бұл жолды ұстаушы еді ердің зоры.
Әліптің атын білмес надан сопы,
Сопылық Қап тауынан биік еді,
Теп-тегіс жетіп кетті жұрттың қолы.

Ақын дін рухани жан-дүниесіне арналған жол екендігін атап көрсете отырып, дінді сән ретінде ұстану мен діни қызметті пайда табу жолы деп ұстайтындарды сынға алады. Ойшыл шынайы діндарлық пен рухани кемелділікті асқақтататын қазақи дәстүрлі руханилықты ұстанған. Ойшылдың дінге қатысты ой-пікірлерін жан-жақты зерттеу алда тұрған келелі іс.

Ақмолла Мұхаммедиярұлы (1839 – 1895) шығармашылығы ел-жұрттың сол кездегі хал-ахуалын ашып көрсету және отарлық езгіден шығар жолды көрсетуге арналған. Ақмолла өлеңдері халқына арнап, ол рухани езгіден құтылудың бірден-бір жолы ретінде өнер мен білімді насихаттады. Бұл жолдың да өзіндік қиындықтары көп, бірақ одан қашпай, жеңе білуге шақырған Ақмолла халықтың әр уақытта Ислам дінінің асыл қағидаларын ұмытпай, тіпті ауыр отаршылдық жағдайда діннің ақ жолымен жүру арқылы, руха-

ни жеңіске, табысқа жетуге болатындығын ашық көрсетті. Ислам дінінің өзі имандылыққа, тазалыққа, әдептілік пен әділдікке, білімділікке шақырған. Ислам діні әлеуметтік қатынастарды, яғни, адамдар арасындағы түрлі қарым-қатынастарды ретке келтіріп отырады. Әлеуметтік қатынастарды реттеуде дін рухани құндылықтар жүйесін ұсынады. Ислам қағидалары діни және рухани құндылықтардың жүйесі болып табылады. Сондықтан Ақмолла өлеңдерінде қоғамды әділетті етуде және теңдікті, еркіндікті орнатуға дінге жүгінгендігінің себебі осында.

Ақмолла Ислам ілімінің тура жолды көрсететіндігін айтып, халық сол жолда жүріп, ислами рухани құндылықтарға негізделген қоғам орнауын қалайды. Адамның өз бойындағы жаман әрекеттерден тыйып, олардан бойды аулақ ұстауға үгіттейді. Ислам тәрбиесі адамды адалдыққа, әділеттікке, шыншылдыққа, мейірімділік пен қайырымдылыққа, ізгілікке, бауырмалдыққа тәрбиелейтіндігін айқындауын ақын өлеңдерінен байқау қиын емес.

Бұл дүниеде қонақ – сен,

Дәулет, бақыт таптым деп.

Не берсе де Аллаһ деп,

Шүкірлігің тастама –

(Ақмолла. Күндер мен түндер. – Алматы: Жазушы, 1986. – 165 б.).

деп, Жаратушы Аллаһтың адамдар жүрегінен орын алып, Оның берген әр бір күнінде тек адал еңбек етіп, жақсылық жасап, оның рахымына бөлене беруді мақсат тұту керектігін ұсынады. Ақмолла осы өлеңімен Аллаһқа деген шүкірліктің маңыздылығын көрсетіп тұр. Адам өзін Аллаһтың жаратқандығы үшін



шүкір етсе, әрбір күні үшін шүкірлік жасаса, Аллаһ тарапынан әр уақытта оған беретін жақсылықтар көбейе түспек. Аллаһ Құран кәрімде «Енді мені еске алдыңдар мен де сендерді еске аламын және Маған шүкірлік қылыңдар да қарсы болмандар. (Бақара сүресі, 152).

«Егер шүкір етсеңдер, нығметімді арттыра беремін. Ал егер қарсы келсеңдер азабым тым қатты. (Ибраһим, 7-аят) – деп, шүкір етудің қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді. «Кім игілік істесе өзінің пайдасы үшін» (Жасия сүресі, 15).

Исламда тек Аллаһқа ғана шүкірлік етумен шектелмей, айналасындағы адамдарға да жасаған қызметі мен жәрдемі үшін рахметін айтуды ұмытпауы тиіс. Исламдағы шүкірлік етудің өзі адамдар арасындағы әдептілік пен адамгершілікті қалыптастыруда үлкен маңызға ие.

Ақмолла келесі бір өлеңінде:

Көкірегің қатып қалған қара тастай,

Ісің көп келіспеген одан басқа – ай.

Дұға оқып азаптану – құр әдетің

Ақырет пайдасына жарамастай –

(Ақмолла. Күндер мен түндер. – Алматы: Жазушы, 1986. – 52 б.)

деп, өзі өмір сүрген қоғамдағы кейбір пенделердің Аллаһтың ақ жолын ұстануда тек жалаң көрініс көрсетіп, ақырет күніндегі есебін ұмытып, лас тірлігін ашына жазады. Исламда адамның өмірінде жасаған жақсы және жаман істеріне ақырет күнінде жауап беруі жайлы ұстаным, адамдардың тек жақсылық істерге ұмтылуына көп септігін тигізері хақ.

Жоғарыда айтылған, Ақмолланың ойы адамның Аллаһтың, оның ақ жолына адал болуы тек құлшылық-

тан ғана көрінбейді, оның айналасындағыларға істеген жақсы істермен де өлшенетіндігін ескерту. Ал Ислам діні Аллаһқа құлшылық етуге және адамның жаны мен тәнінің тазалығына құрылған дін.

Бесінші қымбат нәрсе әдеп деген,
Әдептеген махаббатқа себеп деген.

Күпірлік әдептіде тұрмағандай,
Әдепсізде иман тұру ғажап деген

(Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 133 б. 218 б.).

Ойшыл діндарлық көркем мінезділік, даналық, шүкіршілдік, әдептілік, сабырлылық мұсылманның бойынан табылатын қасиеттер деп көрсетеді. Әдепті адам күпір болмайды, ал ақылсызда тауфих әлсіз болады деп тұжырымдайды.

Ақмолланың аңсағаны осындай қасиетті дінді ұстанатын адамдардың халық арасында адалдықты, әділеттілікті, ынтымақтастықты ұстану – казак қоғамының өрге қарай дамуының кепілі. Діни білім алған Ақмолла – казак, башқұрт, татар халықтарына кеңінен танымал тұлға. Ұстаздық қызмет атқарған Ақмолла ел ішіндегі еріншектік, рушылдық, мақтаншақтық, дұрдараздық сынды келеңсіз жайттарды сынап, ел-жұртты білім үйреніп, иман жүзді, әдепті болуға шақырады. Ақын өлеңдері кісілік, достық, бірлік, жан тазалығын дәріптеді.

Мақыш Қалтайұлы (1865-1916) діни оқу оқыған, діндар, Аллаһтың ақ жолымен таза жүріп, өзгелерді де имани таза жолға шақыруға ғұмырын жұмсаған. Мақыш өз қаржысымен қажылық жасап қажы болған, діндар, тақуа адам.

М. Қалтайұлының көзі тірісінде шығарып кеткен алты өлең кітабы болған. Олар «Қазақтың айнасы», «Тура жол», «Насихат қазақия», «Сак-сұк», «Бар оқиға», «Қалтай ұғылының казак ахуалынан баян еткен манзумасы». Оның шығармалары мен дүниетанымдық көзқарасы ақынның үміт-арманын, халқына деген құрметі, сүйіспеншілігін көрсетеді. Ол күйінсе де, қуанса да өз арманын өлең арқылы беріп, қазақ қоғамының ілгері дамуын, әділетті қоғам орнауын армандаған және осы жолда қызмет еткен. Өзі өмір сүрген кездегі келеңсіз жағдайларды болдырмаудың түрлі жолдарын іздеген ойшыл, адамның тура жолға түсуін яғни Аллаһтың ақ жолына меңзейді. Ақынның осы жолды таңдауы, оның діни білімінің тереңдігі мен Ислам қағидаларының адам өмірінің айнасы екендігін сезінуінен болса керек. Ислам шариаты Аллаһтан түскен қасиетті заңдар жүйесі. Ислам өмір салты ретінде қоғамдағы барлық топтар өкілдерінің хұқықтары мен міндеттерін есепке алған бірегей заң. Мақыш Қалтайұлы өз халқына тура жолды меңзеп, Исламның құндылықтар жүйесін дәріптеген.

Инсафтан, шарифаттан бірдей шығып,

Халал, харам тексермей болар пасық.

Әр нәрседен хабардар мағлұматты,

Болмаған соң надандық кетер басып

(Қазақ поэзиясының антологиясы: ХХ ғасырдың бас кезі. – Алматы: Ғылым, 1992. – 488 б.).

– деп, ел билеушілердің надандығын, шектен шыққан озбырлық әрекеттерін сынап отырып, отаршыл билік өкілдерінің ынсапсыздыққа салынған іс-әрекетін әшкерелейді.

М. Қалтайұлы Ислам құндылықтарын жырлау арқылы кісілікті, әдептілікті, адамгершілікті, білімдарлықты, имандылықты толғады.

Шәді Жәңгірұлы(1855-1936) мешіт, медреселерде білім алған, мұсылмандық шығыс әлемінің жырдастандарын оқып өскен ақынның дүниетанымында исламның құндылықтар әлемі орны алабөтен. Оның қаламынан шыққан туындылары «Хикаят Қамарзаман», «Назым Сияр Шәриф», «Хикаят Халифа арон – Ар Рашид», «Хақымтайдың хикаясы», «Назым чәһар дәруіш» және т.б.

Діни-ағартушы Шәдінің «Назым Сияр Шәриф» атты туындысы Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар жайлы жазылған. Бұл дастан Аллаһтың ақ жолын меңзеп, Жаратушының адамдарға жіберген соңғы елшісі Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың ұлан-ғайыр еңбегі мен өмір жолы туралы жазылған еңбек. Бұл еңбек сол кездегі мұсылман қауымының арасында Шәдінің атын паш еткен құнды туынды болып табылады.

Шәді Жәңгірұлы Түркістандағы Қарнак медресесінде білім алған. Бұл медреседе Шортанбай ақын, Мұсабек Байзақұлы (Молда Мұса) да оқыған.

Шәді Жәңгірұлы Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) өмірінің әр кезеңінен нақты дәлелдер келтіре отырып жазады. Ақын Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) бойындағы сабырлылық, қанағатшылдық, мейірімділік, кішіпейілділік, әділеттілік сияқты асыл қасиеттерін бүкіл адамзатқа, әсіресе, мұсылман қауымына үлгі-өнеге етіп көрсетуге ұмтылған. Ақынның бұл туындысының негізгі мәні күллі мұсылмандарға Пайғамбар болмысын ашу, пайғамбардың соңғы елші екендігіне шүбә келтірмей, оның көрсеткен ақ жолымен

жүруді парыз ету. Шәді ақын пайғамбардың өмірі мен қызметіне тоқтала отырып, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) көрсеткен жолының тура жол екендігіне шүбә келтірмеген. Осы арқылы Шәді Ислам құндылықтарын, яғни, иман мен әдепті әрбір мұсылман өз бойынша сіңіру керектігін міндеттейді.

Сондықтан құдіретіңе салдым кеңес,

Өзіңе сиынған құл қайғы жемес,

Басыма қанша сауда іс түскенмен,

Жаппар хақ ғапу етсең еш нәрсе емес

(Қазақ поэзиясының антологиясы: ХХ ғасырдың бас кезі. – Алматы: Ғылым, 1992. – 488 б.93б.).

Елін, дінін, салт-дәстүрін шығармашылығына арқау еткен ойшылдың туындылары исламның имани және әдептік негіздерін халыққа түсіндірген мұра болып табылады.

Нұржан Наушабайұлы (1859 – 1919) кеңестік кезеңде ескішіл, діни ақын деп саналып, өлеңдері халыққа ұсынылмаған діни-ағартушы ақынның бірі. Оның «Манзумат қазакия» (1903 ж.), «Алаш» (1910 ж.) атты өлеңдер жинағы Қазан қаласында жарық көрген. Нұржан өз тұстастары сияқты діни ағартушы болған. Оның көп өлеңдерінің тақырыбы – дін мәселесі. Нұржан дүниетанымында Құдай бүкіл дүниедегі жанды – жансыздардың иесі. Ол Ислам дінінің тазалыққа, имандылыққа, еркіндікке құрылған дін екендігін дәріптей отырып, діннің негізгі құндылықтарын халыққа түсіндіруге тырысты.

Ақын өлеңдері мен ұлағатты ойлары елді имандылыққа, көркем мінезділікке шақырады. Оның шығармаларының басты тақырыбы замана жайлы,

адам мінезі, қоғамдағы діннің жағдайы, салт-дәстүр, өнер мәселелерін көтереді.

Сақтасын Құдай пендесін,
Нақақтан болған жаладан,
Ердің басы не көрмес,
Өскен соң туып анадан.
Жақсылық не жамандық,
Барлығы бір Құдайдан.
Тіzedен қан кешсең де,
Сақтаушы өзі Иенің.

Айырыла көрме тобадан (*Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 288 б.*).

Ақын адамды жақсылық пен жамандықтың Аллаһтан екендігі туралы иман шартын көрсете отырып, басқа қандай іс түссе де сабырлы, шыдамды болуға шақырады.

Ислам ілімінде Жаратушының бастапқыдан мәңгілікке дейін болатын ғалам құбылыстарының уақытын, мекенін, бейнесін қандай жолмен іске асатындығын тағдыр деп атайды. Ғаламдағы барлық оқиғалар Жаратушының қалауымен және білуімен іске асатындығын пайымдаған ақын адамды сақтайтын бір Жаратушы екендігін көрсетеді. Құранда: «Әрине, сендерді қауіп-кәтер, ашаршылық және малдардан, жандардан, сондай-ақ өнімдерден кеміту арқылы сынаймыз. (Мұхаммед) сабыр етушілерді қуандыр!» (*Бақара, 155*), «Әркім өлімді татады. Сендерді сынап, жаман-жақсы күйге саламыз. Сондай-ақ бізге қайтарыласындар» (*Әнбия, 35*).

Ақын білім, әдеп, ақыл ұғымдарының үндестігі адамды биікке көтерер тұғыр екендігі туралы:

Әдеп, ақыл, білімді

Үйрене ешкім тумайды,

Көрүменен ысылар.

Ілгері тәңір бастырса,

Өнерің күн-түн асырар *(Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 288 б.)*

Әдеп, ақыл, білім адамның өмірлік іс-тәжірибеде қалыптасатындығын нықтай отырып, білім, ақыл, әдептің туа бітетіндігін жоққа шығарады. Ахлақ – мұсылмандық әдептің негізі. «Адам ахлағының асыл қайнары Құран және оның негізінде қалыптасқан сүннет» (124). Ақын үшін білімдарлық, әдептілік адам өмірін мәнділікке жеткізетін негіз.

Құран кәрімде білімнің артықшылығы туралы: «Раббым! Білімімді арттыр! де!» *(Таһа, 114)* «Аллаһ тағала сендерден иман келтіргендердің және ғылым бергендердің дәрежелерін көтереді» *(Мұжадалә, 11)*.

Нұржан Наушабайұлы Аллаһ тағаланың шынайы дінін, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) көрсетіп берген әдептілік жолын жазған. Мұсылмандарға өз бойын әдептілікке ұстауды өсиет еткен. Ол Исламның мәні мен маңызын түсіндіреді.

Нұржан ақын Наушабайұлы Ислам дінінің адам мен қоғамға жүктейтін міндеттері, адам бойындағы жақсы және жаман мінез-кұлықтарды айқындау арқылы Ислам құндылықтарын насихат ретінде жырлады. Ол әділетті, кешірімшіл болу, жолдастық пен ынтымақтастық, жомарт болу, еңбекқорлық пен кішіпейілділік, шыншылдық, әдептілік, сабырлы болу, сауатты, білімді болу, бауырмашылық, қайырымдылық пен қанағатшылдық, уәдеде тұру, адал еңбек ету, шүкір ету, тәубе ету сияқты адам бойындағы

асыл қасиеттерді Ислам дінінің құндылықтар жүйесі негізінде түсіндірген.

XIX ғасырдың екінші жартысында және XX ғасырдың бас кезінде өмір сүріп, өз туындыларымен адамның рухани дүниесіне, бітім-болмысына, жалпы қоғамдық ойдың дамуына өз үлестерін қосқан Ақмолла, Мақыш, Әбубәкір, Нұржан, Шәді, Мәшһүр Жүсіп, және т.б. мұсылман зиялылары шығармаларындағы адам бойындағы имандылық, дінге адалдық-рухани тазалық, мәселелердің бүгінгі таңдағы маңыздылығы ерекше. Көрнекті ғалым Б. Кенжебаев жоғарыда аталған ойшылдар туралы былай жазады: «XX ғасыр бас кезіндегі ақындарды кітаби ақындар яки шайырлар деп атауға болады. Бұлардың бір қатары тәрбие алған негізгі бастауы ақпа ақын, жыраулық дәстүр болғанмен, мектеп медреселерде білім алған сауатты ақындар. Олар өлең-жырларын ойланып, толғанып жазып шығарған. Діни оқу орындарында оқып, араб, парсы шағатай тілдерін біліп, сол тілдерде жарық көрген Орта Азия, Қазақстан аймағына тараған шығыс әдебиеті үлгілері мен діни тақырыптағы шығармаларды жақсы білген» (*Қазақ поэзиясының антологиясы: XX ғасырдың бас кезі. – Алматы: Ғылым, 1992. – 126.*).

Олардың өсиет еткен діннің ақ жолын қоғамның рухани өрлеу мен тәрбиесіне айналдырсақ, ұрпақ тәрбиесіне және діни насихат ісіне қосылған үлес. Діни-ағартушылық ағым өкілдері тазалыққа, имандылыққа, әділеттілікке, адалдыққа құрылған Ислам дінін барынша насихаттап, адамның бұл діннен алары көп нәрселерін айқындаған. Қорыта айтқанда, қазақ мұсылман зиялылары шығармалары Ислам діні мен құндылықтарын насихаттаған асыл мұра.



Қазақ ағартушылығының өкілдерінің мұрасы мен дүниетанымдық ізденістерінде ата-баба діні – исламның құндылықтар жүйесі айқын көрінеді. Олар Құран мен хадистің даналығын ұстана отырып, туған халқын білім, өнер, ғылым игілігін игеруге және өркениеттің жетістіктерін меңгеруге шақырып, дінді, ұлтты ұйыстырушы және тәрбиелеуші тұғыр ретінде қарастырды.

Өзіндік бақылау сұрақтары:

1. Ш. Уәлиханов мұрасындағы дін мәселесі.
2. Шоқанның дінтанулық зерттеулері.
3. Шоқан және исламтану.
4. Ы. Алтынсарин дүниетанымы мен қызметі.
5. Ы. Алтынсариннің «Мұсылмандық тұтқасы» еңбегіндегі парыз, иман шарттары туралы ой-толғаулар.
6. Абай мұрасының діни-философиялық негіздері.
7. Абай және Ислам философиясы.
8. Абай дүниетанымындағы білім және сенім.
9. Абайдың рухани әлемі.
10. Шәкәрім дүниетанымының қайнар көздері.
11. Шәкәрімнің рухани әлемі.
12. Шәкәрімнің ар ілімі.
13. Шәкәрім иман туралы.
14. Шәкәрім Жаратушы және адам туралы ойтолғаныстары.
15. Мәшһүр Жүсіп Копейұлының діни дастандары.
16. Мәшһүр Жүсіптің діни ізденістері.
17. Мәшһүр Жүсіп және дәстүрлі ислами құндылықтар.

18. Ғұмар Қараштың діни-философиялық мұрасы
19. Шәді Жәңгірұлының мұрасы мен дүниетанымы.
20. Діни ағартушылардың шығармашылығының рухани негіздері.

Қазақ зиялылары және Ислам құндылықтары

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырлар тоғысында қазақ қоғамында экономикалық, саяси және рухани жағдайдың шиеленіскен кезеңі болатын. 1856-1858 жылдары жүргізілген әкімшілік реформаларынан кейін патшалық Ресей өзінің отарлау саясатын жүйелі түрде жүргізе бастады. Отарлық әкімшілік жүйе қазақтың мәдениеті мен діни дәстүрін, білім беру жүйесін әлсіретіп құртуға бағытталды. Патшалық Ресей әкімшілігі қазақтың шұрайлы жері мен су көздерін келімсек мұжықтарға беріп, жайылымды жерлерді егіндікке айналдыра батады. Патшалық Ресей қазақтарды рухани отарлау тілі мен дінінен салт-дәстүрінен айыру жолымен шоқындыру саясатын қарқынды түрде жүргізе бастады.

Патшалық Ресейдің орыстандыру саясаты оқу-ағарту саласымен байланысты болды. Патшалық Ресей рухани отарлау саясатын XIX ғасырдың 60 жылдарынан бастап далалық өлкеде аралас мектептерді ашу арқылы, яғни жергілікті халықтың балаларын орыс балаларымен бірге оқытып, оқу бағдарламаларына Інжілді және христиандық сенім ілімдерін оқытуды қолға алды. «Ұлттық мектептер туралы 1870 жылы қабылданған «Ресейді мекендейтін бұратаналарға білім беру жөніндегі шаралар туралы» заң ұлттық мектептердегі және ұлттық шет аймақтардағы бүкіл ағарту жүйесін: 1) әлі аз орыстанғандар үшін; 2) орыстары көп жерде тұратындары үшін және 3) жеткілікті

дәрежеде орыстанғандар үшін деп үш санатқа бөлді. Бұл орайда 1-санат үшін мектептер салынатын болып белгіленді, оларды оқыту орыс әліпбиімен жазылған оқулықтар бойынша ана тілінде жүзеге асырылу тиіс еді. Екінші санат үшін орыс мектептері құрылуға тиіс болды, оларда орыс балаларын да, «бұратана» балаларын да бірге оқыту көзделді. Ана тілі ауызша түсіндірілген кезде ғана қолданылуға тиіс еді. Үшінші санат үшін орыс мектептері құрылып, оларда оқыту тек орыс тілінде жүргізілді» (*Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 3-т. - 768 б.*). Осылайша қазақ жерінде орыс-қазақ мектептері ашылып, онда қазақ балалары біртіндеп орыс тілін үйренумен қатар, өзге діннің қағидаларын да оқи бастады.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Ресей мен шеткі аумақтарда болған әлеуметтік-экономикалық және саяси, мәдени өмірінде болған өзгерістер қазақ қоғамының өмірінде терең із қалдырды. Саяси-экономикалық отарлаумен қатар рухани отарлаудың халық өмірі мен мәдениетіне, өзге мәдениеттің құндылықтары күштеп сіңіріле бастады. Отаршыл патша үкіметінің зиянды саясаты білім беру мен руханият саласында көрініп, қазақ елінің мүдделері аяққа тапталып, мәдени және рухани дамуына елеулі кедергілер келтірді.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде Ақмола, Торғай, Семей облыстарына қарасты аймақтарды қамтыған Ф. Щербина бастаған экспедиция қазақ даласының шаруашылық құрылымы мен шаруашылық жүргізу әдістерін жан-жақты зерттеп, ішкі Ресейден келетін шаруаларды қоныстандыруға

байланысты ғылыми негіздемелер жасап, ұсыныстар әзірледі. Қазақ жеріне Столыпин реформасынан кейін топ-тобымен қоныс аударған келімсектер қазақ қоғамындағы рухани-мәдени жағдайға кері әсерін тигізді. 40 млн. десятинадан астам құнарлы жер қоныс аударушыларға берілді. Патша әкімшілігі 1904 жылы Петербургте қоныс аудару және жерге орналастыру бас басқармасы мен оның жергілікті мекемелері құрылып, отарландыру саясатын жүйелі жүргізіп, іске асыруды көздеді.

Ресей отаршыл әкімшілігінің қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен шаруашылықты жүргізу тәсілдеріне келтірген залалды саясаты салдарынан қоғамдық мінез-құлықта отарланудың теріс әсерлері қазақтың ислами әдепке негізделген мінез-құлықтар жүйесіне салқынын тигізді. Ұлттық мінезде өзгерістер орын алып, дертті қылықтар: жағымпаздық, мансапқорлық, бөлінушілік, сатқындық, мақтаншақтық, арызқойлық, паракорлық, екіжүзділік өріс алды.

Отарлық жүйенің руханияттың тамырларын бұзу нәтижесінде ер мінезді, өр тұлғалы, жаны жомарт, еркіндік сүйгіш, иманжүзді халықты жалтақ мінездіге айналдырды. Ресейдің рухани отарлауының салдарынан ұлттық мәдениетте рухсыздану, маргиналдану үдерісі орын алды. Маргиналдану қоғам мен тұлғаның рухани бітім-болмысына әсер ететін құбылыс. Қазақ еліндегі орыстандыру, шоқындыру ұлттық дәстүрлі мәдениет пен діни санаға батыстық мәдениетке негізделген құндылықтар отаршыл-әкімшілдік жолмен күштеп таңыла бастады. Рухсыздандыру, ұлтсыздандыру үдерісін жүргізудегі негізгі тұғыр ретінде орыс-қазақ мектептерінде жергілікті халық арасынан дайында-

латын тілмаштар мен шенеуніктер болды. «Ресейдің әкімшілік және құқықтық шараларының нығаюына байланысты қазақ дәстүрлі мәдениетінің қолданыс аймағы тек салт-дәстүр шеңберімен шектеле бастады. Рухани мәдениетте бодандық нышандары мен маргиналдану процестері басталды» (Нысанбаев Ә., Ғабитов Т. *Қазақтың ұлттық ояну философиясы // Қазақ әдебиеті.* – 2008, желтоқсан – 23. – Б. 8.).

Дәстүрлі мәдени құндылықтардың ірге тасын шайқалтатын отарлық езгінің жымысқы да, құйтырқы ұстанымдарын уақытында көре білген қазақ оқымыстылары мен зиялылары еуропалық мәдениет пен өркениеттердің озық жетістіктерін қабылдай отырып, өздерінің білімдері мен біліктерін ұлт мүддесі үшін қызмет етуге арнады.

Патша өкіметінің білім беру саласындағы саясаты аралас ауылдық мектептер және медреселердің бағдарламалары бастауыш білім алуға негізделген болатын. Медреселер мен мектептердегі оқыту және тәрбие беру жүйесі отаршыл үкіметке қызмет ету мүддесіне бағындырылды. 1874 жылы қазақ еліндегі медреселер халық ағарту министрлігіне бағындырылды. Орыстандыру мүддесіне сәйкес мұсылман мектептерде орыс сыныптары ашыла бастады. «Мұсылман оқу орындарына қатаң талаптар қойылды. Олардың бұзылуын отаршылық, әкімшілік үнемі кудалап отырды. Бірақ бұған қарамастан, Қазақстан аумағында мектептер мен медреселер саны үздіксіз өсе берді, өйткені оқуға тілек білдірушілер саны барған сайын арта түсті. Қазақ жеріндегі медреселердің оқу бағдарламаларында діни пәндермен қатар дүниеауи пәндер оқытылды, олар: құран ілімі, тәпсір, хадис ілімі, фикһ, араб тілі, араб

риторикасы, араб тарихы, фәлсафа, логика, математика және жаратылыстану пәндері.

Дәстүрлі мектептердегі оқуды бітіргеннен кейін қазақтар өз балаларын шәкірттерді жаңа әдіспен оқытатын Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусаиния», Троицкідегі «Расулия», «Уазифа» сияқты ірі медреселерге оқуын жалғастыруға жіберетін» (*Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 3-т. -719 б.*). Бұл дәуірдегі ақындар, ойшылдар мен зиялылар өз білімдерін медреселерде алып, ел мүддесі мен руханияты үшін күшқайратын жұмсаған қайраткерлер болатын. Жетісудағы Мамания және Түркістандағы Қарнак медреселерінде ұлтымыздың көрнекті имам молдалары білім алды.

Қазақ оқымыстылары мұсылмандық шығыспен батыс мәдениетінің озық жетістіктерін терең меңгеру арқылы, ұлттық болмыс пен ұлттық ділдің ерекшеліктерін тереңінен тану арқылы өздерінің шығармаларының күш-қуаты мен рухани әлеуетін ұлттық сана-сезімді оятуға, рухани құндылықтарды жандандырып, өрлету жолына арнады. Қазақтың діни ойшылдары мен зиялылары Ресей отарындағы мұсылман халықтарының көшбасшылары тәрізді, Ислам діні мен құндылықтарын отаршылдыққа қарсы бағытталған күрестің негізгі тірегі ретінде қабылдады.

Қазақ оқымыстылары Ислам құндылықтарын халық санасында ояту жолымен дәстүрлі мәдениеттің рухын көтеру жолында еңбек етті. Осы кезеңде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары мен діни дастандары, 1884 жылы Қазан қаласында араб әрпімен басылып шыққан Ыбырай Алтынсариннің «Шариат-ул ис-



лам», («Мұсылманшылдықтың тұтқасы»), 1911 жылы шыққан Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық шарты», Ғұмар Қараштың сол замандағы жазған еңбектері халық арасында Ислам құндылықтары мен мәдениетін, ілімдік негіздерін түсіндіру мақсатын көздеді. Бұл шығармаларда ислам, иман, ихсан, әдеп мәселелері көтерілді.

Қазақтарды орыстандыруға бағытталған саясатты белсенді жүргізу үшін мектеп бағдарламаларын білікті миссионерлер жасады. 1905 жылы қазақ даласында білім беру ісін жүргізу бойынша бұл жүйені жасаушы Н. И. Ильминский (1822-1891) болды. Н. И. Ильминский діни семинарияны және Қазан қаласындағы діни академияны бітіріп, түрік және шығыс тілдері бойынша сабақ берген. «Жаңа Өсиеттің» татар тіліне дұрыс аударылуына бақылау жасаған ол Қазан діни академиясының мұсылмандарға қарсы бөлімшесінде жұмыс жасады. 1864 жылы Н. И. Ильминскийдің араласуымен Қазан қаласында православия сенімін қабылдаған татар балаларының мектебін ашады. 1883 жылы «бұратана тілдердегі шіркеулік құлшылық ету туралы», «Матфейдің Ізгі Хабары» сынды кітаптарын жазған Н. И. Ильминскийді 1872 жылы отарланған халықтарға арналған мұғалімдік семинарияның директоры қызметіне тағайындалды. Н. И. Ильминский сынды миссионерлер отарланған мұсылман халықтарын орыстандыруға, ата-баба дінінен айырып, шоқындыру үшін қызмет етті. «Өлкеде христиан дінін жергілікті халықтар арасында таратуда, насихаттауда Н.И. Ильминский сияқты миссионерлер өзінің 40 жылдай уақытын «сарп» етті. Оның басшылығымен аталмыш дін уағыздары татар, чуваш, казак, бурят, тұңғыс, морд-



ва және тағы да басқа түркі халықтарының тілдеріне аударылды... Қазақ жеріне отаршылдық саясатпен келген дін сол отаршыларға қызмет етті. Имандылықтың, кешірімшілдіктің, мейірбандықтың нұрын себуі тиіс дін керісінше, отаршылдық, қанаушылық, саясатты қолдап дем беріп отырды» (*Әбсаттар қажы Дербісәлі. 100 жыл бұрын өткен құрылтай. Ислам ынтымақ пен бірлік жолында // Жетісу мұсылмандарының I құрылтайына 100 жыл: халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Атамұра, 2008. – Б. 28-29.*).

Патша үкіметі түрлі мектептер ашып орыс тілі мен мәдениетін үйрету жолымен отаршылдықтың құйтырқы саясатын жүргізіп отырды. Патша үкіметінің жүргізіп отырған орыстандыру саясатының екінші жағы қазақ жеріне еуропалық мәдениет пен ғылымның жетістіктері де ене бастады. Қазан діни академиясы патша үкіметінің отаршыл әкімшілігі қазақ халқын ғасырлар бойы қолданып келе жатқан араб әліпбиін орыс әліпбиіне ауыстыру арқылы қазақтарды діни мен мұсылмандық мәдениеттен ажыратуға күш салды. Рухани отарлау саясатын жүргізуші миссионерлер жергілікті халықтардың тілін әдет-ғұрпын зерттеуге белсене кірісті. Н. И. Ильминскийдің шәкірті Қазан діни академиясының түлегі Н.П. Остроумов 1883-1901 жылдары аралығында Ташкент қалалық гимназиясының директоры, 1901-1917 жылдар аралығында Түркістан оқытушылар семинариясының директоры қызметін атқарды. Патшалық Ресейдің миссионерлері жергілікті халықтарды шоқындырудың маңызды және негізгі әдісі ретінде мектептің оқыту бағдарламаларын жергілікті

ұлттардың ділі мен қабылдау ерекшеліктеріне сай құра білген білікті мамандар бола білді.

Миссионер мұғалімдер қазақ балаларын тезірек шоқындыру мақсатында түрлі әдістемелік оқу құралдарын шығарып отырды. 1879 жылы патшалық Ресейдің халық ағарту министрі Д. Толстой «Мұсылмандық мектептер мен медреселерінің оқу ісін басқару мен бақылау тәртібін іске асыратын «Түркістан өлкесінің халыққа білім беру инспекторларына арналған тиісті іс-шаралар туралы» құжаты бекітілді. Медреселер түлектері тек мешіттерде ғана ұстаздық ету қызметіне құқылы болды. Білімді, білікті, беделді дін иелері мен дін ұстаздарының қызметі ерекше қадағалауға алынды. Білімі таяз, дүмше молдалар отаршылдық-әкімшілік тарапынан қолдауға ие болып отырды. Патшалық әкімшілік осылайша ел арасында Ислам дінінен халықты алшақтату және имамдардың беделін түсіру мақсатында түрлі айла-тәсілдерді басшылыққа алды. Осының нәтижесінде ел арасында дін иелерінің абырой-беделі төмендеді. Болыстарда тек бір ғана молда ұстауға рұқсат етілді, әр болыстың молдасын әскери губернатор бекітетін болды.

«Патша өкіметінің орыстандыру саясатының екінші жағынан, қазақ халқының бұрынғы рулық бірігуі діни-саяси сипатқа ие болуына байланысты орыс әкімшілігі Ислам насихатына кедергі келтірді. Діннің адамгершілік талаптарын өмірлік ұстаным санап келген халықтың алды тоқырауға ұшырады» (Әбдіжәлел Бәкір Алаштың Әлихань // Егемен Қазақстан. – 2008, қыркүйек – 23. – Б. 5.).

Патшалық Ресей әкімшілігі мешіт ісі, мұсылман мектептері мен медреселерінің оқыту істеріне ара-

ласып, өз саясатын жүргізе бастады. Мұсылмандық діни оқу орындарын қаржыландырып отырған вакуптар қызметін қадағалауды күшейтті. 1893 жылдың мамыр айындағы Әндіжан халқының патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы күресінің шығу себептерін талдай келе бұл көтерілістің шығу төркіні діни сипаттан туындаған деген ұйғарым жасалды. Осының нәтижесінде медреселер мен мешіттерді қадағалау күшейтіліп, имам, молдалардың қызметтері де бақылауға алынды. Медреселер мен мектептердің ұстаздары арнайы тізімде болды.

Патшалық Ресейдің халық ағарту министрлігі мен ішкі істер министрлігінің келісімімен медреселерде арнайы тексеруден өткізілген оқулықтар мен басылымдар ғана қолданылып, ұстаздар ішкі Ресейден оқытылып келу керек болды. Патшалық әкімшілік қазақ жеріндегі оқу-ағарту ісін бір жүйеге келтіру үшін жүйелі жұмыс жасап, оқу жоспары мен білім беру бағдарламаларына зайырлы пәндерді енгізіп, діни негізде білім алған ұстаздарды медреселерге оқытушылық қызметке жіберді. Отарлық жүйеге адал қызмет ететін дүмше молдаларды дайындады. Мәскеу миссионерлік комитеті Тобыл епархиясында қырғыз миссиясын ашуды көздеді. (*Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Астана. 15-том, 190-б.*) Сондай-ақ қазақ жерінің түкпір түкпірінде миссионерлік ағартушылық мақсатта құрылған жексембілік діни мектептер ашылып, жергілікті халықты шоқындыруды және қазақ қоғамын рухани дағдарысқа ұшыратуды көздеді. Дегенмен, мұсылмандық медреселер мен мектептер халқымыздың дүниетанымының кеңейіп, рухани өрлеуіне өз септігін тигізді.

XIX ғасырдың бас кезінде Сырдария облысында орналасқан барлық оқу орындарының жалпы саны 1965-ке жеткен. 1833 бастауыш мұсылман мектебінде 2290 ер бала және 207 қыз бала тәлім алса, 29 медреседе 846 бала оқытылған (*Обзор Сырдаринской облысти за 1902 год. – Ташкент, 1903. – С. 151.*).

Отаршыл патша өкіметінің Ислам діні мен ілімінің қазақ жерінде нығайып дамуына, дін ұстаздарының беделі мен ықпалын барынша шектеуге тырысқанымен сан ғасырлар бойы Ислам діні мен мәдениетінен сусындаған, Ислам құндылықтарын бойына сіңірген қазақ халқының діни санасын өзгерте алмады. «Отандастарымыздың көпшілігі өзінің ұлттық салт-дәстүрлері мен Ислам идеалдарына деген сенімін сақтап қалды. Губерниялық мекемелердің қысым көрсетуіне карамастан ислам діні мүмкіндігінше өз ықпалынан айрылмауға тырысты. Ислам діні қазақ халқына рухани бағыт-бағдар беруші болып қала берді. Отаршылардың жат сенімді күшпен де, неше түрлі айла-шарғымен де тықпалауы нәтиже бермеді. Санкт-Петербургтен осы мақсатпен жіберілген шенеуніктерінің қаншама күш салуы да бос әурешілік болып қалды» (*Әбсаттар қажы Дербісәлі. 100 жыл бұрын өткен құрылтай. Ислам ынтымақ пен бірлік жолында // Жетісу мұсылмандарының I құрылтайына 100 жыл: халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Атамұра, 2008. – 19 б.*).

XX ғасырдың басында Ресейде және оның отар елдерінде күрделі саяси-әлеуметтік, мәдени өзгерістер орын алды. Патшалық Ресей үкіметінің әлеуметтік-экономикалық, мәдени өміріндегі туындаған күрделі мәселелерді шеше алмаған патша билігі алып аумақты

басқару қабілетсіздігін көрсетті. Патша билігіне қарсы наразылық Ресей мен оның сыртқы аумақтарында орын алып отырды. 1905 жылы болған буржуазиялық көтеріліс патша билігіне деген халық наразылығының күшейгендігін көрсетті. Бұл көтерілістің толқыны отар халықтарға әсер етіп, олар да өз тарапынан ұлттық және діни мәселелерін шешуге талаптар қойды. Халық наразылығының күшейіп бұқаралық сипат алып кетуінен сақтанған патша өкіметі рухани салада біршама жеңілдіктер жасады. Ресей империясының отарындағы мұсылман халықтары саяси және рухани, әлеуметтік, білім беру салада бірігіп әрекет етуді қолға алды. 1906 жылы тамызда болып өткен III жалпымұсылмандық съезі халыққа білім беру ісі бойынша біртұтас бағдарлама ұсынды. Съезд жұмысының қортындысында мынандай шешімдер қабылданды:

Барлық елді-мекендерде ұл балалар мен қыз балаларға міндетті бастауыш білім беретін мектептер ашылсын;

Оқыту бірыңғай бағдарлама бойынша және араб әліпбиі негізінде, ана тілінде жүргізілуі тиіс болды;

Мектептерді ұстау земствоның, қала молдасының қарауында, ал басқару мен бақылау мұсылмандардың өз қолында болуы тиіс;

Дін ілімі және әдеби ана тілі енгізілуі тиіс;

Мұғалімдер мен оқушылар құқықтары жөнінен орыс мектептерінің мұғалімдері мен оқушыларымен теңестірілуі тиіс болды.

Бұл съезд шешімдерінде патшалық Ресей отарындағы бүкіл мұсылман халықтарының мүдделері көрініс тапты.

1911 жылы Петроградта орыс тілінде Ресей мұсылмандарының баспа ұйымы «Мұсылмандық әлемі» газетін шығара бастады. Бұл газетте мұсылман халықтарының бірлігі мен ынтымағы сынды мәселелер көтеріліп отырды. Кейін бұл газетті цензура қауіпті деп тауып, газет жабылды. 1912 жылы қазан айында «Мұсылман газеті» жарыққа шықты. Бұл газетте әлеуметтік-саяси мәселелер көтеріліп, патшалық әкімшіліктің ұлттық кемсітушілік саясатын өткір сынға алды. Ресейдегі мұсылмандық ұйымдар мен мерзімдік басылымдардың ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақтың қоғамдық саяси ойына тигізген өзіндік ықпал-әсерін тигізді. «ХХ ғасырдың басында ағартушылық қатар жәдитшілдік пен «түрікшілдік идеясы» (пантюркизм) кең тарала бастады. Пантюркизм идеясының партикулярлық (окшаулық) белгілері болғанымен, бұл ұстаным исламмен қатар, қазақ халқының өзіндік санасында этникалық ассимиляцияға қарсы қорған есебінде болды. Яғни, түрікшілдіктің мәдени маңызы осында деп айта аламыз» (Нысанбаев Ә., Ғабитов Т. Қазақтың ұлттық ояну философиясы // Қазақ әдебиеті. – 2008, желтоқсан – 23. – 28 б.).

Түрікшілдік идеясы қазақ даласына Ресейде және Ташкент, Самарқанд, Хиуа қалаларындағы оқу орындарында оқыған қазақ оқымыстыларының қызметі арқылы да тарала бастады. 1902 жылы Түркістан қаласында 2,500-3,000 адам жиналған мереке жиын болып өтті. Бұл мереке жиынға қазақтың белгілі тұлғалары Алихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мәди Бәпиұлы, Шәді Жәңгірұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мәшһүр Жүсіп Копейұлы, Жамбыл Жабайұлы,

Ахмет Ишан және т.б. қатысқан. Бұл жиында сол уақыттағы түрік дүниесі мен Ислам әлеміндегі өзекті мәселелер талқылануы ортақ тұжырым, көзқарас бірлігі, болашақ мәселелері қарастырылуы әбден мүмкін. Бұл жиынға белгілі түрік ойшылы, философ, әрі ақын Зия Көкалып (шын аты-жөні Мехмед Зия) (1876-1924 жж.) қатысқан. Зия Көкалыптың «Түрікшілдіктің негізі» (1924 ж.) еңбегінде Ислам дінін және ұлттық болмысты негізге ала отырып, батыстық өркениетке ену туралы идея көтеріледі. Бұқара халыққа бет бұру арқылы халықтық мәдениетті, зиялы қауымға, ал зиялы қауымдағы өркениеттік мәдениетті қалың бұқараға жеткізу, яғни, қарапайым халық пен ұлт зиялыларын мәдени тұтастыққа біріктіруді түрікшілдіктің негізгі тұғырының бірі деп түсінді.

«Зия Көкалыптың Түркістанға келуі – бүгінге дейін Түркияға, жалпы түрік ғылымы мен әдебиетіне мүлде белгісіз болып келген жаңа дерек, үлкен жаңалық, өйткені, Түркия ғалымдары Зия Көкалып ешқашан Түркиядан басқа ешбір елге бармаған деп есептейді... Зия Көкалып сөз жок бүкіл түрік дүниесі мен мәдениеті тарихындағы ең көрнекті ойшылдарының бірі» (*Фадли Әли. Зия Көкалыптың Түркістанға келуі // Жас Алаш. – 2009, қаңтар – 15. – Б. 5.*)

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы патшалық Ресейдің боданындағы мұсылман халықтарының тағдыр ортақтығы мен мүдде бірлігі түрікшілдік пен мұсылмандық құндылықтарға негізделген саяси және рухани идеяларды көтерген көзғалыстардың тууына себеп болды. Білім мен руханият саласындағы идеялық ұстанымды ұстанған жәдитшілдік бағыты мұсылман халықтары, соның

ішінде қазақ халқының арасында кеңінен танымал болды. Жәдитшілдік идеясы мен ұстанымы патшалық Ресей империясының боданындағы мұсылман аймақтарына таралған ортақ көзқарас пен ұстаным, дүниетанымдық бағдар мен жаңашыл тұғыр болып табылады. Жәдитшілдік қозғалысы мұсылман халықтарын даму мен өрлеу жолына, заманына лайық ғылым-білімнің жетістіктерін пайдалана отырып, өркениетті елдер қатарына қосылуды мақсат етті.

«Жаңа заманда Ислам ақыл-ойының рационалистік бағытын жалғастырушылар еуропалық отаршылықтың тегеурінінің алдында қорғансыздың күйін кешкен Ислам әлемінің артта қалушылығын жеңу мақсатын көздеген мұсылман ағартушылары Ислам әлемінің рухани-мәдени өрлеу идеясын көтерді. Ағартушылар мен олардың ізбасарлары ұлт-азаттық қозғалыстың ұйымдастырушылары мен көсемдері ретінде ижтиһадқа (белгілі ережелерді ұстанып, Құран мен сүннеттен үкім шығару) назар аударды. Ал консервативтік пиғылдағы улемдер таклидті жетекшілікке алды» (Барковская Е.Ю. *Современное государство и традиции культуры управление в исламе: монография.* – М.: Изд-во РАГС, 2008 – 158 с.).

«Жәдит» ұғымы ХІХ ғасырдың екінші жартысында тарих сахнасына шықты. «Жәдит» араб тілінде «жаңа» деген мағына береді. Жәдит термині мұсылман мектептері мен медреселерінің оқу бағдарламасындағы «ескі әдісті» («усул-и-кадим») ауыстыратын балама жол ретінде ұсынылды. Усул жәдит (жаңа әдіс) мұсылман мектептері мен медреселерінің оқыту жүйесін уақыт талабына орай реформалауды ұсынды.



«Жәдитшілдік – бірыңғай саяси сипатты қозғалыс емес, ол – ағарту ісі мен руханиятты тұтастай қамтыған идеялық негізі бар концепция, әрі ағым. Концепция болатын себебі, онда дара ағартушылардың ойларына табан тіреген, идея мен тәжірибенің арасын қосқан көзқарастар жүйесі бар. Ал, ағым болуының мәнісі, ол белгілі кезеңде Ресей мұсылмандарын ағартудың бір жолы, бірақ тиімді жолын көрсетті. Алайда, бұл баламасы жоқ жалғыз жол емес болатын» (Дихан Қамзабекұлы. *Алаш және әдебиет*. – Астана: «Фолиант», 2002. -474 б.).

Усул жәдит (жаңа әдіс) медреселер мен мектептердің оқыту бағдарламаларында дыбыстық әдіс пен жүйені енгізген мұсылман ағартушысы Исмайыл Гаспринский (1851-1914) болды. Бақшасарайдағы медресені, Симпероплдегі гимназияны, Мәскеу мен Ворониждегі кадет корпустарында білім алды. Бақшасарайдағы Зинджирлы медресесінде қолданылған жаңа оқыту әдісі патшалық Ресейдің мұсылман аймақтарында кеңінен таралды.

Исмайыл Гаспринский 1871 жылы Париждің Сорбонна университетінде білім алған, 1885 жылы жарыққа шыққан «Еуропалық оркениетке шынайы көзқарас» еңбегінде шығыс қоғамы мен өркениетінің батыс отаршылдарынан азат болудың жолын іздеудің мәдени, саяси негіздерін көрсетуге ұмтылды. 1883 жылдан бастап өмірінің соңына дейін мәдени-рухани, танымдық-ағартушылық бағыттағы «Тәржімән» газетін шығарып тұрды. Тәржімән газеті патшалық Ресейдің түркі тілдес мұсылман халықтарының мәдениеті мен ағарту саласының өзекті мәселелерін көтерді. Газет түрікшілдік және жанашылдық идеясын көтерумен Ресейден

тысқары жерлерде Түркияда, Қытайда белгілі болды. Исмайыл Гаспринский бүкіл түркі халықтарының мәдени және рухани бірлігі идеясын көтерді. Исмайыл Гаспринскийдің түрікшілдік идеясының негізі «тілде, пікірде және істе бірлік» ұраны болды. Патшалық Ресей боданындағы мұсылман халықтарының ұлттық сана-сезімін оятып, рухани өрлеуге, заман талаптарына сай жаңаруға шақыратын ең маңызды жол мектептер мен медреселердің оқыту жүйесін реформалауды мақсат тұтқан, ол 1884 жылы Бақшасарайда жаңа араб әліпбиін оқытудың жаңа дыбыстық оқыту әдісін енгізді. Бұл әдіс әріпті ежіктеп оқытатын усул – содие орнына таңбаны көрсетіп, дыбыстатып барып, буынан сөз құрап оқытатын усул-мадие, яғни, дыбыстық әдісті пайдалану болатын.

Исмайыл Гаспринский мұсылман халықтарын өркениет төріне жеткізу үшін олардың ұлттық санасын оятып, азаттық жолында күресуге, дәстүрлі құндылықтарын танып-білу арқылы өз болмысын тануға, баянды өмір сүру жолында күш жігерді біріктіретін идеяны ұсынды. Жәдитшілдік идеясын іске асыру жолында аянбай тер төккен Исмайыл Гаспринскийдің қызметі мен идеясы казак оқымыстыларының дүниетанымы мен идеяларына ықпал етті.

XX ғасырдың бас кезіндегі казак мұсылман ағыртушылығы өкілдерінің дүниетанымы мен шығармашылық ізденістерінде жәдиттік идеяның ықпал-әсері айқын көрінеді.

Қазақ даласында жәдитшілдіктің таралуының өзіндік мәдени-тарихи, саяси-әлеуметтік қырлары бар. Ең алдымен жәдитшілдік Қазан, Уфа, Ташкент, Бұқара,

Хиуа және т.б. қалалардағы оқу орындарында оқыған оқымыстылардың дүниетанымдық көзқарастарына ықпал ету арқылы ел арасындағы көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар арасында кеңінен танымал болды. «Жәдитшілдік ұғымының қазақ нұсқасы екі асудан тұрады деп есептейміз. Бірінші асу – 1890-1911 жылдар – үйрену, тәжірибе жинау шағы. Екінші асу – 1911-120 жылдар – жәдитшілдік кең өріс алып, Алаш қозғалысына ұласу шағы» (132, 79-80 б.).

Оқу-ағарту саласындағы Исмайыл Гаспринскийдің жәдитшіл (жаңашыл) ұстанымының қайнар бастаулары түркі әлемінің көрнекті ұстаздары Әбдінасыр Әл-Курсави (1776-1812) мен Шаһабуддин Бағауиддинұлы Маржанидің (1818-1889) дүниетанымдық көзқарастары мен идеялық ұстанымдары болды. Әл-Маржани араб, парсы, түрік тілдерін меңгерін, Ислам ілімі мен ғылымының білгірі атанған ол, Бұқара, Самарқанд, Стамбул, Мысыр елдерінде болып, Ислам ілімі мен мәдениетінің асыл мұраларынан тәжірибе жинақтап, Ислам руханиятының інжу-маржандарын өз шәкірттеріне жәдиттік негізде үйрете бастады. Маржанидің ұстанымы бойынша, әрбір адам ойлануға, сыни пікір айтуға құқылы. Сондай-ақ ғылым-білімнің қайнар көзі Ислам дінінің мөлдір қайнар бастауларына оралу идеясын ұсынды.

Ислам діні мен мәдениеті отаршыл өкіметтің құйтырқы саясатына қарамастан қазақ жерінде өзінің мәртебесін сақтап дамып отырды. 1906 жылы 31 наурыз – 1 сәуір аралығында жүзден аса делегат қатысқан Жетісу мұсылмандарының басшыларының съезі өтті. Бұл съездің қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени өміріндегі орны мен маңызы зор болды.

Съезд жұмысының қорытындысы бойынша мынадай қаулылар қабылданды:

Түркістан өлкесінде мұсылмандардың бір «Діни жиналысын» ашу және оған Ресей империясының орталық губернияларындағыдай құқықтар беру;

Аты аталған «діни жиналыс» қызметіне Түркістан өлкесінің мұсылмандарының барлық ұлттары қатыстырылады. Белгілі бір ұлттың талабына сай жиналыс барысында туындаған мәселелер шешіліп отырылады;

Ресейдің отарлық губернияларында жалпы Ресей мұсылмандар қауымының діни істерін басқаратын мұсылмандардың Діни басқармасы ашылған жағдайда Түркістан «Діни жиыны» осы басқармаға бағынуға тиіс;

Мүфтилер, казилар, Ислам шейхтары, азаншылар мен басқа лауазым иелерін халық сайлап, оларды әкімшілік емес, «діни жиын» бекітеді. Діни білімі жоқ адамдар бұл лауазымға қызметтері сәйкес келген жағдайда сайлана алады;

Құлшылықүйлерін – мешіттерді салу мен жөндеуден өткізу тек «діни жиынның» шешімімен атқарылады. Сондай-ақ ол шешім Ресей империясының орталық губерниялары мұсылмандары үшін қабылданған ережеге сәйкес болуы қажет;

Ресейдің «мұсылмандық ағарту қоғамы» қабылдаған бағдарламалар мен жобалар Түркістан өлкесінде де қабылдануы тиіс;

Ислам дін кадрлерін даярлау ислами оқу орындарында – медреселерде жүргізілген реформаларды ескере отырып жүргізілуі керек. Қажет жағдайда жаңа медреселер салынуы да мүмкін;

Мектептерді реформалау үшін қаржы көздерін табу. Осыған орай Түркістан – «Діни жиыны» жанынан қаржы істерін басқаратын бөлімдер ашу қажеттігі туындайды;

Қаржыландыруды талап ететін мектептер мен медреселердің тізімін жасау;

Жетісу мұсылмандарының бес ұлттан тұратынын ескеру керек. Мемлекеттік думаға Жетісу өлкесі мұсылмандарынан бес депутатты: кара-қырғыз, тараншылар, сарттар және татарлардан жіберілу қарастырылсын. Егер үкімет үш депутаттан артық жібермесе, онда бұл құқық кара қырғыз, тараншы және қырғыз қайсақтарға (қазақтар) беріледі;

Аталған он бап сенімді өкілдермен бекітілсін: Мударрис Мұхаммет Заһир Вагапов, Зайнстдин Тазетдинов, Ахметбек Қойбағаров, Мірқасым Міртанов, Ақбар Юлдашев. Сонымен қатар «діни жиын» қалалар мен облыстық сауда орындарында кітапханалар ашуға, сондай-ақ Пішпек пен Токмак қалаларында мұсылман ұстаз-мұғалімдердің съезін ашуға кепілдік берсін.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында және мәдениетінде рухани өрлеу үдерісі оқу-ағарту саласында нақты көрініс тапты. Қазақ еліндегі мектеп медреселердің дамыған тұсы бұл ғасырлар тоғысында орын алды. Бұл кезеңде қазақ оқымыстылары мен зиялыларының көбі медреселерде білім, тәрбие алып шыққан, ғылым-білімді терең меңгерген ұлтжанды иманды азаматтар болатын.

Отарлық жүйенің руханияттың тамырларын бұзу нәтижесінде ер мінезді, өр тұлғалы, жаны жомарт, еркіндіксүйгіш, иманжүзді халықты жалтақ мінездіге айналдырды. Патшалық Ресейдің рухани

өтарлауының салдарынан ұлттық мәдениетте рухсыздану, маргиналдану үдерісі орын алды. Рухсыздандыру, ұлтсыздандыру үдерісін жүргізудегі негізгі тұғыр ретінде орыс-қазақ мектептерінде жергілікті халық арасынан дайындалатын тілмаштар мен шенеуніктер болды. «Ресейдің әкімшілік және құқықтық шараларының нығаюына байланысты қазақ дәстүрлі мәдениетінің қолданыс аймағы тек салт-дәстүр шеңберімен шектеле бастады. Рухани мәдениетте бодандық нышандары мен маргиналдану процестері басталды» (*Нысанбаев Ә., Ғабитов Т. Қазақтың ұлттық ояну философиясы // Қазақ әдебиеті. – 2008, желтоқсан – 23. – 28 б.*).

Сол уақыттағы баспасөз беттерінде Алаш зиялылары жер, мәдениет, тіл, әдебиет, тәлім-тәрбие, дін мен діл мәселелерін көтеріп, ел талқысына салып жүрді. Алаш зиялыларының шок жұлдыздары «Айқап», «Сарыарқа», «Абай» журналдары мен «Қазақ», «Қазақстан» газеттерінде ұлт, дін мәселесін көтеріп орыстандыру мен миссионерлік саясаттың жымысқы әрекетін әшкерелеп көрсетті. ««Қазақ» газеті дінді мектеп пен мемлекеттен бөлуді жақтап, діни экстремизмге қарсы шықты, сонымен бірге жыныс, дін ұстану, ұлт айырмашылығына қарамастан, барлық ресейліктердің заң алдында тең екенін жариялап, жеке адамның бас бостандығы мен оның еркіндігіне қол сұқпауды қорғады» (*Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 3-т. - 708-709 б.*).

Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхаметжан Сералин және т.б. ұлттық идеяның тұғырларының бірі діни құндылықтарды ұлықтауға

шақырды. Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» тұғырнамасы ұлттық идеяның, ұлттық руханияттың негізгі ұстанымы болды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген, руханият пен мәдениет саласында қызмет етіп шығармашылық мұраларын қалдырған, қазақ оқымыстылары туған халқының ұлттық ой-санасын оятуға, заман көшіне ілесуге шақыра отырып, қазақ оқымыстылары отаршыл жүйенің қазақтың дәстүрлі мәдениет жүйесінің негіздерін шайқалтуға ұмтылғандығын айқын түсініп, ұлттық мәдениет пен руханияттың тірегі тілді, дін мен ділді сақтау арқылы жүзеге асатындығын сезінді.

Қазақ жеріндегі жәдитшілдік идеялар 1911-15 жылдарда Тройцк қаласынан шығып тұрған «Айқап» журналында, 1913-18 жылдардағы Орынбар қаласынан шыққан «Қазақ» газетінің беттерінде жарияланып тұрды. Бұл басылымдардағы мақалалар сол дәуірдің қоғамдық-саяси, мәдени-ағарту, құқықтық, діни, жер, шаруашылық мәселелерін көтерді. Сондай-ақ «Айқап» журналының сандарында Ресейдің, қазақ қоғамының және шет елдерде болып жатқан маңызды оқиғалар туралы хабарламалар беріліп отырды. «Айқап» журналы қоғамдық-саяси, мәдени-ағарту және руханиятқа арналған өзекті мәселелерді көтерді.

«Айқап» журналында Ислам діні мен мәдениеті және құндылықтары туралы мақалалар шығарып тұрды. «Айқап» журналында қазақ елінің түкпір-түкпірінен ел өмірі, шаруашылығы, мәдениеті мен діні туралы хабарлар түсіп отырған. «Айқап» журналы өз бағдарламасында мектептер мен медреселер ашуға, қазақ елінің білімді, мәдениетті, өркениетті ел болуы,

дін істерін өз қолына алуға, өзінің дербес мүфтиін сайлауы қағидағтарын басшылыққа алды. «М. Ссралин бастаған «Айқаптың» ізбасарлары классикалық жәдитшілдіктің жақтаушысы болды. Олар қазақ қоғамының мешеулігінің, ескіргендігінің негізгі себебі – халықтың сауатсыздығында (надандық)» – деп көрсетті (*Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 3-т. - 703 б.*).

«Қазақ» газетінің беттерінде Алаш зиялылары жер, мәдениет, тіл, әдебиет, тәлім-тәрбие, дін мен діл мәселелерін көтеріп, ел талқысына салып жүрді. Алаш зиялыларының шок жұлдыздары «Айқап», «Сарыарқа», «Абай» журналдары мен «Қазақ», «Қазақстан» газеттерінде ұлт, дін мәселесін көтеріп, орыстандыру мен миссионерлік саясаттың жымсықы әрекетін әшкерелеп көрсетті. ««Қазақ» газетті дінді мектеп пен мемлекеттен бөлуді жақтап, діни экстремизмге қарсы шықты, сонымен бірге жыныс, дін ұстану, ұлт айырмашылығына қарамастан, барлық ресейліктердің заң алдында тең екенін жариялап, жеке адамның бас бостандығы мен оның еркіндігіне қол сұқпауды қорғады» (*Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 3-т. - 708-709 б.*).

«Қазақ» газеті өз уақытының көкейкесті мәселелерін көтеріп, ұлттық сананы оятуға, руханият тұғырын нықтауға, ұлттық рухты өсіруге, діни құндылықтарды ұлықтау жолында өлшеусіз еңбек етті. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде түрік әлемі мен мұсылман өркениетінің хал-ахуалы туралы хабарламалар кеңінен жарияланып отырды. Әлихан Бөкейханов, Ахмет

Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұқаметжан Сералин және т.б. ұлттық идеяның тұғырларының бірі діни құндылықтарды ұлықтауға шақырды. Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» тұғырнамасы ұлттық идеяның, ұлттық рухтың және ұлттық руханияттың негізгі ұстанымы болды.

«Ахмет пен Міржақып жасаған әдебиет, Әлихан жазған көсем сөз «Қазақ» газеті елдің оянуына жол ашты. Алдымен ойы бар, ақылы бар жас таланттар оянды» (*Қирабаев С. Тәуелсіздік идеясы және «ұлтшылдық» әдебиет // Ақиқат. – 2009. – №1. – Б. 61.*).

«А. Байтұрсыновтың осы рухта жазған «Маса», «Қырықмысал» кітаптары, Ә. Бөкейхановшығармалары зор бәсекеге ие болды. «Айқап», «Қазақ» сынды газет журналдар, қазақ кітаптары бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыруға, ұлттық тұтастыққа баға жетпес үлес қосты» (*Әбжанов Х. Алаш ұлықтаған ұлттық идея // Егемен Қазақстан. – 2008, маусым – 13. – Б. 6.*).

Ұлт-азаттық мүддесі мен ұлттық идеяны ту етіп көтерген Алаш партиясының саяси бағдарламасында мемлекеттік басқару формасы, жергілікті бостандық, адам бостандықтары мен құқықтары, дін ісі, билік және сот, ел қорғау, білім мен мәдениет, салық жүйесі, жер мәселесі сынды аса маңызды мәселелер көтерілді. Бұл Алаш қозғалысының бағдарламасында дін мемлекеттен бөлінеді. Барлық діндер мен праволар, қазақтардың өзіндік мүфтийлігі болуы керек деген баптары болды. Осылайша қазақтың ұлттық мүддесі мен идеясын ұлықтаған Алаш зиялылары мен оқымыстылары қазақ

қоғамы мен руханияты тарихының биік шыңы мен озық ойының үлгісіне айналды.

«Алаш партиясы мен Алашорда өкіметін құрған кездерінде де демократиялық-республикалық мемлекет құрылымын таңдап, Ресей қоластында автономия болып қалуды жақтады. Алашорда үкіметін де таза қазақтардан құруды мақсат етпейді, басқа ұлт өкілдеріне орын қалдырады. Бұл жағдайлар олардың таза ұлтшыл емес, ұлтын сүйген, ұлт жанды, ұлт мүддесін биік қойған демократтар болғанын көрсетеді» (Қирабаев С. *Тәуелсіздік идеясы және «ұлтшылдық» әдебиет // Ақиқат. – 2009. – №1. – Б. 61.61 б.*)

Алаш зиялыларының осы демократиялық бағдарламалары іске аспай қалды. Қызыл террордың жүргізген саясаты Алаш мұратының жүзеге асуына тосқауыл болды. Алаш зиялылары ұлт тағдыры және руханият құндылықтарын аманат ретінде кейінгі ұрпаққа қалдырды. Халқының бостандығы мен еркіндігі келешегі мен тәуелсіз қазақ елінің биік мұраттары үшін жан сала күрескен Алаш зиялыларының арман-аңсарлары бүгінгі тәуелсіз еліміздің жағдайында жүзеге асып отыр.

«Кеңес идеологтары алашордашыларды буржуазиялық ұлтшылдар, ғасыр идеяларына жат көрсоқырлар деп айыптады, тақпаған кінәлары жоқ. Сорақылық! Керісінше, олар томаға тұйықтыққа мүлде жат, көздері ашық, оқыған адамдар еді. Ұлттық оқшаулықты да білмейтін. Мен оларды өз заманының жиынтықты әмбебап Шоканы деп атар едім».

1916 жылы 23 қараша – 1917 жылы 25 мамыр аралығында Ташкент қаласында ерлі-зайыпты

Төгісовтер «Алаш» газетін шығарды. Бұл газеттің ұраны «Қазақ қоғамын өркениетті өмірге шақыру».

XX ғасырдың бас кезінде «Серке» газеті және орыс-қазақ тілдеріндегі «Қазақстан» атты газеттер қазақ қоғамы мен мәдениетіне қатысты мәселелерді көтерген. Бұл аталған газет, журналдар мен қазақ кітаптары қазақ тілді мәдени-ақпараттық кеңістікті қалыптастыруға, ұлттық руханиятты сақтауға зор үлес қосты. Ұлт зиялылары руханият – дін, діл, билік, әйел, жер-су, білім мәселелерін ұлттық ой-сананы ояту мақсатында көтерді. Бұл идея кейін Алаш көсемдерінің қазақ мемлекетін құру идеясымен астасты.

Исмайыл Гаспринскийдің жәдитшілдік идеясын қазақ жерінде Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Ғұмар Қараш, Мұхамметсәлім Кәшімов, Мұхамметжан Сералин, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов сынды ұлт зиялылары қолдады. Жәдиттік әдісті патшалық әкімшілік қауіпті реформа ретінде қабылдады. Мұсылман халықтарының оқу-ағарту саласын реформалауға жасаған қадамына, әсіресе миссионер Н.И. Ильминский мен оның жақтастары өршелене қарсы тұрды.

Жәдитшілдік қозғалысының қазақ даласында таралуына мерзімді баспасөз құралдары мен жәдиттік мектеп-медреселер елеулі рөл атқарды. Жәдитшілдер халықтық оқу-ағарту ісін дамыту мен ұлттық сана-сезімді оятуда мерзімді басылымдардың қажеттігін айрықша түсінген олар баспаханалар мен баспасөз құралдарын ашуға ерекше көңіл аударды.

«Усули жәдит» мектебі төңірегіне өте оқымысты адамдар шоғырланған-ды. Өздері Каир, Ыстамбұл,

Самарқан, Бұқара секілді Ислам оқуының орталықтарынан білім алып келген софылар болатын. Ахмет Ясауидің төл мұрагерлері де солар» (*Абай асқары// Егемен Қазақстан – 2009, мамыр - 27. – 9 б.*)

Ислам құндылықтарына негізделіп, Ислам мәдениеті мен ұлттық дүниетаным аясында еуропалық білім мен ғылым жетістіктерін меңгеру мұсылман халықтарын ілгерішіл идеялар арқылы дамуға, ал екіншіден, сол уақыттағы жиырма миллион мұсылман халықтарының басын біріктіру отарлық жүйеге қауіпкәтер төндіреді деп санады.

Алаш зиялысы ұлтына «Оян, казак!» деп жар сала жүріп, ұлттын ойлантқан Міржақып Дулатовтың дінге қатысты ой-пікірлері «Серке», «Қазақ» газеттері мен «Айқап» журналында жарияланып тұрған. 1907 жылы «Серке» газетінде жарияланған мақаласында: «Енді шенеуніктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға, біздің молдаларға тиісті неке мәсслесіне араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды» – деп, орыстандыру мен шоқындыру саясатын откір сынға алды. «Қазақтар» еңбегінің авторы М. Олкотт: «Мешіттер мен медреселер құрылысына тек болыстықтың ресми адамдарының рұқсаты керек болды. Осылай бекітілген құрылымды ішкі істер министрлігіне бағынышты Орынбор муфтияты басқарды. Бұл Қазақстанда исламның ықпалының таралуына тосқауыл қою үшін керек болды, өйткені Дала комиссиясының міндеттерінің бірі – казак халқының христиандықты қабылдау жөніндегі ынталылығын да зерттеу болатын» - деп отаршыл жүйенің казак елін рухани отарлау пиғылын ашып көрсетеді (*Есмағамбетов*

К. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1994. – 240 б.).

Жәдитшілер патшалық Ресейдің отарлық боданы жағдайындағы қазақ елі үшін рухани-мәдени қорғаны Ислам діні мен құндылықтары деп білді. Алаш зиялысы Міржақып Дулатов «Қазақ халқының бұрынғы тұрмысы» деген өлеңінде:

Россияда жиырма миллион бар мұсылман
Жері жоқ осылардың бір қосылған.
Мәселен біздің қазақ бұл уақытта
Тысқары рухани идарадан

(Дулатұлы М. Шығармалары: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1997. - 2-т. – 344 б.).

– деп, патшалық Ресей отарындағы мұсылмандардың тағдыры мен олардың бірлігі мәселесін көтереді. М. Дулатов Ислам діні елдің ынтымағының негізі екендігін және әдет-ғұрыптың қайнар көзі екендігіне басты назар аударады. Профессор У. Шәлекенов: «Ислам діні қазақ халқының өмірімен тікелей тығыз байланысты. Қазір есейген балалардан еңкейген кәрілерге дейін Ислам діні қағидаларына құрметпен қарайды және соның негізінде тәрбиеленуде. Өйткені, ол адамдарды имандылыққа шақырады» – деп, исламның халықтың рухани өміріндегі орнын айқындайды *(Шәлекенов У. Қазақ өркениеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 316 б.).*

Имандылықтың ел арасында таралуына көңіл бөлген ойшыл 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Орынсыз шығын» мақаласында Медине қаласында оқып жүрген қазақ шәкірттерінің медресе салу ниеттеріне қатысты өз ойын білдіреді. Медресе салуды көздеген шәкірттердің жинаған қаржысына

қиянат жасаған біреулердің іс-әрекетінен бұл ниеттері іске аспай қалған. Осыған қатысты ол жанайқайын былайша білдіреді: «Олар бір үй сатып алып, ішіне кіре қоюмен медресе салынсын, оған оқушы қайда? Осы арада қанша шәкірт бармақшы ақырында, бұл медресе де бұрынғы қазақ тектілері секілді әулиелік сатып жүрген сарт пен қожаның пайдасына қалмай ма? Мұны да ойлауға керек».

Ойшыл ауылдарда мектеп, медресе ашып, бала оқытуды заман талабына сай жүргізу керектігін айтады. Оның «Мешіт-медресе хакында» деген өлеңінде:

Дегенмен «мен мұсылман» іс бітпейді,
Бұл күнде жұрттың көбі дін күтпейді.

Қазақша киім киіп, сөйлегенмен,
Мойнынан парыз, уәжіп бір түспейді

(Дулатұлы М. Шығармалары: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1997. - 2-т. – 215 б.)

деп, өз заманындағы діни сана мен діндарлық деңгейін талдап өтеді.

Қазақтың көп жерінде мешіті жоқ,
Жоғына себеп болған, миссионер поп.

Екінші халықтың өзі ықылассыз,
Не ғылып исламға ашылсын ход

(Дулатұлы М. Шығармалары: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1997. - 2-т. – 215 б.)

деп, елдегі мешіт санының аздығына себеп біріншіден, отаршыл жүйенің шоқындыру саясаты, екіншіден, елдің немқұрайлығы себеп болып отырғандығын айтады. Өркениет пен мәдениеттің рухани тұғыры дін адамзат қоғамында өзіндік рөл атқаруда. Дін әлеуметтік институт ретінде қоғамда өзіне тән қызметтерді атқарады. Дін рәміздік жүйе

ретінде қоғамдық өмірдің салаларының бір реттелген байланысын көрсетеді. Дін мен қоғам қарым-қатынасы бұл диалектикалық өзара әрекеттестік қатынасын көрсетеді. Алаш зиялылары діннің қоғамдағы атқаратын орны мен рөлін ғылыми түрде жете түсінген. Олар таптық жіктеуден бас тартып, ұлттық тұтастықты ойлады. Елді тәуелсіздікке жеткізетін жол ұлттық бірлік пен ұлттық құндылық жолы деп түсіндірген Алаш зиялылары діннің адамгершілік, құндылықтық ұстанымдарын осы жолда қызмет етеді деп есептеді.

Ірі қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш зиялысы жер, ұлт, дін сынды ұлт үшін аса маңызды мәселелерге қатысты жан сала күрескен ұлтымыздың даңқты перзенті Әлихан Бөкейхан ғалым қайраткер ретінде патшалық жүйеге және большевиктік саясатқа қарсы тұрып, ұлт мүддесі жолында құрбан болды. Әлихан Бөкейханның дінге, руханиятқа қатысты көзқарастары сөз замандағы мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып тұрды. 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақта мүфтилік мәселесі» мақаласында: «Милләт (халық) хәлін ойымызға алып, қызмет етуді мойымызға алып, бір ісіміз. Құдай сәтін салғай. «Әмин» деп қол жайып, «Әуп» деп, күш қосып, «Алла» деп іске кіріселік» (Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы. - Астана: Сарыарқа, 2009. - 555 б.) – деп, ұлт мүддесі жолында аянбай қызмет ету әрбір саналы, ұлтжанды азаматтың міндеті екендігін нығыздай отырып, әрбір істің бастамасын Құдай атымен бастап, дұға жасап, жұмыла отырып іске кірісу қажеттігін айтады.

Алаш зиялылары армандаған дербес мүфтияттыққа қазақ елі 1990 жылы жетті. Елімізде мешіттер саны көбейіп, медреселерде шәкірттер білім алуда. Бұл Алаш

қайраткерлерінің арманы еді, Алаш зиялыларының мұраты тәуелсіздік аркасында іске асты.

Ә. Бөкейханның «Моллаларға» деген мақаласында қазақ молдаларына ел мүддесі үшін ауызбіршілік танытып қызмет етуді ұсынады. Өзге дін қызметкерлерінің ынтымағы жарасқан өмірін мысалға ала отырып, былай дейді: «Үлгі алсаң, қазақ моллалары осылардан ал» (*Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы. - Астана: Сарыарқа, 2009. - 426 б.*).

Ұлтымыздың ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, ғалым Ахмет Байтұрсынов елінің мүддесі мен еркіндігі үшін табанды күрескер ретінде көрінді.

Ол 1913-1918 жылдары Ә. Бөкейханов, М. Дулатовпен бірігіп жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Бұл газетте қазақ өмірінің барлық салаларына қатысты ой-пікірлер жарияланып тұрғаны белгілі. Оның «Әдебиет танытқыш» (1926) атты ғылыми зерттеу жұмысында әдебиет тарихы, теориясы мен сыны, әдістемесіне алғаш рет егжей-тегжейлі анықтама жасалып, қазақ әдебиеттану ғылымының негізі қаланды. Ол ұлттық әлінбиді жасаған, реформатор ғалым. «Қазақ діні шынығып жетпеген, шала мұсылман халық. Мұны мұсылман дінінен христиан дініне аударып жіберу оңай деген пікірмен, патша үкіметі қазақ пен ноғай арасына жік салып, екеуін айырғысы келеді» (*Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен олеңдер. - Алматы: Атамұра, 2003. - 143 б.*) - деп, қазақ діндарлығына нұқсан келтірген миссионерлік іс-әрекетін ашып көрсетеді.

Алаш зиялысы Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларында Ислам құндылықтары үміт, сенім, ғылым, сұхбаттастық және бейбітшілік құндылықтары ойшылдың азаттық туралы көзқарастарымен қабаттаса көрінеді. Оның «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қисса, насихат, толғау, ғашықтық, терме сынды діндар дәуір ауыз әдебиетінің ерекшеліктері қарастырылады. Ахмет Байтұрсыновтың жұбайы орыс қызы Александра өз атын мұсылманша Бадрисафа деп өзгерткен. Ахмет өз өлеңдерінде Ислам дінін ұлттық бірлік пен бірегейліктің қайнар көздерінің бірі ретінде көрсеткен.

Алаш қозғалысының қайраткері, Түркістан өлкесі халықтарының азаттық күресінің жетекшісі Мұстафа Шоқай өзінің шығармаларында халқымыздың азаттығымен қатар руханият мәселесіне де көңіл аударды. М. Шоқай ұлт-азаттық күресте мына мәселеге көңіл аударады: «Біз барлық отандастарымызды үміт, иман, сенім тәрізді моральдық күшпен ғылыми-техника күшін бірлестіре отырып, ұлт-азаттығы жолында жұдырықтай жұмылуға шақырамыз. Үміт, сенім, иман – ұлттық күреске бел байлап кіріскен адамдар үшін аса қажетті қасиеттер» (*Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар. – 1999. – 2-т. – 520 б.*).

Болашаққа деген үміт, иман мен сенім, адамгершілік пен ғылыми-техникалық жетістіктерін біріктіре отырып, ел азаттығына қол жеткіземіз деп санаған оның ізденістерінде түркі мұсылман халықтарының бірлігі маңызды орын алады. Қайраткер үшін сын сағатта иманды күшейтіп, сенімді нығайтып, өркениетті білім мен ғылымды ұштастырып, елді өрелі биікке жеткізу маңызды мәселе болды. Ол 1929-1939 жылдары жарық көріп тұрған «Яш Түркістан» газетінде Түркістан

өлкесінде және әлемде болып жатқан саяси, мәдени, экономикалық мәселелерге қатысты өз ой-пікірлерін жазып отырды. Ол түркі халықтарының бір-бірімен әсерлесу мүмкіндігін және олардың бірегейлігін дамыту қажеттігіне назар аударды. Түркістан идеясы тілдес, діндес халықтардың бірлігі мен бірегейлігін сақтап, ортақ тағдырын негіздей отырып, дамытуды көздеді.

М. Шоқай халықтың ұлттық санасын ояту үшін діни мәдениетке көңіл аудару керектігі туралы: «Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни, жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын тұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктеледі деп көрсетеді» (Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1998. – 2-т. – 512 б.).

Қайраткер түркі тілдес халықтардың ортақ құндылықтарының төңірегінде ұлттарды топтастыру және түркістандықтарды азаматтық бірегейлендіру арқылы ішкі тұтастыққа біріктіру жолымен ұлттық санаға қол жеткізу, халықты біріктіруде зиялыларға маңызды міндет жүктеледі. Мұстафа Шоқайдың ұлттық сананы қалыптастыруға қатысты ой пікірлері бүгінгі күнде де өзекті. Ұлттық деңгейде ойлайтын бәсекеге қабілетті интеллектуалды ұлт қалыптастыру, индустриялық-инновациялық өркендеу жолына түсу мемлекетіміздің болашағына деген сенімінен туындап отыр. Қазіргі таңда ділді, дінді, тілді сақтап дамыту арқылы еліміздегі басқа ұлыстарды ұлтымыздың тілі мен ділі, мәдениеті негізінде топтастыру мен бірігейлендіру маңызды болып отыр.

1931 жылы жазылған «Жапонияда тұратын мұсылмандар және Токиодағы Ислам махалласы» мақаласында мұсылмандардың Жапонияда тұратын жай-күйі, әлеуметтік жағдайы баяндалады. М. Шоқай – ұлттардың теңдігін жақтаған ойшыл. «Жалпы мінез-құлықтың және пәлсапалық тұрғыдан жақсы немесе жаман халық жоқ әрі болмайды да. Күллі ұлттар бұл жөнінен тең» (Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1998. – 2-т. -28 б.) – деп ұлттар мен ұлыстарды жақсы немесе жаман деп болмайтындығын атап көрсетеді. Құранда: «Расында, бұл үмметтерін – біртұтас үммет және Мен – Раббыларыңмын. Маған құлшылық етіндер» (Әл-Әнбия, 92) – делінген. Ислам діні ұлтшылдық пен нәсілшілдікке жол бермейді. Ислам ұлтшылдықты, бір ұлттың өзге ұлттан артықшылығын жоққа шығарады. Қазіргі таңда кейбір елдерде орын алып отырған исламофобиялық көріністер төзімсіздік пен білімсіздіктің салдары болып отыр.

Ислам діні адамдар арасындағы қарым-қатынастың өзара түсіністік пен сыйластыққа негізделетіндігін паш етеді. Түрік ғалымы Хайрани Алтынташ былай дейді: «Ислам асыл қасиеттерді ортаға қояды. Сонымен қатар, бүкіл адамзаттың бір қайнар көзден келгенін, адамдар түр, түс, жынысы жағынан бір-бірінен жоғары болмағандығын және де бір-біріне үлкен құрмет көрсету керектігін айтып, шынайы адамзат өлшемін ортаға қояды» (Хайрани Алтынташ. Ислам ахлағы және оның қайнар көздері // Қазіргі мұсылман философиясы. – Алматы: Жазушы, 2008. – 536 б.).

М.Шоқай халықтардың саяси және ұлттық санасының деңгейімен ғана ерекшеленетіндігін атап көрсетеді. Ол ұлттық сананы ояту үшін және заман

көшіне ілесуді көтерген жәдитшілер қозғалысы туралы былай дейді: «Жәдитшілер идеясы қысқа ғана уақыт ішінде халқымыздың қолдап-қуаттауына ие болды. Жәдитшілер заманға бағынып, діни және рухани негіздерге сүйеніп жазған мақала, өлеңдерінде халық ағарту мен әйелдер теңдігі мәселелерін ылғи да көтеріп отырды» (Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар. – 1999. – 2-т. – 58 б.). Мұстафа Шоқай мұсылман тектес халықтардың рухани өрлеуі мен бірлігін, экономикалық және әлеуметтік дамуын алға қойған, жәдитшілдік идеясының халық арасында танымал және жәдитшілердің беделінің зор болғанын осылайша көрсетеді.

Н. Нұртазина жәдитшілдік идеясы туралы: «Жәдитшілдік идеологиясының мәйегі исламды өрлету мен демократизациялау, модернизациялау басты идеясымен қатар, Ресей империясындағы мұсылман халықтарының ынтымағы мен рухани саяси бірлігі идеясы болды» (Нуртазина Н.Д. Народы Туркестана: Проблемы Ислама, интеграции, модернизации и деколонизации (на рубеже XIX-XX веков). – Алматы: Қазақ университеті, 2008. - 166 с.) – деп, жәдитшілдіктің мұсылман ұлттарының басын біріктіру мәселесін көтергендігін айтады.

Мұстафа Шоқай патшалық Ресейдің жүргізіп отырған Түркістан өлкесін діни және мәдени тұрғыдан отарлау саясатын айыптайды: «Асылында, халық арасына тек дін таратушы ғана емес жат мәдениет таратушылар да миссионерлер болып саналады» (Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1998. – 2-т. - 487 б.).

Қазіргі кезде еліміздегі діни жағдайға шет елдік миссионерлердің қызметі де өз ықпалын тигізуде.

Қазақстан халқының діни төзімділігін және кешегі атеистік идеологияның салдарынан туындаған діни сауатының төмендігін пайдаланған шет елдік миссионерлік орталықтардан қаржыландырылатын миссионерлер түрлі айла-шаралармен жат діни нанымдарды таратуда. «Көптеген уағызшылар, әсіресе, жаңа конфессия уағызшылары адамдарды роботқа айналдыру әдістемесін игерген және психикалық әсер етудің түрлі әдістерін пайдалануда. Бұған мектеп оқушылары, жастар да қарсы тұра алмайды» (*Куандыков Е. Деятельность зарубежных миссионеров в Казахстане. // Пути достижения межконфессионального согласия: материалы республиканской научно-практической конференции. – Оқжетпес, 1999. – С. 33.*)

Қазақ және түркі халықтарының мақтанышына айналған Мағжан Жұмабаев өз шығармаларында ұлттық және діни құндылықтарды ардақтауға үндейді. «Қорқыт», «Батыр Баян», «Жүсін хан», «Пайғамбар», «Түркістан», «Дін үйреткенге», «Мешіт һәм абакты», «Мағарри сөздер» және т.б. туындыларында ақын Ислам құндылықтарын жырлай отырып, кейбір молдалардың шариғатқа қарсы іс-әрекеттерін сынға алады.

Риялы ораза, намазбен.

Өзіңді өзің алдама!

Әдепті болсан онан да,

Көп жақынсың Аллаһқа

(*Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2002. - 256 б.*)

Ақын намаз, ораза парыздарын шын ниетпен орындауға шақырады. Ислам дінінде рия (көз бояушылық) ең ұнамсыз әрекет болып саналады. Көз бояушылық белгілі бір пайда үшін жасалатын

жағымсыз іс-әрекет болып табылады. Аллаһқа ғибадат етуде рия жасау ең жиіркенішті амал. Құранда: «Ей, иман келтіргендер! Аллаһқа, ақырет күніне сенбей, адамдарға көрсету үшін мал сарып қылған кісідей садақаларыңды міндет қылу, ренжітумен жоймандар. Міне соның мысалы: үстінде топырағы бар тас сияқты, оған қатты нөсер жауса топырағын шайып, тас күйінде қалдырады. Олардың еңбектері еш болады. Аллаһ қарсы болған елді тура жолға салмайды» (Бақара, 264) делінген. Қазіргі кезде дінді ұстануды сәнге айналдырып, ораза, намаз оқығандығын елге жария етіп жүретін адамдар да кездеседі. Хадистерде: «Кімде-кім естілсін деп бір іс істесе, Аллаһ оның қадірін түсіреді. Кімде-кім көз бояушылықпен амал етсе, Аллаһ та оның көз бояушылық жасағандығын және қадірсіздігін әшкере етеді», «Әлбетте, сіздер үшін ең қатты қорқатын нәрсем кіші ширк, яғни, рия» – делінген.

Қоғам қайраткері, жері мен діні, әдет-ғұрып мәселесін көтерген Алаш зиялысы Барлыбек Сыртанов халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан ғұрыптық жүйесі мен әдеттік құқығын заман үрдісіне сай қолдануды ұсынды. Б.Сыртанов «Ынтымакерезесінде» дәулетті адамдардың кедейлерге, жоқ-жітіктерге, медреселерге зекет және қайыр-садақа беру міндеттілігін енгізу қажеттігін ұсынған. Б.Сыртанов халыққа Ислам дінінің парыздарын орындауды міндет санайды. Осы арқылы халықты имандылыққа тәрбиелеу мәселесін көтерді. Діни парыздарын орындамағандар үшін он сом айып пұл салуды бекітуді ұсынған оның тұжырымдары зайырлылық қағидатына қарсы келеді. Дінді ұстану не ұстанбау әрбір адамның жеке ісі және құқығы болып табылады. Дін – адамдарды адамгершілікке,

тәрбиелілікке, төзімділікке тәрбиелеуші рухани негіз екендігі даусыз. Түрік дінтанушысы Осман Қарабиық, былай дейді: «Дін – адамдарды мәңгілік бақытқа қауыштыру үшін Аллаһ тарапынан көрсетілген жол» (Осман Қарабиық. *Ислам діні*. – Алматы: «Euro Print», 2008. - 7 б.).

Алаш зиялысы, жазушы, аудармашы Жүсіпбек Аймауытов «Сарыарқа» газетінің де, «Абай» журналының да қызметіне белсене араласты. Оның «Қартқожа», «Ақбілек» романдарында, «Күнекейдің жазығы» повесінде қазақ қоғамының өмірі және ұлттық мінез-құлық, әдет-ғұрып, көркем философиялық және психологиялық тұрғыдан талданады. Жүсіпбек Аймауытовтың «Алаш ұраны» атты өлеңінде:

Ұраным, қорғаным сен, Алаш!

Жолыңа құрмалдық мал мен бас!

Өнер тап, өрге шап, қару ап,

Аллалап алға бас, ал, Алаш!

(Алаш. *Алашорда. Энциклопедия / Құрас.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова*. – Алматы: «Арыс», 2009. – 544 б.).

Алаш мұраты мен тәуелсіздігі жолында күресуге және өркендеуге шақырады. Ж. Аймауытов саналы өмірін елінің бақыты үшін сарп еткен, халқын ояту үшін күрескен ұлттың болашағы жолындағы өмірлік іс-тәжірибесін ізбасарларымен бөліскен, елдің елдігін сақтауды мақсат еткен ойшыл. Халқын ұлттық және діни құндылықтарына берік болуға үндей отырып, тарихи сана негізін жаңғыртып, рухты биіктетуді мақсат тұтқан.

1917 жылы 5-17 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен II Жалпықазақ съезінде жарияланған қазақ халқының ұлттық территориялық мемлекеттігі Алаш

автономиясы деп аталды. Алашорда ұлттық кеңесі құрылып, Алаш партиясының бағдарламасында дін, оқу мәселелері сынды он үш мәселе енгізіліп қарастырылды. Дін мен мемлекеттің бөлектігі (зайырлық), дербес мүфтилігі болуы, барлық діндер тең құқылы және дінді ұстану құқығы қамтамасыз етілді (*Алаш. Алашорда. Энциклопедия / Құрас.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: «Арыс», 2009. – 497 б.*).

Алаш қайраткерлері көтерген тәуелсіздік пен азаттық идеясы, халықты білім мен ғылымға тартуы, ұлт мүддесі мен руханиятына адалдығы мен жанашырлығы олардың шығармалары мен дүниетанымында айқындалды. Олар еліміздің мәдени-рухани дамуына, ұлт ынтымақтастығына қызмет етті. Алаш зиялылары қазақтың сөз уақыттағы тыныс-тіршілігі тарихи-қоғамдық, мәдени-рухани өмірін өз шығармаларында жан-жақты қарастырып, ұлттық болмыс-бітімді, ұлттық рухты айшықтады. Олар тіл мен діннің тұтастығын, діл мен рухтың беріктігін ұлттық ұйысудың кайнар көздерінің бірі ретінде діни құндылықтарға мән берді. Ұлттық және діни құндылықтарды шығармаларына арқау еткен Алаш зиялыларының мұраты бүгінгі тәуелсіз елімізде іске асып отыр.

Ислам құндылықтары жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және Ислам дінінің ұстанымдарынан дүниетанымдық, құндылықтық, тәрбиелік, өмірмәндік негіздері халқымыздың дәстүрлі мәдениетінде көрініс тапқан. Ислам діні бұл бейбітшілік пен төзімділік, гуманизм мен сұхбаттастық діні, Ислам құндылықтары қоғам

мен адам өмірінің барлық салаларын қамтитын өмір салттық ұстаным болып табылады.

Әрбір ұлт өзінің салт-санасына, ұлттық мәдениетінің ерекшеліктеріне сай Ислам құндылықтарын ұстанған, бұл ұлттық діл мен мінез-құлықтан, әдет-ғұрыптардан көрінеді. Тәубәшілдік, сабырлылық, ұстамдылық, ибалылық, имандылық сынды қасиеттер ұлттық болмысты айқындайды, Ислам құндылықтарының ұлттық ділдегі көрінісі.

Түркі ойшылдары исламның діни-этикалық құндылықтарын түркі халықтарына түркілік дүниетаным мен ділдік ерекшеліктеріне сәйкес жеткізе білген. Олардың шығармашылығында Құран құндылығы мен даналығы, білім мен ғылым, әдептілік пен әділеттілік, ізгілік пен мейірімділікті насихаттаған.

Фольклор үлгілері ұлттық дәстүріміздің және ойлау мәдениетіміздің қайнар көзі. Халық ауыз әдебиетінде қалыптасқан рухани құндылықтардың мәні мен маңызы зор. Ауыз әдебиетінде айшықталған Ислам құндылықтары халқымыздың ғасырлар бойы танымдық-тағлымдық, ахлақтық үлгілері ретінде сабақтастықпен ұрпақтан-ұрпаққа берілген.

Ақын-жыраулардың шығармашылығы Ислам дінінің парыздары, иман шарттары мен құндылықтарын поэзия үлгісімен жырлаған діни ахлақтық және тағылымдық, тәрбиелік бағыттағы қазына. Олардың мұрасында бұл өмірдің мәні тұлға аралық қарым-қатынастағы ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, әділеттілік, имандылық, достық сынды қасиеттердің маңызына көңіл аударып, исламды өмірлік ұстанымға және ұлттық дәстүрге бейімдеген.

Қазақ ағартушылары халқын заман көшіне ілесуге және өркениетті елдермен тең болуға, өнер-білім үйренуге, отарлықтан азат болуға және рухани еркіндікке шақырған. Олардың ізденістерінің бір негізі Ислам діні мен оның құндылықтары болған.

Алаш зиялылары діннің тәлімдік, рухани негізіне мән бере отырып, Ислам діні мен құндылықтарын ұлт руханияты мен қоғам имандылығының өнегелілік үлгісі ретінде ұсынған.

Өзіндік бақылау сұрақтары:

1. Алаш зиялыларының мұрасы және ұлттық руханият.
2. Алаш зиялылары және Ислам мәдениеті.
3. Әлихан Бөкейхановтың діни мәдениет туралы ойлары.
4. Ахмет Байтұрсынұлы және ұлттық рухани тағылым.
5. Міржакып Дулатовтың исламият жөніндегі ойлары.
6. Мағжан Жұмабаевтың мұрасындағы көркем мінезділік туралы ойлар.



Семинарлық сабақтардың тақырыптары

1. Қазақстандағы дәстүрлі Ислам мәдениетінің құндылықтары.
2. Қазақ мәдениетіндегі діни ұғымдар мен түсініктер.
3. Ортағасырлық түркі ойшылдарының діни ізденістері.
4. Дәстүрлі қазақ дүниетанымындағы дүниесуреттемесі.
5. Қазақ ақын-жыраулары мұрасындағы дін және дәстүр.
6. Ақын-жыраулар шығармаларындағы дін және діни философия.
7. Қазақ ағартушылығы және Ислам мәдениеті.
8. Діни ағартушылардың дүниетанымдық ізденістері.
9. Абайдың діни-философиялық ізденістері.
10. Шәкәрім дүниетанымындағы дін мен руханият мәселелері.
11. Мәшһүр Жүсіп мұрасы және Ислам философиясы.
12. Алаш зиялыларының шығармаларындағы ел тағдыры, дін, саясат мәселелері.
13. Қазақ руханиятындағы дәстүрлі Ислам құндылықтары.
14. Ұлттық және діни құндылықтар арақатынасы
15. Дін және мәдениет ұғымдары мен мәні

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Абай. Қара сөздер. – Алматы: Ел, 2009.
2. Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006.
3. Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
4. Молдабеков Ж. Қазақтану және жаңару философиясы. - Алматы: Қазақ университеті, 2009.
5. Кенжебайұлы Бейсембай. Түрік қағанатынан бүгінгі күнге дейін. – Алматы: Асем-Систем, 2010.

Қосымша:

1. Нуртазина Н.Д. Народы Туркестана: Проблемы Ислама, интеграции, модернизации и деколонизации (на рубеже XIX-XX веков). – Алматы: Қазақ университеті, 2008. - 166 с.
2. Асыл дін және ұлт зиялылары. Алматы, 2009.
3. А. Әділбаев, Ш. Әділбаева. Әбу Ханифа және ханафи мәзһабы. Алматы, 2011.
4. Әбсаттар кажы Дербісәлі. Қазақстанның мешіттері мен медреселері. Алматы, 2009.
5. Ғ. Есім. Қазақ философиясының тарихы. Алматы, 2006.
6. А. Қасабек, Ж. Алтаев. Қазақ философиясы. Алматы, 2007.
7. У. Қалижанұлы. Қазақ әдебиетіндегі діни –ағартушылық ағым. А, 1998.

Мазмұны

Кіріспе	3
Түркі ойшылдарының мұрасындағы Ислам құндылықтары	7
Ақын-жыраулар мұрасындағы имани-рухани негіздер	44
Қазак ағартушыларының діни ізденістері	70
Қазак зиялылары және Ислам құндылықтары	148
Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:	189

ҚАЗАҚ ОЙШЫЛДАРЫ ДІН ТУРАЛЫ

Еліміздегі діни қайта өрлеу рухани мәдениеттің имани нәрі мен өмірлік қуатына деген сенімінен туындап отыр. Қазақ халқының рухани мұрасындағы халық ауыз әдебиеті үлгілерін, әдет-ғұрыптарды, сондай-ақ ұлы ойшылдарымыздың мұраларының діни негіздерін танып білу өзіміздің ділімізге негізделген және тарихымызда таңбаланған рухани ұстанымдар мен құндылықтар өмірдің нақты шындығы негізінде туындаған. Сондықтан да, ұлттық өмір-салтымызды, әдет-ғұрпымызды, салтымызды, дәстүрлі діни мәдениетімізді және мұрамызды жүйелі де толыққанды зерделеу уақыт талабы.

